



АБАЙ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ



ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

“Жас ғалымдар” сериясы
Серия “Молодые ученые”
№1, 2013 ж.

Алматы, 2013

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ХАБАРШЫ

Ғылыми журнал

**«Жас ғалым. Ізденістер. Мәселелер.
Зерттеулер» сериясы
№ 1, 2014**

Шығару жиілігі – жылына 4 рет.
2001 жылдан бастап шығады.

Бас редактор

Филол. ғыл. кан., аға оқытушы **С.А.Жиренов**

Бас редактордың орынбасары

Тарих. ғыл. док., проф **Д.А.Аманжолова** (Ресей
Федерациясы)

Редакция алқасы

Заң ғыл. док., доцент **А.А.Сабитова**

Пед. ғыл. док., проф **З.А.Мовкебаева**

Филол. ғыл. док., доцент **С.М.Алтыбаева**

Филол. ғыл. док., доцент **А.О.Тымболова**

Биология ғыл. док., проф **Б.Н.Мыңбаева**

Ф.-м. ғыл. кан **Б.Г.Бостанов**

Филол. ғыл. кан **Г.К.Бекқожанова**

Пед. ғыл. кан., аға оқытушы **А.С.Сманова**

Тарих ғыл. кан., доцент **С.Қ.Шілдебай**

Ф.-м. ғыл. кан., аға оқытушы **Г.Тюлепбердинова**

Хим. ғыл. кан., аға оқытушы **Ж.Қ.Қорғанбаева**

Пед. ғыл. кан., аға оқытушы **А.И.Ибрагимов**

PhD доктор **Д.М.Насиров**

Заң ғыл. док., проф **С.А.Балашенко**
(Беларуссия, БелМУ)

PhD доктор **М.Д.Кенжегалиева** (Гермения,
Universitat Leipzig)

PhD доктор, қауымдастырылған профессор
Zoltan GAL (Венгрия, Universitat of Pecs)

PhD доктор **Б.Исаков** (Қырғызстан)

Жауапты хатшы

PhD доктор **Р.М. Ашимова**

© Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті, 2014

Қазақстан Республикасының мәдениет және
ақпарат министрлігінде 2009 жылы мамырдың 8-

**Казахский Национальный педагогический
университет имени Абая**

ВЕСТНИК

Научный журнал

Серия «Молодой ученый. Поиски. Проблемы.
Исследования»
№ 1, 2014

Периодичность – 4 номера в год. Выходит с
2001.

Главный редактор

Кан. филол. наук., ст. преподаватель

С.А.Жиренов

Заместитель главного редактора

Док. ист. наук., проф **Д.А.Аманжолова**
(Российская Федерация)

Редакционная коллегия

Док. ю. наук., доцент **А.А.Сабитова**

Док. пед. наук., проф **З.А.Мовкебаева**

Док. филол. наук., доцент **С.М.Алтыбаева**

Док. филол. наук., доцент **А.О.Тымболова**

Док. биол. наук., проф **Б.Н.Мыңбаева**

Кан. ф.-м. наук **Б.Г.Бостанов**

Кан. филол. наук **Г.К.Бекқожанова**

Кан. пед. наук., ст. преподаватель

А.С.Сманова

Кан. ист. наук., доцент **С.Қ.Шілдебай**

Кан. ф.-м. наук., ст. преподаватель

Г.Тюлепбердинова

Кан. х. н., ст. преподаватель **Ж.Қ.Қорғанбаева**

Кан. пед. н., ст. преподаватель **А.И.Ибрагимов**

PhD доктор **Д.М.Насиров**

Док. ю. наук., проф **С.А.Балашенко**
(Беларуссия, БелГУ)

PhD доктор **М.Д.Кенжегалиева** (Гермения,
Universitat Leipzig)

PhD доктор, ассоциированный профессор
Zoltan GAL (Венгрия, Universitat of Pecs)

PhD доктор **Б.Исаков** (Қырғызстан)

Ответственные секретарь

PhD доктор **Р.М. Ашимова**

© Казахский национальный педагогический
университет имени Абая, 2014

Зарегистрировано в Министерстве культуры и
информации РК 8 мая 2009 г. № 10108-Ж.

де тіркелген №10108-Ж. Басуға 20.04.2014 қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16. Кітап-журнал қағазы. Көлемі 5,2 б.т. Таралымы 300 дана. Тапсырыс 432. Тікелей репродукциялық әдіспен басылады. 050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13. Абай атындағы ҚазҰПУ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Ұлағат» баспасы	Подписано печать 20.04.2014 Бумага книжно-журнальная. Формат 60x84 1/16. Тираж 300 экз. заказ 432. Печатается прямым репродуктивным способом. 050010, г. Алматы, пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая Издательство «Ұлағат» Казахского национального педагогического университета имени Абая
--	--

М а з м ұ н ы
С о д е р ж а н и е
ҚОҒАМДЫҚ ҒЫЛЫМДАР МӘСЕЛЕСІ
ВОПРОСЫ ОБЩЕСТВЕННЫХ НАУК

Амиржанова Н.С. Проблемы языковой культуры в современном интернет пространстве.....	6
Әмірбекова А.Б. Дипломатиялық тілдің тарихы мен даму үдерісі.....	13
Жабағиева Г.З., Сансызбай Э.Б. Кәсіби қазақ тілінен базалық түсінік қалыптастыратын терминдердің құрылымдық-жүйелік сипаты.....	19
Садвакасова Ж.К. Современные тенденции в развитии науки и образования: казахстан и мировая практика.....	26
Курманалиев Н.Р. Модель развития управленческой компетентности курсантов военного вуза.....	34
Мырзияров С.Ж. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі туыстық атауларды аудару ерекшеліктері.....	40
Акимбаева Ғ.Т. Жастар қарым-қатынас мәдениетін дамытудың дәстүрлі жолдары.....	45
Дукенова А.Д. Компьютерная терминология.....	53
Лайық К.А. Ауызша сөйлеудің орфоэпиялық нормалары.....	59
Тұрсынбай.Н.А. Қазақстандағы діндер мен діни бірлестіктердің қалыптасуы мен дамуының кейбір қырлары.....	63
Тезекбаева М.Қ. Суретші әбілхан қастеевтің естеліктердегі бейнесі.....	68
Ұларбек Ш. Қытай мен қазақ елінің әдеби байланыстары.....	77
Нұрғазиев Т. М. Шахановтың тілдік тұлғасы.....	86

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ МӘСЕЛЕСІ
ВОПРОСЫ ЕСТЕСТВЕННЫХ НАУК

Тюлепбердинова Г.А. Вывод дискретного аналога сопряженного оператора для обратной задачи акустики.....	96
Ғаббасова Ж.Т., Шармұханбет С.Р. Жаңа ақпараттық технология көздері – болашақ информатика мамандарын даярлаудың кепілі.....	104
Абишева А.Ж. Жоғарғы оқу орындарындағы информатика пәнінде рекурсияға байланысты есептер.....	106
Жакупова Д.С. Особенности развития мелкой моторики рук детей с нарушением опорно-двигательного аппарата.....	110
Чувашев Ю.Ю. Проблемы включения детей с аутистическим спектром развития в образование.....	121
Кудабаева Э.Б. Мектеп информатикасының бейінді курсына үш өлшемді графикалық редакторды оқытудың мазмұны.....	129

ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ ҒЫЛЫМЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ
ВОПРОСЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ

Байгутов К.А. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында ұлттық сәулет мектептерін қалыптастырудың бүгінгі жағдайы.....	135
--	-----

Наурызбай Нұр	Жоғары көркем білім беру оқу орындарында сызу пәнін оқыту әдістемесі мен теориясының өзекті мәселелері.....	140
Альбекова Г.Ж.	Заикание как сложное структурное речевое расстройство.....	146
Бидайбекова Г.М.	Интеграцияланған білім негізінде болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту жолдары мен әдіс-тәсілдері.....	152
Құрмашева Р.Ж.	Мектеп жасына дейінгі мүмкіндігі шектеулі балалардың ауызша сөйлеу тілін дамытудағы дидактикалық ойынның маңызы.....	157
Салтаков Д.Т.	Психикалық дамуы тежелген балалардың өзін-өзі бағалауын ойындар мен жаттығулар арқылы дамыту.....	161
БІЗДІҢ АВТОРЛАР. НАШИ АВТОРЫ.....		162

ҚОҒАМДЫҚ ҒЫЛЫМДАР МӘСЕЛЕСІ ВОПРОСЫ ОБЩЕСТВЕННЫХ НАУК

УДК 81'44

ПРОБЛЕМЫ ЯЗЫКОВОЙ КУЛЬТУРЫ В СОВРЕМЕННОМ ИНТЕРНЕТ ПРОСТРАНСТВЕ

*Амиржанова Назира Сериковна - Старший преподаватель, к.ф.н.,
КазНПУ им Абая
(Алматы, Казахстан)*

Аңдатпа. Бүгінгі күні миллиондаған қазақ тілді ақпарат алмасушылардың сұранысын қанағаттандырып отырған қазақ интернеті жыл өткен сайын қоғамдық сұранысқа жауап беретін түрлі сипатты сайттармен толығып отыр. Қазақ интернеті ұлттың зияткерлік әлеуетін көтеруге, мемлекеттік тілдің өрісін кеңейтуге, алыс және жақын шетелдердегі қандастарымызға ортақ ақпарат жүйесінде байланыс жасауда зор мүмкіндік туғызып отырғаны қуантады. Алайда аталған ақпарат кеңістігін қолданушылардың қарым-қатынас кезінде тіліміздегі орфографиялық ережелер жүйесін сақтамай, орфоэпиялық заңдылықтар бойынша немесе төл графемаларды (з, ң, қ, ұ) орыс графикасындағы таңбалармен алмастырып таңбалау үрдісіне бой алдырып бара жатқаны қынжылтады. Бұл үрдіс интернет қолданушылардың тілдік санасындағы «дұрыс графикалық портретті» бұзып, «бұрыс графикалық портреттің» орнығуына ықпал ететіні белгілі. Сондықтан виртуалды әлемде қалыптасып жатқан жазба тілдің графикалық безендірілуіндегі әрқилылықты қазіргі таңда зерттеуді аса қажет ететін маңызды мәселе ретінде тануға болады. интернет ерекше коммуникативтік орта ретінде өзімен бірге қарым-қатынастың жаңа жүйесін, формасын, сондай-ақ түрлі тілдік және тілдік емес стереотиптерді қалыптастыру құралына, алаңына айналды.

Интернет мәдени құндылықтан басқа азаматтық сананы қалыптастыруда да үлкен рөл атқарады. Бүгінгі біз өмір сүріп отырған қоғам үшін қазақ тілінде, қазақ дүниетанымына лайық интернет тілін сауатты жүргізе білудің маңызы ерекше.

Жалпы интернеттегі қазақ тілді ресурстардың көлемі, сапасы және олардың тілдік безендірілуінің мәдениеті жоғары деп айта алмаймыз. Мұның себебі экстралингвистикалық және лингвистикалық факторлармен байланысты.

Кілт сөздер: тіл, графика, әліби, латын.

Аннотация. Появление Интернета дало толчок развитию новых информационных технологий в Казахстане. Сегодня миллионы казахстанцев

являются интернет-пользователями. Казахская интернет система способствует развитию интеллектуального потенциала нации, расширению сферы влияния государственного языка, установлению тесной связи с соотечественниками ближнего и дальнего зарубежья. Тем не менее пользователи данного информационного пространства не соблюдают орфографических правил казахского языка, нарушают орфоэпические закономерности или же меняют оригиналы графем (ғ, н, қ, ұ) на буквенные знаки русской графики. Этот процесс отрицательно влияет на языковое сознание интернет-пользователей. Поэтому, различные графические письменные оформления языка являются актуальной проблемой нашего исследования.

Интернет – это культура подачи информации и культура общения.

Сегодня вопрос об интернет языке и стиле стал актуальной проблемой исследования для ученых лингвистов. Так как, интернет как коммуникативная среда стала новым средством формирования формы, системы, языковых и не языковых стереотипов.

В целом объем ресурсов казахоязычного интернета невелика и качество языкового оформления желает лучшего. Причина кроется в экстралингвистических и лингвистических факторах. Во первых, нужно решить основные проблемы графики в казахском интернете. Чтобы решить данную проблему нужно систематизировать письменную графику и стандартизировать общую систему алфавита.

Ключевые слова: язык, графика, алфавит, латиница.

Abstract. Kazakh nation has not stayed externally from this process in world information space. At present time, the internet that satisfies the request of millions of Kazakh linguistic changers is increasing by different types of sites answer to the social request. It makes happy that Kazakh internet gives possibility in increasing intellectual potency of the nation, in increasing the area of state language, in informative system to distant and close native people in foreign countries. However, mentioned users of informative space do not keep the system of orthoepic rule of the language in connection, and it worries us that the users of the internet do not keep it and they change graphemes as (ғ, н, қ, ұ) with signs in Russian graphics. It is definite that this process influences on coming of "negative graphic portrait" instead of "positive graphic portrait" in linguistic consciousness of Internet users. Therefore, it can be known as an **actual** problem that needs investigation at present time differences in graphic decoration of written language forming in virtual world.

We cannot say that the volume of Kazakh linguistic resources, quality and the culture of linguistic decoration in Internet is not higher. The reason of this is the connection with extralinguistic and linguistic factors. First of all, the problems of graphics in Kazakh internet needs to find out a solution. The problem of graphics is one of the difficult problem which is going to be hard time by time.

Keywords: language, graphics, alfabet, Latin.

На сегодняшний день Интернет – это глобальная сеть, являющаяся не только средством передачи информации /сведений/, но и одним из важнейших средств, ориентирующий людей в мировом пространстве. Интенсивное развитие интернета влияет на ритм жизни.

Различные языковые явления и изменения, имеющие место в языке, в первую очередь, связаны с жизнью общества, социальной жизнью народа и отражаются в разговорной речи. Так как общение в соцсетях осуществляется с помощью языка, то нельзя не обратить внимание на тот факт, что все это напрямую связано с речевой коммуникацией. На это не могли не обратить внимание лингвисты и ученые института Языкознания. Специалисты, изучив сходства и различия, существующие в языке и устной разговорной речи и всесторонне исследовав проявление языковой культуры в письменной и устной речи в языке интернета, теперь, на этом фоне, рассматривают проблему «казахского языка в интернете».

Интернет играет огромную роль не только в формировании культурных ценностей, но и в воспитании гражданской сознательности молодежи. Для современного общества в настоящее время назрела необходимость грамотного ведения интернет языка на казахском языке в соответствии с культурой и менталитетом народа. В 60-80 годах не возможно было не только поднять вопрос о проблемах интернет языка и его стиле, но и установить хоть какие-то связи с интернетом. На сегодняшний день это является ключевой проблемой и привлекает внимание многих ученых-лингвистов. Интернет как особая коммуникативная среда, стал средством и площадкой для формирования новых систем и форм во взаимоотношениях, а также в установлении различных языковых и не языковых стереотипов.

Для того, чтобы сайты на государственном языке были конкурентноспособными необходима казахоязычная среда, свои читатели. В настоящее время мы не можем сказать, что интернет ресурсы казахских сайтов по объему, качеству и их языковому оформлению находятся на высоком уровне. Это связано с **экстралингвистическими** факторами.

Во-первых, это отсутствие необходимости. Чтобы появился спрос на казахоязычные сайты необходимо, чтобы казахский язык был востребован государством и обществом.

Во-вторых, это объясняется низким уровнем специалистов, владеющих казахским языком и компьютерными технологиями.

В-третьих, это дефицит денежных средств и другие причины.

В связи с этим назовем часто встречающиеся языковые проблемы. Прежде всего необходимо решить **проблему алфавита**. На некоторых веб-страницах отсутствуют (не открываются) специфические буквы казахского языка (қ, ғ, ң, ә, і, ү, ұ). Например, такие слова как «**ҚАЗАҚ** /казах/, **ҚАЗАҚСТАН/Казахстан**» пишутся «**?аза?, ?аза?тан** или **казак, Казакстан**».

Вместе с тем пользователи интернетом в большинстве случаев при написании текстов на казахском языке казахские буквы заменяют русскими

буквами или же используют латинский алфавит (особенно в агенте). Чтобы решить эту проблему, необходимо систематизировать интернет графику, т.е. стандартизировать общий алфавит. Мы думаем, что необходимо воспользоваться казахским алфавитом 20-х годов. В связи с этим, старшие научные сотрудники института Языкознания Н.Уалиулы и А.Жунисбек предлагают «проект, созданный на основе дайекше (знак перед буквой слова в казахской реформированной письменности на основе арабской графики, указывающий на передний ряд гласных в слове) А. Байтурсынова». Названный проект очень эффективен и удобен для использования в интернете.

№	каз.	лат.	назв	№	каз.	лат.	назв
1	А а	A a	а	16	Ң ң	NHnh	ың
	Ә ә		ә	17	О о	O o	о
2	Б б	B b	бы		Ө ө		ө
3	Д д	D d	ды	18	П п	P p	пы
4	Е е	E e	е	19	Р р	R r	ыр
5	Ф ф	F f	фы	20	С с	S s	сы
6	Ғ ғ	GHgh	ғы	21	Ш ш	SHsh	шы
7	Г г	G g	gi	22	Т т	T t	ты
8	Ы ы	Y y	ы	23	Ұ ұ	U u	ұ
9	І і	I i	i		Ү ү		ү
10	Ж ж	ZHzh	жы	24	В в	V v	вы
11	Қ қ	Q q	қы	25	У у	W w	ұу
12	К к	K k	ki	26	Й й	J j	ый
13	Л л	L l	ыл	27	З з	Z z	зы
14	М м	M m	мы	28	...	H h	...
15	Н н	N n	ны	29	...	‘	Дайек ше

Алфавит состоит из 24 букв и 1 знака и создан на основе латино-английского стандарта. В алфавите отсутствуют диакретические знаки. Поэтому, проект предлагает алфавит на основе англо-латинского стандарта и этот алфавит удобен в применении в интернете, мобильных связях.

Для обозначения мягкости гласных звуков перед словом ставится знак (дайекше). Таким образом, знак, стоящий перед словами, в которых есть твердые буквы **а, о, ұ** указывает на то, что эти буквы читаются

соответственно как мягкие звуки **ә, ө, ү**. А перед словом, где встречается буква **е** знак (дайекше) не ставится.

Специфические согласные казахского языка будут передаваться диграфами (сочетанием двух букв, произносимое как один). Для этого в большинстве случаев буквы будут сочетаться со знаком **h**, имеющее нейтральное значение: *g – gh; n – nh; sh – sh*. В этом случае использовались 23 графемы, 1 знак (дайекше), 1 нейтральный знак (**h**). Однако, мы считаем, что необходимо ввести некоторые изменения в проект. Чтобы облегчить чтение и в связи с принципом системного подхода мы предлагаем изменить форму некоторых знаков, встречающихся в проекте. Так, например, согласный звук **қ** в соответствии с принципом системного подхода передавать сочетанием букв **kh** (**ZHzh –ж, GHgh- ғ, NH nh – н, SHsh- ш**) (**Qazaqstan – Khazakhstan**), а для обозначения звука **і** не нужен специальный знак, просто перед твердым **ы** нужно поставить знак, обозначающий мягкость (дәйекше). Тогда не нарушится принцип системности.

Одним из ощутимых проблем казахского интернета является низкий уровень языковой культуры, культуры речи. В связи с этим в веб-текстах встречаются ничем немотивированные отклонения от нормы. Например, 1. **Стилистические ошибки:** *Ұлы Абай өмір қоршаған дүние табиғат болмыс сыры олардың заңдылықтары көп ойландырған, ол дүние сырына бойлап, өзін мазалаған сауалдарға жауап табуға тырысқан. Нарығы еңбек және тұрғындарды жұмыспен қамтудың мемлекеттік саясаты;* 2. **Орфографические ошибки:** *Жалпы жұмыссыздықтың пайда болу теориялары; Ордада ханның қасында әр уақытта ақылшы жыраулар болған. Жыраулар халық поэзиясын жасаған ақылгөй даналар. Сондай-ақ, куурд (29,1%-ға), дүнген (23,3%-ға), уйғыр 15,9%-ға), өзбек (12%-ға) халықтарының саны да өсті. 1944 ж. ақпанда Қазақстан аумағына чечендер жер аударылды, ал наурыз айында Қазақстанның оңт. аймағына және Қырғызияға балқарлар әкелінді. Халқымның асыл қазнасы қазақ халқының дәстөрлы ыңйпагерлігі. Жас қазақтың интернеттегі сайты бар маекен.* И таких примеров можно привести очень и очень много.

В тоже время в интернете часто встречаются и мотивированные отклонения от нормы. Часто используются структуры близкие к разговорной речи, можно увидеть слова, где изменены формы слов. Например, *жігіттерчиктер қалайсындар? Танысайых!*

- опускаются личные окончания: *отырм* вместо *отырмын*, *ұйктайм* вместо *ұйықтаймын*, *билмейм* вместо *білмеймін* и др.

- в часто встречающихся словах или в словах, значения которых известны и понятны всем, часто опускаются гласные звуки: *кдрп – қыдырып*, *мысық – мсқ* и др.

- сокращаются слова: *раха – рахмет*, *см – сәлем*, *сб сау бол* и др.

- к иностранным словам добавляются окончания казахского языка: *каксын? (гибрит сөздер жасау тәсілі), маган Плизбен (please) сойлессейши, дуралар* и др.

- пишут, сохраняя только орфоэпические нормы слов: *не істеватсын*

(не жасап жатырсың?), дийұана (диуана), барат, келет, бошы (болиши), боп жатыр (болип жатыр), кеп жатыр (келіп жатыр), өтө-мөте (өте-мөте), өтүрікші, жарайма (жарайды ма?) и др.

Нельзя не отметить и явные нарушения орфографических правил, которые допускают участники соцсетей в ходе общения. Многие неправильно пишут слова, «как читается слово, так и пишут», а точнее, при письме в большинстве случаев опираются на принципы фонетики. Например, **Ұмұтып** кеттиптин. Кешириши; **Дүниөге** келген күнин кашан еди???????????? и др.

В электронной почте часто встречаются жаргоны, диалектизмы, варваризмы, являющиеся главными элементами разговорной речи, вследствие неподготовленности, спонтанности речи. В вышеуказанном тексте- полилоге часто используются жаргоны *типа*, *мамбет* (отсталый человек), *гламурно* (модный). Варваризмы в больших количествах встречаются в названиях объектов в языке интернета, в области шоу-бизнеса, рекламы и услуг. Например, *Ислам дінінде воооообще жок ко!; Ол супермен гой!. Гламурно все таки, ия. Мен саган звооондаган едим жоксин гой. Конешно мен ренжимин саган. Ойланышы осыган. Дурыстап.*

Часто встречается явление редукции, являющийся основным элементом разговорной речи. Например, *Bargo kazir ol joiip bara jatir; tipa jyldyzdargo ☺; Мейрамбек аганын али де ауырып жирген кези го деймин ???* Здесь слово *бар гой* дано в сокращенном виде *барго*. По этим примерам можно заметить, что разговорный язык и язык интернета близки.

Последние орфографические искажения слов в интернет сообщениях называют «языком албан», «креатифф», «эрративный язык», «язык аффов», «язык падонкафов», «языком превед», «языком неографов», «языком ОРФО-арт». Они образовали особый вид сетевых сленгов и заняли свое место в лексическом ряду языка. Каждое использованное слово или реплика называется **эрратив** (с лат. языка *errare* – ошибаться, т.е. слова или реплики, которые специально искажаются и делаются ошибки людьми, которые обычно соблюдают литературные нормы).

Эрративы, встречающиеся в языке можно разделить на два уровня. Эрративы первого уровня формируют устную разговорную форму, но искажают нормы письменного языка. Эрративы второго уровня - это слова, реплики используемые на первом уровне, но сильно искаженные и труднопроизносимые. Например, «кросавчег», который совершенно не соответствует норме слова «красавчик». Так появляется эрратив «красафчек».

В свою очередь, если слова будут постоянно искажаться, то в языке сформируются непонятные человечеству, образованным, грамотным людям искаженные слова. Такой вид письма называется «падонки» и включаются в ряды «креатифф». Частое использование «креатиффов» не только интернет пользователями, но и распространение их в коммуникационном пространстве в целом, может привести к образованию «падонковской субкультуры».

Еще одним отличительным признаком, отличительной формой электронной коммуникации является наличие в больших количествах компьютерных сленгов. Кроме сленгов во время интернет общения часто используются грубые непристойные слова и неприличные афоризмы. Во время экспериментального опроса было выявлено, что 22 процента интернет пользователей никогда не используют неприличных слов, а 24 процента постоянно допускают такие фrivольности, но не в открытой форме, а заменив некоторые буквы символами. 63 процента респондентов, сидящих в соцсетях, считают использование циничных, непристойных слов «модой», «необходимостью», «без этого в интернете тебя никто не поймет».

Так как информация в электронных сетях передается в письменной форме, то письменный гипертекст, по техническим причинам, претерпевает различные изменения и в нем часто используется языковые единицы, свойственные разговорной речи. Таким образом письменная речь синтезируется.

В соцсетях эмоции, сокращения, языковые единицы передаются по-разному: применяются редукции, известные обоим коммуникантам обороты слов сокращаются, передаются в краткой форме. Из этого можно заключить, что язык интернета и устная речь взаимосвязаны. Мысалы, *мен барамын, сен барасын ба?*; **Ин-еттен** оқыдын ба?; **компь-пен** жұмыс істеп отырғанда..... В первом примере, слова, известные обоим коммуникантам сокращены. А во втором и в третьем случаях в отдельных словах использованы первый и последний слоги, а или же только первый слог.

И в заключение: в чатах и в агентах часто пишут, не учитывая лингвистические законы языка или же искажают слова. Это является не только показателем уровня владения языком языковой личностью, но и показателем его патриотизма, его уважение к языку. Если оставить все как есть, то в сознании подрастающего поколения может образоваться «правильный графический портрет» слова и «неправильный графический портрет» слова, что нанесет урон государственному языку и может привести к безграмотности. В связи с этим, мы считаем, чтобы сохранить и укрепить статус государственного языка, необходимо, чтобы средний класс и элита отнеслись с большой ответственностью к языковой культуре и культуре речи.

Резюме

Мақалада қазақ интернет кеңістігіндегі сөз мәдениеті проблемасы қарастырылады. Желі коммуникациясында сөз мәдениеті нормаларының бұзылу себептері көрсетіліп, интернеттегі тілдік жаңартпалар сөз болады.

ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ТІЛДІҢ ТАРИХЫ МЕН ДАМУ ҮДЕРІСІ

Әмірбекова А.Б. - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты (Қазақстан, Алматы)

Аннотация. На сегодняшней международной арене наблюдается тенденция усиления и укрепления влияния страны во всемирной политической и экономической жизни; этот факт отражается и на дипломатическом языке, который уже занял весьма значительное место в современном мире и стал общепризнанным средством международного общения. Владение официально-деловым языком с учетом социокультурного фактора является сегодня необходимым условием для плодотворного диалога дипломатов. Изучение языка дипломатии показывает, что проблема составления дипломатических документов разработана еще недостаточно и это негативно отражается на практической деятельности дипломатов, связанной с составлением дипломатических документов, и на практике преподавания. Малоизученность этой проблемы подтверждается, прежде всего, тем, что до сих пор вопрос о языке дипломатии в казахской научной традиции довольно четко не рассматривался. Цель статьи заключается в разработке и формировании у будущих дипломатов навыков и умения составлять дипломатические документы и объективного понимания казахской дипломатической речи. Наблюдения над особенностями речи в официально-деловой сфере позволяют сделать следующие выводы:

Необходимо учитывать национально-культурную специфику и соблюдать международные и национальные традиции в этикетном плане. Например, в дипломатической речи в официальных беседах, на пресс-конференциях требуется определенная торжественность и строгость.

Ключевые слова: Дипломатия, язык дипломатии, международное отношение, переговоры, языковой этикет, посол, договор.

Аңдатпа. Тіл әлемінің жаһандық үрдісте дамуы саясат, дипломатия, экономика салаларында еркін қарым-қатынас жасауға жол ашты. Осыған орай бүгінгі күні халықаралық қатынас тілін жетілдіру қажеттілігі туындады. Әлеуметтік-мәдени факторды ескере отырып, ресми-іскери тілді меңгеру дипломат сұхбатының нәтижелі болуының алғышарттары ретінде қалыптасып келеді. Дипломатиялық тілді игеру барысында осы күнге дейін дипломатиялық құжаттарды рәсімдеудегі бірізділік пен жүйеліліктің жоқ екенін аңғаруға болады. Сондықтан бұл мақала дипломатиялық құжаттардың рәсімделу тәртібі мен оны оқытудың жолдары, тәжірибесі туралы баяндайды. Әлемдік тіл білімінде дипломатия тілінің зерттелуіндегі тәжірибелер қазақ дипломатиялық тілін зерттеуде кеңінен қолданылмағаны байқалады. Ендігі кезде ұлттық төл тілімізді саяси-дипломатиялық байланыс жасау мақсатында

жетілдіруіміз керек. Тек бүгінгі күні қазақтың саяси-дипломатиялық тілін қоғам дамуына сай жетілдіріп, қолданысқа енгізу қажет. Мақаланың мақсаты болашақ дипломаттық іскери құжаттарды дұрыс рәсімдей алып, қазақ дипломатиялық сөйленісін нақты түсіне білу дағдысына бейімдеу. Дипломатиялық қызметтегі іскери-ресми құжаттардың орындалуын қадағалай келгенде мынадай қорытынды шығаруға болады: дипломатиялық қызметтері ұлттық-мәдени ерекшеліктер ескерілуі тиіс және ұлттық дәстүрлер этикет деңгейінде сақталуы керек. Сондай-ақ ресми сұхбат, баспасөз конференциясы кезіндегі дипломатиялық қатынаста қатандық пен салтанаттылық талап етіледі.

Тірек сөз: дипломатия, дипломатия тілі, халықаралық қатынас, келіссөздер, тілдік этикет, келісімшарт

Abstract. At today's international trend reinforce and strengthen the country's influence in the global political and economic life. This fact is reflected in the language of diplomacy, which has already taken a very important place in the modern world and became a recognized means of international communication. Possession of the official business language, taking into account socio-cultural factor is today a prerequisite for a fruitful dialogue diplomats. Learning the language of diplomacy shows that the problem compilation of diplomatic documents still insufficiently developed and this has a negative impact on the practice of diplomats associated with the preparation of diplomatic documents, and practice teaching. Byway of this problem is confirmed, especially those that still question the language of diplomacy in the Kazakh scientific tradition quite clearly not considered. The purpose of the paper is the development and shaping the future diplomats skills and ability to make diplomatic documents and objective understanding of the Kazakh diplomatic speech. Observations on the characteristics of speech in official business sphere to the following conclusions: Must take into account cultural identity and to comply with international and national traditions in terms of etiquette. For example, in a speech to the diplomatic official talks, press conferences, a certain solemnity and severity.

Keywords: Diplomacy, the language of diplomacy, international relations, negotiations, linguistic etiquette, ambassador, contract

Дипломатиялық тіл – халықаралық қатынастар мен актілерге арналған ресми тіл. Әрбір мемлекет дипломатиялық келіссөз барысында бір-бірімен өзінің мемлекеттік тілінде тілдесуге, қарым-қатынас жасауға құқылы. Бірақ дипломатиялық тіл тарихынан белгілі болғандай, ежелде сәтті, оңтайлы тілдік қатынас орната алмау себебінен, яғни екі мемлекеттің тілдерін өзара түсініспеу салдарынан мынадай дипломатиялық қарым-қатынастар да болғаны анықталды. Екі мемлекет үшін де тиімді болатын екі жақты келісімшарт жасалып, оған тілдеспестен үнсіз келісу – халықаралық қатынастың ең ұтымды жолы саналып отырған. Мәдениет, тіл, өркениет дамыған сайын, ауызша және жазбаша дипломатиялық келіссөздер қалыптаса бастады, тіпті олардың түрлі ресми қолданыстары туындады. Келіссөздер үнемі екіжақты бейбіт түсінісумен ғана емес, кейде түсініспеушілік

нәтижелері де орын алды. Осы түсініспеушіліктер себебі елшілер мен дипломаттардың коммуникативтік қарым-қатынасынан, яғни эмоциясы мен ұлттық тілдесу ерекшеліктерінен, сөйлесу этикасынан, сөйлеу мәдениеті мен өзін өзі ұстау, өзгені құрметтеу тәрбиесінен болып отырды. Негізгі миссияны жеткізу, екінші жақты ұтымдылыққа сендіру барысында тіл интонациясы мен екпіннің қарқыны, мәтіннің логикалық құрылымы, шешендік шеберлігі, киім этикасы мен ым-ишара мәдениеті, тіпті сәлемдесу, қоштасудың дипломатиялық салты, т.б. ресми рәсімдер халықаралық қарым-қатынас нығайған сайын өркендей түсті.

Көне грек, рим мемлекеттерінен бастау алған дипломатиялық қатынас 15-ғасырға дейін латын тілінде жүргізілді. 1748 жылдан бастап Ахенскийдің бейбітшілік келісімшарты француз тілінде жазылды. Осы кезден бастап бірқатар елдерде дипломатиялық тіл француз тілінде жүргізілді. Ал 1774 жылы Ресей мен Түрік мемлекеттерін арасындағы келісімшарт итальян тіліне аударылып дипломатиялық тіл ретінде қызмет етті. Нақтырақ айтсақ, түрік мемлекеті түрік тілінде ал Ресей мемлекеті орыс тілінде ұсынылған бұл келісімшарт итальян тіліне аударылып, негізгі ресми құжат ретінде соңғы итальян тіліндегі нұсқасымен расталды. Дипломатиялық тіл тарихында осы тәжірибеден кейін екі жақты мемлекет арасында келісілген үшінші (яғни ана тілдерінен тыс аударылатын) тілді негізгі ресми құжат ретінде тіркеу заңдылыққа айналды және сол тілдегі құжат түпнұсқа болып саналды.

Дипломатиялық тіл кәсіби тіл қатарына жатады және институционалды дискурс құрамындағы дипломатиялық дискурс аясында дамиды.

Дипломатиялық қатынас тіл арқылы жүзеге асырылатын болғандықтан оның ауызша және жазбаша орындалатын түрлері болады. Жазбаша дипломатиялық тіл – дипломатиялық хаттарды, келіссөздерді, келісімшарттарды, осы сияқты дипломатиялық ресми ісқағаздарынды рәсімдеу тілі. Дипломатиялық хаттардың мазмұны мемлекет басшысының, үкіметтің сыртқы саяси істерін басқаруға бағытталғандықтан осы істі жүзеге асыратын кәсіп иесі – дипломаттың тілдік формуласы түсінікті әрі нақты қабылданатын деңгейде құрылуы тиіс. Дипломатиялық тілге тән қағидалардың бірі – іскери сипаттағы әдеби тіл қолданысының қатаң сақталуы. Бірақ тым «құрғақ» болатын «мемлекеттік қағаздың» екі жақ үшін де мәні мен маңызын нақтылау үшін дипломат ауызша тілдесу барысында сендіру, келістіруге ұтымды табылған бейнелі сөздерді, эпитеттер мен метафораларды орынды, сәтті қолдануға шек қоймайды. Дегенмен, ресми тілдік формула мен бейнелі сөз қолданысының арасындағы тепе-теңдік сақталуы тиіс. Аса ресмилік қолданыс та, бейнелі тілдік сөйленіс те шектен шықпауы қажет.

Дипломатиялық құжаттарды рәсімдеу барысында екінші тарап болып саналатын мемлекеттің жергілікті ұлттық құндылықтарына назар аударып, сол серіктестің тарихи, этникалық, діни ерекшеліктерін ескеру талап етіледі. Бұндай жағдайда сол адресат-елдің дүниетанымынан туындайтын лингвомәдениеттанымдық қолданыстарын, мақал-мәтелдерін, тіпті әдеби

кейіпкерлерін білуге тура келеді. Дипломатиялық қарым-қатынас барысындағы полемикалық хаттарда, мәселен, ноталармен алмасу рәсімінде ирониялық екпін мен сарказм жиі қолданылады. Тіпті екі жақты келісілген саяси-дипломатиялық құжаттар эмфатиялық құрылымдар, жақсыз сөйлемдер, иландыру фразалары, лепті сөйлемдер, штамп, клише шеңберінен шыққан еркін әдеби тілдік қолданыстар, жауыр болмайтын сөздермен рәсімделіп жүргені рас. Дипломатиялық тілді зерттеуші ғалымдар алдағы уақытта саяси тілге осындай еркіндік керек деп тұжырымдайды. Керісінше, мәтіннің хабарланған формасы, оқырманды тыс жабырқау күйге түсірмейтін, яғни не ойға түйіп алатын, не жүрекке әсер ететін із қалдырмайтын жалаң тіл дипломатиялық тілдесуге керісінше кері әсерін тигізеді [1].

Дипломатиялық мәтін мазмұнында өз елін асыра мадақтау, ұлттық «державалық» тұғырын мақтан ету сипатты нота, жолдау немесе басқа да дипломатиялық құжаттар адресант елге жасалған ультиматум ретіндегі қарым-қатынас деп түсінілуі мүмкін. Сондай-ақ дипломатиялық тілдесімде «болуы міндетті», «болуы тиіс», «ешқашан болмайды», «қандай жағдай болса да болмайды» деген түбегейлі терістейтін сөз қолданыстарға жол берілмеуі тиіс. Дипломатиялық тіл мәдениетіне тән аталмыш қағидалар дипломаттар арасындағы тіл этикасын реттеп отыруға бағытталған нақыл сөздің бірі – «ешқашан да «ешқашан» деп айтпа» деген ұстаныммен сабақтасады. Ал егер елдің жетістіктерін айтып таныстыру міндетті болған жағдайда, жоғарыда аталғандай мүлде болмайтын немесе міндетті түрде болатын жағдаяттарды түсіндіру барысында дипломат мүмкіндігінше бейтарап мазмұн реңкінде, яғни ол тараптың да, бұл тараптың да мүддесіне нұқсан келтірмейтіндей тілдік сөйленіс пластикасын қолданып, шартты рай тұлғасында сөйлеу арқылы екі жаққа тиімді мүмкіндіктерді ұсынуға болады. Өзіне тиімсіз сәттерде қанатты сөздер мен астарлы нақыл сөздердің мағыналық күшімен түсіндіру дипломаттың қарым-қатынаста өз мүддесін қорға алу икемділігін байқалады. Екі тарап арасындағы қарым-қатынас келіспеушілікке бағыттала бастаған жағдайда дау-тартысқа ұластырмай, тілдің көмегі арқылы, сыйластық этикасы арқылы пікірталасты кейін жалғастыруға, ойлануға уақыт алуға немесе ымыра іздеуге талпыну талап етіледі.

Дипломатиялық тілде «каучукті» сөз қолданыстар маңызды рөл атқарады. Шебер дипломаттар осы әдісті қолданады. Мәселен, дипломат негізгі мәселені өз атымен атамай, турасынан келмей, серіктесін келісімшартта көрсетілген талаптарға-көндіру тәжірибесі «каучукті» сөзқолданысы арқылы жүзеге асырылады. Бұндай қолданыстардың пайдалы да зиянды да жақтары болады. Зиянды жағы көп жағдайда екінші тараптың заңдық білімінің, аялық білімінің төмендігін пайдалану арқылы немесе екінші тараптың сеніміне кәміл ену арқылы, дипломатиялық тілдесімнің психологиялық тактикасын пайдаланған жағдайда туындайды. Пайдалы жағы керісінше, екі тараптың арасындағы ауызбірлікті, тату қарым-қатынасты сақтап қалу мақсатында орындалады. Г.Никольсон «каучукті» фразалардың пайда жағын былайша түсіндіреді: Мысалы, екінші

мемлекеттің ықпалы бұл мемлекетте дау тудырған жағдайда осы мәселені шешуге бағытталған нотада немесе басқа да дипломатиялық хаттарда *«Жоғары мәртебелі бұл дау жөнінде алаңсыз алаңдап отыр, сондықтан....»* деп құрастырылған мәтіннің мазмұнында шешімді іске кіріскелі тұрған үкіметтің позициясы ашық көрініп қалады. Сондықтан бұл жерде дипломатиялық тілге қайшы келетін турасынан қорқыту, турасынан қауіп төндіру мағыналары байқалады. Бұлайша тілдік қарым-қатынас жасау дипломатиялық этиканы бұзады. Мемлекет арасындағы дипломатиялық тілде турасынан қауіп төндіру салдары үлкен қиындықтарға әкеліп соқтыруы мүмкін. Сондықтан дипломатиялық «каучукті» фразалар қолданылады. Бұл жағдайда *«Жоғары мәртебелі құқықтың қорғалуын сақтау дұрыс жол деп есептейді, сол себепті.....үкімет алдын алу жолында іс-шара жүргізеді»* деп құрастырылған мәтін дипломатиялық ауызбірлікті сақтауға лайықты, дипломатиялық тіл нормасына сай құрылған тілдік қолданыс деп саналады [2].

Әлемдік дипломатия тарихында жылдан жылға мемлекеттер арасындағы бәсекелестік дамыған сайын, дипломатиялық қызметке қойылатын талаптар да күшейе түсті. Тіпті Ежелгі Үндістанның «ману заңында» дипломатия соғысты болғызбауға, және бейбітшілікті нығайтуға негізделеді. Одақтас табу да, қақтығысты әкелу де, соғыстың шығуы да, бейбітшілікті сақтау да елшілерге қатысты деп жазылған. Сондай-ақ елші тағайындауда егде жастағы, зиялы, батыл, шешен, әділ, ісіне жаны ашитын, жақсы есте сақтау қабілетіне ие, білімді адам болу сияқты критерийлерге қарап, таңдау жасаған.

Ал америкалық Честер Боулз елшілерге қойылатын талаптардың күрделенуін дипломатиялық қызметтің дамуымен байланыста отырып былай деп жазады: «Елшінің жеке басының жарқындығы, жұбайының тартымдылығы, саяси болашағы, саралау қабілеті жоғары болуы тиіс».

Қазақ дипломатиясы тарихында қазақ хандығы құрылғаннан бастап Абылайхан дәуірі тұсында халықаралық келіссөздер хат арқылы жүзеге асқан. А.Р.Әліпбаевтың зерттеуі бойынша: «Ресми хаттар негізінен Қазақ хандығы мен Цинь империясының 1741-1828 жылдардағы қарым-қатынастары кезеңдерін қамтиды. Хаттар саны – 115-тен асады. Олардың 61-шағатай тілінде, 19- ойрат тілінде, 35 манжұр тілінде жазылыпты. Хаттар Цинь империясының басшысы – Боғда Еженханға, Іле мен Тарбағатай губернаторына арналған. Хат жазушылар – Абылай хан, Әбілмәмбет хан, Әбілфайыз, Бопы, Көгедей мырзалар болған. Хаттардың ресми мазмұны саяси, дипломатиялық қатынастары мен тараптар арасындағы сауда-саттық, шекаралық мәселелерді, азаматтық және қылмыстық істерді шешу тетіктерін қамтиды» [3, 116].

1731 жылы Ресей Сыртқы істер министрлігінің М.Тевкелев бастаған елшілігі Ырғыз өзенінің бойындағы Майтөбе деген жерде отырған Әбілқайырдың ордасына келіп, қазақ ұлысын Ресей құрамына алу туралы келіссөздер жүргізді.

Әбілқайыр 1731 жылы 10 қазанда Ресей империясының қарамағына кіргендігі жөнінде ант берді. Бұл антты 1738, 1740, 1742 жылдары қайталады.

Абылай хан осы тұста Шың империясымен де қарым-қатынасын суытпады. Ресей мен Қытай империялары арасындағы өзара қайшылықтарды қазақ хандығының мүддесіне тиімді пайдалана білді.

Кенесарының дипломатиялық істердегі ерекшелігі қажет ақпараттарды жеткізіп отыратын тыңшыларына да сүйенді, саяси күрес пен дипломатияның тиімді әдістерін қолданды.

Сонымен «қазақ дипломатиясының өзегі алғашқы Қазақ хандығын құрып, тәуелсіздік пен аумақтық тұтастықты сақтап қалу міндеті маңдайларына жазылған Керей мен жәнібектен басталып, Әбілқайыр, Абылай хандарға сабақтасатыны, одан бері де Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Арабиядағы елшісі болған Н.Төреқұлов сынды азаматтарымыздың есімімен өріліп, бүгінгі Қазақстанның жаңа тарихымен астасып жатыр» [3, 136].

Араб тілін арнайы оқымаса да, сол елде жүріп Арабия мемлекетінің тілін, саясаты, әлеуметтік жағдайын, мәдениеті мен тұрмыстық болмысын тез арада игеріп шығады. Екіжақты келісімшарт жасауда аудармашыдан бас тартатын. Себебі *«өйтпесем, бірдеңе айтсам, басқаша аударылады да, әңгіменің мазмұны айдалада қалады»*, деп аудармашыларға көңілі толмайтынын өз еңбектерінде жазған болатын.

Қазақстан дипломатиясының тарихында сауда-саттық келісімшартының өз елінің мүддесіне оңтайландырып шешкен алғашқы жазбаша дипломатиялық құжатты Н.Төреқұлов жүргізген болатын.

1930 жылдары Сауд Арабиясы мемлекетімен кеңестік мұнай өнімдерін сату туралы келіссөз жүргізіліп, бір жылдан кейін Н.Төреқұлов пен ханзада Фейсалдың қатысуымен 150 мың доллардың жана-жағар майын несиеге сату туралы шартқа қол қойылды.

Осылайша қазақ дипломатиялық қызметі қалыптасып, кейін Кеңес Одағының тәжірибесіне негізге алды. Бұл кезеңдегі халықаралық қатынас құжаттары қазіргі қазақ дипломатиялық тілінің негізгі қайнар көзі болып табылады. Сондықтан қазақ дипломатиялық тілі тәуелсіздікпен бірге жаңа қалыптасып келе жатқан дүние емес. Қазіргі таңда Қазақстандағы дипломатиялық құжаттарға қойылатын талаптар күрделенген.

Дипломатиялық құжаттар сыртқы істер ведомстволарын халықаралық қатынас орбитасына шығаратын ақырғы өнім ретінде түсініледі. Сондықтан осы құжаттарды рәсімдеуде, құжат тілінің нақты, түсінікті, айқын болуын қадағалауда дипломаттың тілдік шеберлігі, білімдік қоры маңызды рөл атқарады.

Дипломатиялық хатта қалай болғанда да елдің әлеуметтік-экономикалық деңгейіне, тіліне, мәдениетіне, этно-діни болмысына, саяси тәртібіне тән ерекшеліктер көрінеді. Дегенмен, дипломатиялық құжаттардың қалыптасу тарихынан бастау алатын оның негізгі талаптарының сақталуы қатаң ескеріледі.

Ең алдымен, дипломатиялық қызмет қандай құжат түріне тоқталғанын анықтап алады. Қызметке сәйкес дипломатиялық құжатты таңдау барысында сол қызметтің түріне, себебіне, мақсаты мен міндеттеріне лайықты құрылады және дәстүрлі хаттамалық тәжірибедегі дипломатиялық ісқағаздар нормасы сақталуы тиіс. Яғни жеке нота деп танылса, жеке нота нормасымен, вербалды нота болса вербалды нота нормасымен бара бар жауап беру талап етіледі.

Одан кейін құжат мәтінінде сөйлем құрылымынан сөзіне нық, мақсаты айқын дипломаттың идеологиясы көрінуі тиіс, мәтін мазмұнында күмән, күдік тудыратын, сұрақ тудыратын артық сөздер немесе ойы аяқталмаған, идеясы түсініксіз сөйлемдер болмауы керек. Сондықтан әрбір дипломатиялық құжаттың құрылымында болуға тиісті екі негізгі компонент: хаттамалық формула, яғни мағыналық ядро және дәйектеуші бөлік, яғни деректерді келтіріп дәлелдеу компоненттерін сақтаған дипломатиялық құжат сапалы болып шығады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Кузьмин Э. Протокол и этикет дипломатического и делового общения. Уганда 1996.
2. Никольсон Г. Дипломатия С.129-130.
3. Әліпбаев А.Р. Халықаралық келіссөздер. Алматы, 2012- 404 б.

Резюме

В статье рассматривается изучение языка дипломатии и методы формирования у будущих дипломатов навыков и умения составлять дипломатические документы и объективного понимания казахской дипломатической речи.

Summary

The article deals with the study of the language of diplomacy and methods of formation of future diplomatic skills and ability to make diplomatic documents and objective understanding of the Kazakh diplomatic speech

ӘОЖ 81'44

КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН БАЗАЛЫҚ ТҮСІНІК ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН ТЕРМИНДЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ- ЖҮЙЕЛІК СИПАТЫ

Г.З.Жабағиева - Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы; **Э.Б.Сансызбай** - Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінің студенті
(Қазақстан, Алматы)

Аннотация. Тіл білімінде ғасырлар бойы ғалымдардың зерттеу нысанына айналған термин мәселесі бүгінгі таңда да өзінің өзектілігін, құндылығын жоғалтқан жоқ. Бір жағынан, бұл термин табиғатының өте

күрделі құбылыс екендігін танытса, екінші жағынан қоғамда болып жатқан әлеуметтік өзгерістердің өзі тілімізде жаңа терминдер жасауға, олардың табиғатын ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеуге жетелеп отыр. Терминтану – тіл ғылымының белсенді дамып келе жатқан саласы ретінде сарқылмас зерттеу әлеуетіне ие. Тілдің арнаулы салаларының қолданысын лингвистикалық тұрғыдан қамтамасыз ету – терминқор қорын жасау мен оны жүйеге келтірумен тікелей байланысты. Білім беру мен алуды, ғылым мен ілімді игеруді, ақпарат алмасуды ана тілімізде жүзеге асыру үшін арнаулы лексиканың негізін құрайтын терминдер қорын да сол тілдің мүддесін қорғап, ішкі заңдылықтарын ақтара отырып жасау керек. Термин жасау өз кезегінде кәсіби біліктілікті, сөз шығармашылығын талап ететін күрделі жұмыс. Осы орайда Ахмет Байтұрсынұлының «Сөзден жасап сөз шығару деген әркімнің қолынан келе бермейді және шығарғандардың да сөздері бәрі бірдей жақсы бола бермейді» [1,76.] деген сөзі жоғарыда айтылғандарды дәлелдей түседі.

Өз тілімізден алынса да, өзге тілдерден қабылданса да термин дегеніміздің бәрі – сөз. Сөзді өзге ғылымдар да зерттеп жататынына қарамастан, ол ең алдымен тілдік бірлік, сондықтан да тіл білімінің нысаны ретінде оны зерттеу – лингвистиканың міндеті. Орыс терминологиясының негізін қалаушылардың бірі А.А.Реформатскийдің «Сөздердің жиынтығы терминология – екі қожайынның қызметшісі: лексика жүйесінің және ғылыми ұғымдар жүйесінің» [9,136.] деуі осының дәлелі.

Тірек сөздер: Термин, терминология, кәсіби қазақ тілі, терминжасамдық тәсілдер, лингвистикалық терминдер, морфологиялық тәсіл, аналитикалық тәсіл, калькалау, т.б.

Аннотация. Проблема термина, который является объектом исследования ученых в языкознании на протяжении многих веков, сегодня также не утратил своей актуальности, ценности. С одной стороны, если это определяет очень сложное явление природы терминов, с другой стороны, это приводит к тому, что социальные изменения, происходящие в нашем обществе, порождают новые термины в нашем языке, к исследованиям их сути с научно-теоретических позиций. Терминоведение как активно развивающаяся сфера языкознания имеет большой потенциал для изучения. Обеспечение лингвистического применения специальных отраслей языка напрямую связано с созданием терминофонда и приведением его в определенную систему. Для получения образования и изучения, овладения наукой и знаниями, обмена информацией необходимо создать терминофонд, составляющий основу специальной лексики, защищая интересы языка, соблюдая его внутренние закономерности. Создание терминов, в свою очередь, сложный процесс, требующий профессиональных навыков, словотворчества. В этой связи Ахмет Байтұрсынов утверждал: «Создание слова из другого слова под силу не каждому, да и созданные слова не всегда хороши» [1, С. 7], что как бы доказывает вышесказанное.

Термины, будь они взяты из своего языка, или заимствованы из другого – все же это слова. Несмотря на то, что слово изучается и другими

науками, это, в первую очередь, языковая единица, поэтому изучение его в качестве объекта языкознания является задачей лингвистики. Подтверждением этому являются слова основоположника русской терминологии А.А.Реформатского: «Терминология – совокупность слов служит двум господам: лексической системе и системе научных понятий» [9, С. 13].

Ключевые слова: Термин, терминология, профессиональный казахский язык, терминообразующие способы, лингвистические термины, морфологический способ, аналитический способ, калькирование, т.д.

Abstract. Problem of the term which is object of research of scientists in linguistics throughout many centuries, today also I didn't lose the relevance, value. On the one hand, if it defines very difficult natural phenomenon of terms, on the other hand, it leads to that the social changes happening in our society, generate new terms in our language, to researches of their essence from scientific-theoretical positions. Terminovedeniye as actively developing sphere of linguistics has high potential for studying. Ensuring linguistic application of special branches of language is directly connected with creation терминофонда and its reduction in a certain system. For education and studying, mastering science and knowledge, exchange of information it is necessary to create терминофонд, making a basis of special lexicon, protecting interests of language, observing its internal regularities. Creation of terms, in turn, the difficult process demanding professional skills, slovtvorchestvo. In this regard Ahmet Baytursynov claimed: "Word creation from other word in power not to everyone and the created words not always are good" [1, S. 7] that as though proves the aforesaid.

Terms, be they are taken from the language, or are borrowed from another – nevertheless it words. In spite of the fact that the word is studied also by other sciences, it, first of all, language unit therefore its studying as object of linguistics is a problem of linguistics. Confirmation to it are words of the founder of the Russian terminology A.A.Reformatsky: "Terminology – set of words serves two misters: to lexical system and system of scientific concepts" [9, С. 13].

Keywords: Term, terminology, professional Kazakh language, term-ways, linguistic terms, morphological method, analytical method, tracing, etc.

Ұлттық тіліміз – қазақ тілі өзінің мемлекеттік мәртебесіне қол жеткізгелі бері қазақ тілі қарқынды даму үстінде. Алайда халықтың тілді күнделікті қолдану аясында азды-көпті кемшіліктер мен қателіктер орын алуда. Осыған орай тілдік ұғымдардың, оларды білдіретін терминдердің мол қоры қалыптасып, қолданысқа түсуде. Тілді көпшілікке үйрету, көрсету, тарату – тілдің дамуына қосылатын үлкен әлеуметтік мәнге ие жұмыс.

Терминді әдетте біз ең алдымен, адам қызметінің белгілі бір арнаулы саласының шеңберінде, белгілі бір кәсіп пен мамандық саласында, арнаулы әдебиеттерде қолданатын сөз деп түсінеміз. Термин жөнінде сөз қозғағанда «Барлық термин сөз, бірақ сөздің бәрі термин емес» деген тұжырым жиі қайталанып отырады. Терминнің тілдік бірлік болып табылмайтын

құрамында сандар, таңбалар кіретін символ-сөз түрлері болғандықтан мұндай пайымдауды терминнің барлық типтеріне толық қатысты деп айта алмаймыз. Сонымен қатар тілші-терминолог ғалымдар атап көрсеткендей сөйлем терминдер де қолданыста бар.

Терминтанушы ғалымдар тарапынан терминге берілетін анықтамалар көп. Олардың бірі бір-бірін толықтырып, сабақтаса отырса, біріне-бірі қайшы келетіндері де бар. Ш.Құрманбайұлы «Термин» ұғымына төмендегідей анықтама береді: «Термин – ғылыми немесе өндірістік-технологиялық ұғым атауы болып табылатын арнайы қолданыстағы дефинициясы (анықтамасы) бар сөз немесе сөз тіркесі. Термин ұғым атауы болса, терминнің дефинициясы деген – сол ұғым атауына берілген дәл ғылыми анықтама. Термин сөздің мағынасы оның дефинициясы арқылы анықталады» [2,96.]. «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясында терминге берілген анықтама мынадай: «Термин – (лат. terminus) шек, шекара – ғылым, техника, өнер саласында белгілі ұғымдарды белгілейтін бір бағалы сөз» [10,425б.].

Жалпы терминдер жөнінде нақты мыналарды айтуға болады:

21. Суперанская, А., под. ред. Канделаки Т. Л. Общая терминология (вопросы терминологии). Москва.- 2007, -стр.3
22. Язык. В:www.wikipedia.org. [доступ 7 января 2014].

Түйіндеме

Мақала компьютерлік тілдің лексикалық бірлігінің сипаттамасына арналады. Мысалдары электрондық хат үлгілерінен алынған. Компьютерлік терминологияның өзгеше сипаттары қарастырылып талданады.

Summary

This article is dedicated to description of the lexical units of computer slang. Examples are taken from the electronic correspondence in different kinds of internet-chats. Main groups of computer lexis are compared with the general language tendencies.

ӘОЖ : 8.808.5(81^355)

АУЫЗША СӨЙЛЕУДІҢ ОРФОЭПИЯЛЫҚ НОРМАЛАРЫ

Лайық Күнзира Анарбайқызы - *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, PhD докторантура және магистратура институтының 2-курс магистранты*
(Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы)
kunia9117@mail

Аңдатпа. Дұрыс айту нормаларын меңгеру өзін-өзі жетілдірумен айналысатын кез келген адамға, соның ішінде теледидар қызметкерлеріне және т.б керек. Тіл мәдениетін сақтап дұрыс сөйлей алу адамның кәсіби біліктілігінің міндетті талабы болып есептеледі. Қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесін алғаннан бері ауызша түрдегі қазақ сөзі өзінің қызметін өрістете түсуге мүмкіндік алып, соның нәтижесінде қазақ тілі тұрмыс аясында ғана емес, басқару орындарында, әр түрлі мекемелер мен білім беру, оқу – тәрбие жүйесінде кеңінен қызмет ете бастағанмен, қазіргі кезде бұқаралық ақпарат құралдарының қазақ тілінде берілетін хабарларында ауызша сөздің дұрыс айта білу мәдениеті аса жоғары деңгейде деуге болмайды.

Кілт сөздер: әдеби тіл, орфоэпия, орфоэпиялық норма, тіл мәдениеті, орфография, диктор.

Аннотация. Усваивание нормы правильного произношение нужен каждому человеку занимающейся самоактуализации, в том числе и сотрудникам телевидения. Разговаривать правильно соблюдая культуры речи показывает профессионализм человека. Как казахский язык стал государственным языком слова на казахском языке в устном виде стала широко использоваться не только в бытовой сфере, но и в органах

управлении, в разных учреждениях и системах образования. В данный момент казахскоязычных программах нормы правильного произношения не столько удовлетворяет.

Ключевые слова: литературный язык, орфоэпия, орфоэпическая норма, культура речи, орфография, диктор.

Abstract. Assimilation the correct pronunciation of norms need every person engaged in self actualization, including television employees. Speak in correct of culture indicates professionalism of person. Kazakh language as the state language of the word became the Kazakh language orally has been widely used not only in domestic sphere, but also government services in different institutions and systems of education. Currently of Kazakh programs correct pronunciation is not so satisfying.

Keywords: literary language, orthoepy, orthoepical norm of speech, spelling, announcer.

Бүгінгі таңда телерадиоарналардың қоғамдық тәрбие құралы екендігі мойындалып отыр. Қазақтың кемеңгер ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің кезінде айтқан «Ел боламын десең бесігіңді түзе» деген қағидасын бүгінгі қоғамға қарата айтсақ, «Ел боламын десең экраныңды түзе» деген қағидаға сәйкес келеді. Бұған себеп, қазіргі таңда тілі шыққан баладан бастап еңкейген қарияға дейін телміретіні – теледидар, тыңдайтыны – радио. Сондықтан телеэкран мен радионың таралар ауқымы шексіз, көрермен мен тыңдарманның білім, сана деңгейінің алуандығын ескерсек, эфирдегі әрбір теле және радио хабардың тағылымды және танымды шығуы, журналистердің сөз мәдениетінің жоғары болуы маңызды. Сөзі жоғалған елдің өзі де жоғалатынын айтқан Ахмет Байтұрсынұлының зерделеуіне көз жүгіртсек, әлемде біраз тілдің қолданыстан шығып, қаншама ұлт пен этностың рухани һәм заттық байлығы құрдымға кеткеніне тарих куә.

Тіл мәселесі ізгілік, адамдық мәселелерімен тығыз байланысты. Адамның өз туған тіліне деген немқұрайлы көзқарасы оның туған халқына және өз ұлтының мәдениетіне деген құрметтің жоқтығын білдіреді.

Ал тілді сыйлау, қадірлеу әдеби тілде дұрыс сөйлей алудан басталады. Әдеби тіл дегеніміз – халықтық тілдің дәстүрлі қалып-нормасы мен стильдік тармақтары бар тілдік элементтер, яғни сөздер жүйесінің құрылымдық, қолданыстық жағынан жалпы заңдылықтары аясындағы белгілі бір арнаға, жүйеге түскен, өңделген түрі болып табылады. Нақтырақ айтқанда, әдеби тіл – көркем әдебиеттің, ғылымның, білімнің, бұқаралық ақпарат құралдарының, кеңселік-іскерлік қатынастардың тілі.

Әдеби тіл – лексикалық (сөздің дұрыс қолданысымен байланысты), грамматикалық (сөз формаларының қолданысымен және өзгерісімен байланысты), орфографиялық (сөздерді дұрыс жазу ережелерімен байланысты), орфоэпиялық (сөздерді дұрыс айту ережелерімен байланысты) нормалардан тұратын үлгілі тіл.

Соның ішінде орфоэпия гректің “orthos” (дұрыс) және “epos” (сөз, сөйлеу) деген мағынаны береді. Орфоэпия ауызша сөйлеу тілін зерттейді,

нақтырық айтқанда, жазба тілде, әдетте, көрініс таппайтын сөзді дұрыс айту нормалары мен екпінді қарастырады. Ғалым Н.Уәли оған мынадай анықтама береді: “Орфоэпия – ауызша сөздің бірізді дыбысталуын қамтамасыз ететін ұлттық тіл нормасының жиынтығы.” [1, 509 б.] Орфоэпия дұрыс сөйлей білу мен сөздің әуезділігін сақтауға мүмкіндік береді. Сөздерді дұрыс айту нормалары дыбыс үндестігіне, яғни ілгерінді, кейінді, тоғыспалы ықпал заңдылықтарына негізделеді. Орфоэпия тілдің ауызша сөйлеу нормаларын реттеп отырады.

Ғалым М.С.Серғалиев бұл мәселеге ерекше көңіл бөлген. Ол экран арқылы айтылатын сөздің өзіндік ерекшелігін айта келіп, қазақ диктор мектебінің негізін салған Әнуарбек Байжанбаев туралы былайша толғанады: “Әнекеңнің дауысы сахнаға немесе экранға арналған дауыс емес пе? Әсіресе, көркем шығарма (өлең болсын, мейлі, проза болсын, мейлі) оқығандағы шабытты шағы оны бір тыңдаған адамның жадында сақталуға тиісті. Әр сөздің арасындағы интонация, сөйлем ішіндегі қажетті бір немесе бірнеше сөздің басқадан бөлекше айтылуы; сөйлемнің аяқталар тұсы; тіпті сөйлем ішіндегі, сөйлемдер арасындағы көп нүктенің ескерілуі; кейбір сөз тіркестерінің бір сөздей оқылуы – санай берсеңіз, тағы осындайлардың бәрі – бәріне мән беретінді”. [2, 5 б.]

Академик М.С.Серғалиев тележурналистердің ауызша сөйлеу тіліндегі дауыс мәнеріне баса назар аударумен бірге дұрыс сөйлеу ережелеріне де тоқталады. Бұл жөнінде ғалым: “Орфография мен орфоэпияның заңдылықтарын сақтау сауатты жазу мен дұрыс сөйлеу мәдениеттілігінің көрінісі болып табылады”, - дей келіп, көпшілік алдында сөз нормалары мен тұрмыстық қатынастағы сөйлеу тіліне тән дыбыстау нормаларын араластырмай, қалыпты межеден ауытқымай, сауатты сөйлей білу тілдік қарым-қатынас үшін аса маңызды екенін ескертеді. Сондықтан дұрыс сөйлеуге бағыт-бағдар көрсететін, қазіргі қоғамымыз үшін аса қажет орфоэпиялық сөздік құрастыру қажеттігі туралы және оның құрастырылу жолы жөнінде: “Радио мен теледикторларға, комментаторларға, жалпы эфир арқылы сөйлеушілерге арналған орфоэпиялық сөздік жасаудың кезі келді. Ондай сөздікті бір немесе екі автордың құрастыруы тіптен жеткіліксіз, өйткені мұндай сөздік қазақ сөздерін түгел қамтымаса да, басым көпшілігін жинауға тиіс; оның үстіне жаңадан пайда болып жатқан сөздердің енгізілуі жөн; мыңдаған жер-су атаулары, ел, мемлекет аттары сөздіктен тыс қалмағаны жөн”, - дейді [2, 5 б.]

Дұрыс айту нормаларын меңгеру өзін-өзі жетілдірумен айналысатын кез келген адамға, соның ішінде теледидар қызметкерлеріне және т.б керек. Тіл мәдениетін сақтап дұрыс сөйлей алу адамның кәсіби біліктілігінің міндетті талабы болып есептеледі. Анық әрі түсінікті айтылған сөз және дұрыс қойылған дауыс әңгімелесуші адамға көрсетілген құрмет болып табылады. Жақсы дауыс адамның жақсы қылықтары мен дұрыс киіне білу қабілеті сияқты басқа адамдарды еріксіз өзіне тартады. Ол үшін тілдің фонетикалық және фонологиялық сипатын дұрыс меңгеріп, сөйлеу кезінде

денені бос ұстап, қысылмай, еркін тұрса, дұрыс демалса, сонда дыбыстар дұрыс жасалып, жақсы айтылады және естіледі.

Ең бастысы тележурналистер атқаратын қызметін жақсы білсе және өзі қызмет ететін саланың ерекшелігіне қарай өзіне қажетті талаптарды қоя білсе болғаны, өйткені “дикторлар – теледидардан тек әр алуан хабар берушілер ғана емес, сонымен қатар сөзді дұрыс айта білуді, дұрыс дыбыстай білуді үйрететін ұстаздар болуға тиіс”[3, 6 б.].

Қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесін алғаннан бері ауызша түрдегі қазақ сөзі өзінің қызметін өрістете түсуге мүмкіндік алып, соның нәтижесінде қазақ тілі тұрмыс аясында ғана емес, басқару орындарында, әр түрлі мекемелер мен білім беру, оқу – тәрбие жүйесінде кеңінен қызмет ете бастағанмен, қазіргі кезде бұқаралық ақпарат құралдарының қазақ тілінде берілетін хабарларында ауызша сөздің дұрыс айта білу мәдениеті аса жоғары деңгейде деуге болмайды. Телехабарларда қызмет атқаратын дикторлар сөзді дұрыс ырғақпен, үндесіммен дыбыстай алмайтын жайттар жиі кездесіп жатады. Біздің ойымызша, ауызша тіл нормасының бұзылуы, бір жағынан, ана тілінен қол үзіп барып, онымен қайта табысқан шақта етек алса, екіншіден тілдің фонетикалық және фонологиялық сипатын ескермеуден туындап жатады. Фонетика үшін сөздің жазылуы емес, сөздің дыбысталуы, айтылуы, естілуі маңызды екені даусыз.

Ғалым Р.Сыздық тыңдаушыларды да, педагог, режиссерлерді де, әсіресе тіл мәдениетін қадағалаушы ғалымдарды да алаңдатар жайттар пайда бола бастағанын айтып, оларды төмендегідей санамалап көрсетеді:

1.Драма актерлері мен опера және эстрада әншілерінің, сондай-ақ радио мен теледидар дикторларының, комментаторларының, жергілікті тілшілерінің, кинодубляж жасаушылардың қазақ тіліндегі дауысты, дауыссыз дыбыстардың үндестік заңдары, сингармонизм заңдылықтары деп аталатын табиғи гармониясын (үйлесімін) сақтамай бұзып айтулары;

2.Сөйлеу үстінде болатын логикалық паузалар, яғни ой екпіні түскен сөздерді сәл кідіріп, бөліп айтуды немесе сөздердің мағыналық топтарына қарай қажет жерінде оларды айрықша бөліп, я болмаса қосып айту сәттерін біле бермеу;

3.“Қос қанаттың сыңары” деп келген орыс тілінің әсеріне байланысты кейбір қазақ тілді дауыстыларын сәл өзгертіп (орыс тіліндегіше) айту фактісі;

4.Әрбір сөйлемнің мағыналық интонациясын тап баса алмағандықтан, оның ішіндегі сөздерді дұрыс айта алмаушылық;

5.Қазақ сөздеріндегі жіңішке дауысты дыбыстарды жуандатып, (айтеуыр, саулем, саулемсың) немесе, керісінше, жуан сөздерді жіңішкертіп айтулары (мені сүйген бір әдәм бар) т.т;

Жоғарыда көрсетілген жайттардың себебін ғалым былайша көрсетеді: “Бұлардың себебі дикторлар көбінесе жазылған дүние бойынша сөз сөйлейді. Осыдан барып ауызша айтылған мәтінде жазба дүниенің ізі сайрап тұрады. Бұдан кейбір адамдардың орфоэпиялық ережелерді қаншама жақсы біліп тұрса да, оның көз жадында сөздердің жазылған түрі мықты сақталып, сол қалпында айтуға бейімділеу болатыны байқалады. Оның үстіне әрбір

айтушы (әнші, актер, диктор т.б) аузынан шығатын сөзін тыңдаушыға неғұрлым анық, айқын, түсінікті етіп жеткізуге тырысады. Мұндайда әдеттегі ауызша сөйлеуге тән интуитивті автоматизмге яғни сөздің дыбысталуының дұрыс-бұрысын ойламастан, сөйлеу дағдысы бойынша өзінен-өзі дұрыс шығуына (айтылуына) емес, керісінше, осылай айтсам, сөзім тыңдаушыға анығырақ, түсініктірек жетеді-ау деген ойға жол беріледі” [3, 17 б.]

Телехабарлар тілінің орфоэпиялық нормалары бүгінгі күнде де сақталмай келеді. Әлі күнге дейін жаңалықтар жазылуы бойынша оқылып, айтылып келеді. Тілдің орфоэпиялық нормалары адамға мектеп қабырғасында оқып жүрген кезінде үйретілмесе, одан кейін бұл нормаларды үйрену өте қиын соғады. Өйткені адам бойында жастайынан қалыптасқан, сіңген нәрсені өзгерту оңай емес. Әйтсе де өзіне өзі сөзін өткізе алатын адамдар қашанда мақсатына жетеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Уәли Н. Орфоэпия / Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: IDK TIPO, 1998. – 509 б.

2. Серғалиев М.С. «Хабар» бағдарламасының стилі мен тілі туралы // Жинақ: Мемлекеттік тіл: терминология іс қағаздары мен бұқаралық ақпарат құралдарының тілі. – Астана, -1999. – 464 б.

3. Сыздықова Р. Сөз сазы. Сөзді дұрыс айту нормалары / Көмекші оқу құралы. – Алматы: Санат, 1995. – 120 б.

Резюме:

В статье всесторонне анализируются орфоэпическая норма устной речи. Автором широко освещаются вопросы культура речи казахскоязычных тележурналистов.

Summary:

The article comprehensively analyzes orthoepical norm speech. The author of the wide coverage of speech culture of Kazakh TV journalists.

ӘОЖ: 29(574)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНДЕР МЕН ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫНЫҢ КЕЙБІР ҚЫРЛАРЫ

Тұрсынбай Нұржан Арыстанбекұлы - Абай атындағы Қазақ Ұлттық университетінің 2-курс магистранты
(Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы)
nur.a@mail.ru

Андатпа. Қазақстандағы діндер мен діни бірлестіктердің қалыптасуы мен дамуын бүгінгі күнде қажетті ғылыми іс шара болып табылады. Қазіргі жаһандану үдерістері аясында діндер мен діни бірлестіктердің қалыптасуы мен дамуын жаңа қырыннан зерттеуді қажет етеді. Бүгінде сарапшылар

қауымдастығында алдында қайта тіркеуден өткен діни бірлестіктердің қызметінің дамуын талдау міндеті тұр.

Кілт сөздер: Қазақстан, дін, діни бірлестіктер, қалыптасу, даму.

Аннотация. *Изучение с научной точки зрения формирования и развития религий и религиозных объединений в Казахстане сегодня является необходимым научным мероприятием. В современной сфере процессов глобализации требует нового подхода исследования формирования и развития религий и религиозных объединений. Сегодня перед экспертным сообществом стоит задача анализа развития деятельности религиозных объединений прошедшие перерегистрацию.*

Ключевые слова: *Казахстан, религия, религиозные объединения, формирование, развитие.*

Abstract. *Study from a scientific point of view the formation and development of religions and religious organizations in Kazakhstan today is a necessary scientific event. In the field of contemporary processes of globalization requires a new approach studies the formation and development of religions and religious associations. Today, the expert community is to analyze the development of activities of religious organizations to reregister.*

Keywords: *Kazakhstan, religion, religious associations, formation and development.*

Қазақстандағы діндер мен діни бірлестіктердің туындау, қалыптасу мен дамуының кейбір қырлары туралы осы мақаланың аясында талдауды мақсат еттік. Осы орайда, айтар кетер жайт, бұл мақала аясында барлық діндер мен діни бірлестіктердің қалыптасуы мен дамуын қамтып талдау, әрине мүмкін емес. Сондықтан аталған тақырып бойынша саралауды тек кейбір қырлары тұрғысынан ғана жалғастыруды жөн деп есептедік.

С.А. Сартаев өзі жазған мақаласында «1992 жылы қабылданған «Дін сенім бостандығы және діни бірлестіктер» туралы заң тым либералды болып табылады. Соның нәтижесінде шетел миссионерлері, әр түрлі конфессия мен діни ағымдардың өкілдері осы жағдайды өздеріне оңтайлы қолдана білді. Қызметі күмән тудыратын, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін, жалпы қоғам бүтіндігін бұзатын деструктивті ағымдардың елімізге енуіне толық мүмкіндік жасап бердік» [1, 34] делінген мазмұнда пікір білдірген. Бұл автордың пікірінің құптарлық тұсы бар. Яғни аталмыш заңның осал болғандығынан әр түрлі діни ағымдардың (әсіресе секталардың) елімізде қаптап кетуіне мүмкіншілік бергендігінде болып отыр. Дегенмен, біздің пайымдауымыз бойынша, ол кезде осындай жағдайдың орын алуына мынадай факторлар ықпал еткен деп есептейміз: біріншіден, өз егемендігін алған кезде бұл заң қабылданды. Сол кезде бұл заң ҚАЗССР Конституциясын басшылыққа алуға мәжбүр болды. Өйткені, жалпыға белгілі, ол кезде Ата заң қабылданған жоқ; екіншіден, мемлекеттің конфессиялық саясаты толықтай орнықпаған әрі тәжірибесі әлі қалыптасқан деңгейге жетпеген болатын. Яғни ол кезде мемлекеттің конфессиялық саясаты, діни бірлестіктермен қатынасы мен тәжірибесі басталған кезеңде болатын; үшіншіден, аталған заңда дінтану

сараптамасы туралы ереже болғанымен, оларды жүргізудің тәжірибесі былай тұрсын, оларды құқықтық реттеудің тиісті тетіктерінің жетілмеген, сонымен бірге дінтану сараптаманы жүргізе алатын мамандардың аз болғаны, сондай-ақ миссионерлер қызметін тікелей реттейтін нормалар бар болғанымен, оның реттеудің тетігі әлсіз еді. Өйткені, 1992 жылдың 15 қаңтарында қабылданған «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер» туралы заңның 3-бабының мазмұнында «...жарғылық ережелерде жоқ діни сенімді діни ағартушылық арқылы...уағыздау мен тарату» делінген. Демек, бұл заңның осал тұстарының бірі. Сонымен қатар, миссионерлердің әдебиеттерін дінтану сараптамасынан өткізу жөнінде нақтыланбаған. Ал енді қазіргі қолданыстағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңның 8-бабында миссионерлер қызметін реттейтін нормалар жеткілікті.

Белгілі қоғам қайраткері, профессор Амангелді Айталы «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер» заңның туралы» аты мақаласында «Дін кең ауқымды, сан қырлы ұғым. Дін тек Аллаға құлшылық ету ғана емес, ол отбасылық мәдениет, заңдылық, ұлттық-діни дәстүр, ұлттық рухани мәдениет, діни-ұлттық білім, діни ілім, ұлттық тілдегі діни уағыз. Дін оны ұстанған ұлттардың рухани мәдениетімен ажырамас байланыста. Осыдан келіп барлық мәдениетті тек дінге балап болмайды. Мәдениеттің мазмұны діннен кеңірек. Дін ұлттың мәдениетіне сүйенсе, ұлттық мәдениет діннен сусындайды. Мұсылман діні қазақ ұлтының мәдениеті, салт-дәстүрінің тірегі ... Кез келген діни бірлестікті дін деп тіркей беру, дін деп мойындау айналып келгенде тіпті діннің өзін жоққа шығарады. Сондықтан біз бұл мәселеде толеранттылық (төзімділік) туралы бір түсінік берген орынды» [2] деп ақылға қонымды пікірін нақты білдірді. Осы орайда, Я.Трофимова, А.Артемьева және К.Шүлембаева сияқты зерттеушілердің пікірі бойынша, «90-жылдары қабылданған Қазақстанның білім беру және дін мен діни ұйымдарды реттеу туралы заңдар өте либералды болып келді» [3].

А.Б. Сатанов пен Қ.С. Өскембаев бірігіп жазған мақалада «Әрине, дін туралы заңның демократиялық сипатын жоққа шығаруға болмайды. КСРО ыдырағаннан кейін демократиялық кезеңге аяқ басқан Қазақстан көпұлтты, көпконфессиялы елге айналды. 130-ға жуық этностардың, 50-ге жуық конфессиялардың мүддесін ескеру мақсатында 90-жылдары қабылданған заңдардың көбісі өте либералды болды. Бір жағынан, бұл жаңа ғана тәуелсіздікке қол жеткізген көпұлтты мемлекет үшін де заңды қадам еді. Өйткені сол кезде республикада және қазір де ұлтаралық, дінаралық араздықтардың шығуына жол берілмеуі тиіс болды. Бірақ дін туралы заңның әлсіз жақтары және олқы тұстары да көп болды. Соны пайдалана отырып, шетелдің көптеген діни ағымдары, миссионерлері, секталары, бірлестіктері келіп, Қазақстанда орнығуға мүмкіндік алды. Айталық, 1992 жылы қабылданған заңда миссионерлік қызмет және Қазақстандағы миссионерлер, оларды тіркеу жөнінде ештеңе айтылған жоқ. Сондықтан да жергілікті үкімет органдары діни жағдай туралы ақпаратпен тиісті жағдайда қамтамасыз етілмеген. Сонымен қатар діни ұйымдарды тіркеу туралы тармақтар екіжақты қарастырылды. Діни бірлестіктердің тіркелуі жөніндегі баптар мен

тармақтардың кейбіреулерінде нақтылық болған жоқ» [4, 53] деп өзіндік пікірлерін білдірді.

Д.Ғ. Ахметжанов «Тәуелсіз Қазақстандағы этноконфессиялық үрдістер мен діни ахуал» атты мақаласында кезінде мемлекет тарапынан еркіндіктер мен құқықтар берілген кейін, тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта Қазақстанда діни ұйымдар мен конфессиялар санының айтарлықтай өскендігін тілге тиек етіп айта келе, 1989 жылғы 1 қаңтарда Қазақстанда 671 діни қауым, 20 конфессия мен деноминация болғандығын атап өтті. Сонымен бірге сол 20 жылдың ішінде діни бірлестіктер саны алты есе көбейгендігі, ал енді 2010 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша олардың саны 4460, ал конфессиялар мен деноминациялар саны 42-ге жеткендігі туралы мәлімет келтірген» [5, 158]. Одан әрі қарай бұл автор «Діни бірлестіктердің арасында: Ислам – 2724, Орыс православ шіркеуі – 304, Рим-католик шіркеуі – 87, протестантизм – 1267, сонымен қатар дәстүрлі емес діндер мен жаңадан құрылған діни бірлестіктер (Бахаилар, Кришнаидтер, «Соңғы өсиет шіркеуі» және т.б.) – 46 тіркелгендігін» [5, 159] жазған. Ал енді 2009 жылдың 1 қазандағы ресми мәліметтеріне сәйкес Қазақстанда 4365 діни бірлестіктер мен топтар жұмыс істейді. Олардың 3695 (84,6%) заңды тұлғалар немесе филиалдар ретінде тіркелсе, 556 (12,8%) кішігірім топ ретінде есепке алынған. Ал 114-ті (2,6%) тіркеусіз қызмет етуде» [6].

2013 жылдың 17 маусым күні Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің бұрынғы төрағасы Қайрат Лама Шариф Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Үкімет сағатында жасаған баяндамасында «2011 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша біздің елімізде 4551 діни бірлестік қызмет атқарғаны белгілі. 2012 жылдың 25 қазанында аяқталған қайта тіркеуден кейін олардың саны 3088-ді құрады. Діни бірлестіктер санының үштен бірінің қысқаруы бірқатар себептер бойынша өз қызметінің заңдылығын дәлелдей алмаған бірлестіктердің есебінен орын алды. Жалған діни құрылымдар мен құрылтай құжаттарында дәйексіз мәліметтерді ұсынған бірқатар діни бірлестіктер қайта тіркеуден өткізілген жоқ. Қазақстандық дінтанушылардың сараптамалары негізінде діни бірлестіктерді жаңаша топтастыру ұсынылып, конфессиялар мен деноминациялар саны 46-дан 17-ге қысқарды» [7] деген болатын.

Осы жоғарыда конфессиялар саны туралы келтірілген екі мәліметті салыстырып қараған кезде, 1989 жылғы 1 қаңтарда Қазақстанда 20 конфессия болса, ал 2010 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша жалпы конфессиялардың саны 42-ге жеткен. Демек, аталмыш жылдардың арасында (20 жылдан астам) жалпы саны 22 конфессия қосылған деуге болады. Енді Дін істер агенттігінің бұрынғы төрағаның мәліметіне сүйенсек, онда қайта тіркеудің алдында (2011 жылдың 25 қазан күні) 46 конфессия болған. Осы мәліметке қарасақ, онда 26 конфессия қосылған болып шығады. Қайта тіркеуден кейін осы жоғарыда баяндалғандай, 46 конфессиядан 17 конфессия қалған. Ендеше 29 конфессия қысқарған. Осы тұста байқалғандай, қазіргі таңда 17 конфессия 1989 жылғы 20 конфессиямен салыстырып қарағанда, олардың саны жөнінен тек шамалы ғана кеміді. Демек, тәуелсіздік дейінгі конфессияларға біршама конфессиялар

қосылған. Оның негізгі себебінің бірі, сол кейбір конфессиялардың әр түрлі мемлекеттерден келгендігіне болып тұр. Мысалы, ол протестанттық ағымдар легі біресе АҚШ, Батыс елдерінен, бірінде Оңтүстік Кореядан келген еді. Сол себептен бір конфессияға жататындар бір-біріне бағынбай өз алдына бөлек конфессия болып тіркеліп кеткен деуге болады.

«Эксперттер жалпы, діни бірлестіктердің қызмет етуін жағымды бағалайды. Олардың айтуы бойынша бұл ұйымдар қоғамның рухани-адамгершілік дамуына (36,5%) және өсіп келе жатқан ұрпақты адамгершілік тұрғысынан тәрбиелеуде (19,2%) оң әсер береді. Бұл ұйымдардың болуы этностық мәдени дәстүрді сақтауға және дамытуға да өз үлесін қосады (17,3%) деп есептейтіндер де бар. Француз социологы Э.Дюркгейм (1858-1917) «қоғамдық қатынастар күрделене берген сайын, адамдардың өзара байланыстары әлсірей бастайды» деп айтқандай, адамдар дінге бет бұра бастайды, яғни оның өтемпаздық қызметінің әсерін эксперттер (1,9%) де алға тартады. Зайырлы мемлекеттерде тіркеуден өтпеген діни ұйымдардың қызмет етуі табиғи құбылыс. Тарихқа көз жүгіртетін болсақ, кез келген ірі діни бірлестіктер деноминацияға айналмас бұрын азғантай көлемде тарала бастаған. Мұндай құбылыстар жаһандану процесіне тартылған барлық мемлекеттерде кездеседі» [8].

Бүгінгі Қазақстан қоғамы – әлемнің кіші әрі нақты көшірмесі сияқты. Әлемде бар әлемдік діндер мен дәстүрлі діндер Қазақстанда да бар. Адамдар аралық татулықты сақтау жолы – діндер аралық, мәдениеттер аралық татулықты сақтау. Оның жарқын көрінісі Астана қаласында өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер басшыларының Форумы. Дін аралық татулық әлемде бейбітшілікті сақтаудың бір жолы болмақ [9]. Әлемдік және дәстүрлі діндер басшыларының Форумының Астана қаласында төрт мәрте съезд өткен еді. Бүгінде бұл іс-шаралар өз жалғасып тауып келеді. Мұндай халықаралық іс-шаралар Қазақстандағы дәстүрлі діндер мен діни бірлестіктердің қалыпты дамуына өз ықпалы тигізеді.

Сонымен, қорыта айтқанда, Қазақстан Республикасындағы дәстүрлі діндер бұрыннан тарихи тұрғыда қалыптасқан қойған, тек дәстүрлі діндерді ұстанушы діни бірлестіктер ғана жаңарған деп түйін жасауға болады. Ал енді «жаңа» діни бірлестіктер болса, олар елімізде қалыптасуы мен дамуының басталған кезеңінен өтті. Бұл ретте, біздің пайымызша, олардың қалыптасуы мен дамуы өздерінің заңға сәйкес қызмет етуіне де байланысты болып келеді. Ендігі кезекте Қазақстандағы діндер мен діни бірлестіктердің қалыптасуы мен дамуы дұрыс қалыпта болуы үшін мына мазмұндағы ұсыныстар беруді жөн деп есептедік:

1. Қазіргі Қазақстандағы дәстүрлі діндер мен барлық діни бірлестіктердің қазақстан қоғамына тигізген пайдалы жақтарын кешенді зерделеу (мүмкін болса, мемлекеттік қаржыландыру арқылы болып жатса тіптен жақсы) қажет. Бұл өз кезегінде олардың елімізге елеулі түрде тиісті үлесін қосқан діни бірлестіктердің беделі көтеріледі;

2. Дін мәселелері бойынша халықаралық қауымдастықтың тәжірибесін ескере отырып, қайта тіркеуден өткен дәстүрлі діни бірлестіктер мен «жаңа»

діни бірлестіктер өзара қатынасын, бір-біріне ұстанымдары мен көзқарастар жиынтығын діни-әлеуметтік зерттеулер жүргізу керек;

3. Қайта тіркеуден өткен діни бірлестіктердің өзара ара қатынасын орнату мақсатында «Қазақстандағы діни бірлестіктер Ассоциациясы» деп аталатын ұйым құру қажет есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. С.А. Сартаев. Мемлекеттік-конфессионалдық қатынастардың Қазақстандық үлгісін жетілдіру мәселелері. ҚазҰУ хабаршысы, заң сериясы. № 3 (63). Алматы, «Қазақ университеті». – 2013. – 34-38 бб.
2. Амангелді Айталы. «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер» заңның тұжырымдамасы туралы. [http: // antisektazko.kz](http://antisektazko.kz) 09.04.2012 ж.
3. Жусупов С. Ислам в Казахстане: прошлое, настоящее, будущее во взаимоотношениях государства и религии. — 2001/ www.carnegie.ru (09.09.2010).
4. А.Б. Сатанов пен Қ.С. Өскембаев. «Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық жүйесінің жалпы діни жағдайы мен ислам дамуына ықпалы». Қарағанды университетінің Хабаршысы. Тарих. Философия сериясы. № 4 (60)/2010. – 52-61 бб.
5. Д.Ғ. Ахметжанов. Тәуелсіз Қазақстандағы этноконфессиялық үрдістер мен діни ахуал. ҚазҰУ хабаршысы, Тарих сериясы. № 3 (66). Алматы, «Қазақ университеті». – 2012. – 156-160 бб.
6. ҚР Әділет министрлігі ДІК ресми мәліметтері.
7. ҚР Дін істер агенттігі ресми сайты. www.din.gov.kz
8. «Нұр Отан» ХДП-ның парламентаризм институты еліміздегі діни ұйымдардың қызметіне қатысты эксперттік сұрау қорытындысы.
9. Б.Ө. Алтынбасов, А.Ж. Сүтбаева. Қазақстанның бүгінгі діни сенім бостандығы. ЕҰУ хабаршысы, заң ғылымдары сериясы. № 4 (14). Астана. – 2012. [www. enp.kz](http://www.enp.kz).

Резюме:

В статье анализируются некоторые аспекты формирования и развития религий и религиозных объединений в Казахстане. В статье рекомендуются некоторые предложения рекомендательного характера.

Summary:

The article examines some aspects of the formation and development of religions and religious organizations in Kazakhstan. The article recommended some suggestions recommendatory nature.

СУРЕТШІ ӘБІЛХАН ҚАСТЕЕВТІҢ ЕСТЕЛІКТЕРДЕГІ БЕЙНЕСІ

Тезекбаева Меруерт Қалымбекқызы - Абай атындағы ҚазҰПУ-дың
Магистратура және PhD докторантура институтының 2-курс
магистранты
(Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы)
meruert_tezekbae@mail.ru

Аңдатпа. Суретшінің тұлғалық образы отбасылық тұрмысынан бастап, оның өнер саласындағы өмір күнделіктілік бағытымен жан-жақты көрсетіледі. Әсіресе, бұрын-соңды зерттеу нысанына алынбаған оның ағайын –туыстарының, әріптестерінің ортасындағы ашылмаған қарапайым адам, әке ретіндегі образы беріледі. Сондай-ақ, оның адамдармен араласып, батасын алып, көптеген жетістіктерге жетсе де, қарапайым кейпінде қала білгендігі көрсетілген. Сонымен қатар, суретшінің азамат ретінде, суретші ретінде қалыптасуына ықпал жасаған адамдар туралы да, естеліктерде берілген материалдарды пайдалана отырып көрсеткен. Ұлы суретшінің өмірдің ащы-тұщы дәмін бірдей татып, жастайынан жетімдіктің зардабын көріп, тағдырдың тауқыметін тартқаны, отбасылық өмірінде де басынан небір қиыншылықтарды өткеріп оған төзе білген тұлға екендігі жақсы ашылып бейнеленген.

Кілт сөздер: бейне, шебер, галерея, партия, акварель, т.б

Аннотация. Начав из образа художника семейного быта личности, жизнь в отрасли искусства подробно показывает дневник направлением. Особенно, объекту исследования никогда не был взят, - между родственниками, коллег открываться простой человек, раскрывается образ отца. А также, он, хоть обращался с людьми, достигает больших успехов, но оставался простым человеком. Таким образом, используя материалы по воспоминаниям повлиявшим на формирование его как гражданина и как художника. Раскрыты моменты из семейной жизни заслуженного художника, трудностях происходивших в период семенной жизни, с малых лет остался сиротым и приодолел все неприятный жизни.

Ключевые слова: образ, мастер, галерея, партия, акварель и т.п.

Abstract. Beginning from character of artist of domestic way of life of personality, life in industry of art of omары in detail shows a diary direction. Especially, to the object research never of brother of omары, that was not taken, - туыстарының, colleagues between opened simple man, character on time of father is given. And also, he, though interfusing with people, prayer arrives at large, increased achievements, and remaining on simple look shown gentlefolks. One time of citizen of artist, one time of artist formed and also, that using materials.

Keywords : image ,master ,gallery, party, akvare , ets.

Әбілхан Қастеев - қазақтың тұңғыш кәсіби суретшісі. Осы уақытқа дейін суретші туралы көптеген мақалалар мен зерттеулер, естеліктер жарияланған. Солардың ішінде естеліктерден атақты суретшінің қарапайым адами бейнесін, суретшілік жолдағы еңбекқорлығын, табиғи талантын, болмыс-бітімін, тағы басқа да қырларын танып білуге болады. Әбілхан атамыздың өмірлік серігі, сүйікті жары Сақыпжамал Қастееваның естеліктеріне назар аударсақ: «Әбілханның өз қолымен еккен мәуелі бағы жыл сайын мол жеміс салады. Ойлап қарасам, көктем сайын бұр жарып, көгеріп, жапырақ жайып, жемісті мол салатын осы бағы секілді, оның ұрпағына сыйлаған, халқына қалдырған мұрасы екен.

Әбілхан тумысынан қамқоршы болып туған жоқ. Өзі секілді игі жақсы адамдардың көп қайырын көрді. Талай ардақты кісілерден бата алды. Қашанда алдымен Жәкең (Жамбыл) есіме түсе береді. Жыр алыбы Жәкеңді жанындай сүйетін. Әр жырын суретпен бейнелейтін. Ұлы ақынның өмірінің соңғы сәтінде қобдиын арқалап барып, жан тәсілім үстінде сурет салды. Мұражай үйінің жобасын жасаған да Әбілхан. Бір қарындасы ғана ұқсайды екен. Соны тауып портретті бітіргенше жаны жай тапқан жоқ.

Әбілхан өзінің өнердегі, еңбектегі жолдастарының да портреттерін көп жасады. Кенен қайын ағам, кейін Сәкең, Әбділда секілді үзеңгілес игі жақсы азаматтармен араласты. Өзі басым, қайным Әбділданың Әбілхан туралы жазған поэмасы оған деген бір үлкен ескерткіш деп білемін.

Жылжып жылдар өтіп жатыр. Уақыт деген қандай ұшқыр. Әбілханның өзі жоқ болса да, көзі болып отырған балаларының, көргені бар, көрмегені бар немерелерінің қуанышымен, қызығымен ешнәрсені байқамайтындай болып көргенімен, өткен күндерге көңіл алаңдайтыны бекер емес. Әбілханмен қосылған жылдан бастап, қиындықпен өткен отбасылық өмірімізді еске алсам, бейнетті жылдардың мол болғанын аңғарамын. Еңбегі еліне танылып, халық суретшісі атанып, ауырлықтың бәрі артта қалғандай болып, әлі де жаңа, тың дүниелер берсем, деген шағында мейірімсіз ажал алып кетті арамыздан. Өмірдегі, өнердегі көрген азабын, қиындығын ойласам, көрер қызығы алда еді- ау! Бәрінен бұрын балаларын есейтіп өсірген шақта, тіпті солардың да қызығын көре алмады. Бірақ, құдайға шүкір, соңындағы өнерсүйер ұрпағы Әбекеңнің әрбір туындысынан оның тұтас рухани негізін танып білуге, сөйтіп одан тәлім алуға тырысуда. Есімі республикалық өнер мұражайын берілді, бұл да оның рухына деген ел ықыласы сияқты. Ол да, мен де жетім өстім. Сегіз жасынан байдың малын бағып, тіршілік тауқыметіне ерте араласты.

Алматыда жүріп Н.Г.Хлудов деген атақты суретшіден білім алып, суретшілікке үйренді»- деп жары есіне түсіреді [1]. Әбілхан Қастеев өмірде көп қиыншылықтар көрсе де, моймай сурет салуды тоқтатпағандығын және мінезі жайдарлы адам екендігін көруге болады.

Енді Әбілхан Қастеевке суретшілік өнерін шындаған майлы бояумен сурет салуды үйреткен Н.Г.Хлудов туралы айта кететін болсақ: қазақ халқының тұрмыс- салтын бейнелеп, мәңгілікке мұра етіп қалдырған орыс суретшісі Николай Гаврилович Хлудов 1850 жылы Орлов губерниясында

патша армиясы артиллериясының кіші офицері отбасында дүниеге келген. 1873 —1875 жылы Одесса сурет және мүсін мектебінде оқыған. 1876 жылы Санкт-Петербургте суретші Голинскийдің шеберханасында жұмыс істеді. 1877 жылы арнайы шақыртумен Верный(Алматы) қаласына суретші Х.Глушковпен бірге келген. Суретшінің ең көрнекті туындылары 1884 жылдан бастап салына бастаған екендігі белгілі болды. Қазақтың дәстүрлі өмір салты, оның алабөтен этнографиялық бітімі Н.Х.Хлудовты ерекше ден қойдырғаны соншалықты, оның суреттерінің басым көпшілігі көшпелілердің күнделікті тыныс- тіршілігіне арналған [2]. Мысалы, «Салтанатты көш», «Нөсер жауын астындағы көш», «Ілесе алмаған қошақандар» тағы сол сияқты туындыларды кездестіруге болады.

Әбілхан ең бірінші Хлудовқа Дәлденбаев ертіп келген екен. Сол кезде Николай Гаврилович Хлудов сексенге келген шал кезі екен. Келген Әбілхан мен Дәлденбаевты жақтырмай қарсы алған. Дәлденбаев Әбілханды алып келгенін айтып түсіндірген соң, Хлудов Әбілханды шын көңілмен қабылдады. Н.Г.Хлудов Жаркентте болғанын айтып, сурет салудың қыр-сырын үйретті. Акварель бояуының құпиясын ашып, оны қалай пайдалануды, бояу техникасымен таныстырды.

Н.Г.Хлудов зерек жігітке әбден риза болды. « Қазақтан шыққан суретші көрмедім, алғашқы шыққан сені көрдім. Енді өлсем арманым жоқ. Мен өлгенде батамды берем»-дейтін болды.

Әбілхан бір қыс Н.Г. Хлудовтан үйреніп, сурет салудың сырын біраз үйреніп алды. Әбілханмен қоштасарда оған бір қорап бояғын, қылқаламын тарту етті. Осыдан кейін жас Әбілхан ауылына жол тартады, бұл 1930 жылдың жаз айы еді. Ауылына келе салысымен атқа мініп, ел аралады. Өзгерген өлкенің жаңа тұрмысын қызықтады. Акварель бояумен «Қойшылар», «Ескі қазақ әйелдерінің тұрмысы», «Киім тігу», « Қос тігу», «Қазақ кемпірі» сияқты суреттер салды. Қарындашпен сызып «Қарындасым», «Қазақ кемпірі» сияқты тағы көптеген суреттің нобайларын түсіріп алды.

Одан соң Мәскеуге оқуға барады. Азық- түлік тапшы. Ел- жұрт ашаршылыққа ұшыраған кез. Тамаққа кәртішке берілетін. Сөйтіп Мәскеуден бірақ шыққан. Әбілхан қатты қиындықтарға тап келген. Әйтеуір қасындағы достары сондағы оқу орнының директоры Анна Фурмановаға айтса керек, « Бұл бізден ілесіп келген. Оқи алмайды. Қолынан сурет салу келеді», - деп. Содан көппен бірге оны да жатақханаға орналстырады.

Содан 1935 жылы елге келді. Екеуіміз атастырылып қойылғанбыз. Он төрт жасымда тұрмысқа шықтым ғой. Әбілхан жұмыс, оқу іздеп кеткенде елде қалғанмын. Елге оралысымен : « Алматыға барамыз. Сонда тұрамыз», - деді. Сөйтіп, 1936 жылы Жаркенттен көз көрмеген қалаға тарттық. Қу кедейшілік не істетпейді? Шәй ішетін ыдыс- аяқ жоқ. Жалғыз ғана киізді алып, Алматыға да жеттік қой. Осында Низам деген ұйғырдың екі бөлмелі үйі бар болатын. Біраз уақыт соның қолында тұрдық, Өздері балалы-шағалы, оларды аяп, күзде бір ұйғырдың үйін айын бір сомнан беруге келісіп, жалдап алдық. Не ақша жоқ. Сөйтіп, Әбілхан сурет салып жүріп, күнімізді көре бастадық.

1937-жылдың бесінші майында тұңғышымыз Әбілтай дүниеге келді. Отырған үйіміздің тарлығын қайтейік, қабырға, едендері суланып, дымқыл болып кеткен. Жағдайын айтып сол кездегі республика Суретшілер одағының төрағасы Мұхаммеджан Жанкинге барса: « Медеуде екі бөлмелі үй бар, соған әзірше барып тұрыңдар. Кейін көре жатармыз», - деген соң қуана келістік. Баруын бардық- ау , бірақ баланы орайтын ештеңе таппадық. Әйтеуір, Әбілхан әкелген жылы матаға салынған суретке орап, жаз бойы сонда тұрдық. Әбілхан тынымсыз жұмыс істеп, отбасының қамымен жүрді. Күз түскен соң Жанкинге қайта барған екен. Ол да уәдесін ұмытпапты: « Қыста қайда барасыңдар, Красин көшесінде екі бөлмелі үйім бар. Бір бөлмесінде тұрыңдар», - депті. Қиын уақытта қамқор болған асыл азаматтардың бейнесін көз алдыма елестетіп, әр кез рухына табынамын. Екі баласы бар екен. Әйелі Рабиға жылы жүзі адам екен. Жылы қабақ танытты. Сонымен , күзде болды. Бір күні халық жауы деп Мұхаммеджанды ұстап, алып кетті. Халықта дегбірі қашып, әбден үрейленіп кеткен. Зар жылап екі баласымен әйелі қалып еді. Қаңтардың 18- де үйге келіп НКВД қызметкерлері оны да ұстап әкетті. Үй ішіндегі заттарын , бұйымдарын өздері отырған бөлмеге жинап, мөрлеп, сыртынан бекітіп тастады. Жанкиндердің ұлын бір ағасы алып кетті, қызды мектеп- интернатқа орналастырды. Өркімдерден : « Бәленді ұстап әкетіпті», - дегенді естігенде зәре құтымыз қалмайтын. Маған сыр білдірмесе де Әбілхан да НКВД қызметкерлері тиісіп жүріпті ғой. « Қой терісін жамылған байдың баласы. Сурет салуды қайдан, кімнен меңгерген?» - деген күдікті сауалдармен мазалаған көрінеді. Қайдан білейік, қазақта сурет өнеріндегі тұңғыш адам болғандықтан да , бұрынғы ескі әдетпен тек байдың баласы ғана оқып, білім алуды, өнер қуады деген оймен біздің отағасын біраз әурелепті.

Сонымен көктем шығып, мамыр айы да келді. Бізге өздерін лекторларымыз деген әлдекімдер үйден шығуды бұйырды. Сол кезде қалалық атқару комитетінің басшысы болса керек. Қонысбаев дегенге барса , қаланың бір шетінен бір бөлмелі уақытша үй беріпті. «Мұхтар Әуезовке үй салып жатыр. Содан екі бөлмелі үй береміз», - деген соң, амалсыз әлгі үйге қоныс аудардық. Сөйтіп сол кездегі Өзбек көшесіндегі (кейінен Сейфуллин көшесі) осы үйде біраз жылдар тұрдық. Балалардың бәрі де осында дүниеге келді.», - деп жарымен бас қосқаннан бастап көрген қиыншылықтарының бір бөлігін осылай әңгімелеген екен. Ал қортындысында Әбілхан аға туралы былай деп сыр шерткен: « Мен үшін ол- адал да ақкөңіл, жомарт жүректі, қарапайым да мейірбанды жар, балаларым үшін ақылшы, аңқылдақ, еңбекқор аяулы әке. Бар өмірін халық өнерін өркендетуге сарқа жұмсаған, соңына өшпейтін, өлмейтін мол мұра қалдырған, ізбасар іні – қарындастар тәрбиелеп өсірген Әбілханға ел әлі өз бағасын берер деп ойлаймын. Мен оны мәңгілік мақтан етемін!», - деп сөзін аяқтайды [3]. Жары Сақыпжамал Қастееваның бір ауыз естеліктерінен Әбілхан атаны тек қана шебер суретші ғана емес, сонымен қатар адал жар, мейірімді әке болғанын да көреміз.

Әбілхан ағаның мерейтойлары өз дәрежесінде аталып өтілген. Соған байланысты Әбілхан Қастеев 1954 жылы елуге келген мерейтойында

сөйлеген сөзіне мән берсек, қылқалам иесі былай деген: « Жолдастар! Бүгін Үкімет пен партия менің жасымның елуге, творчестволық қызметінің 25 жыл толуына ерекше назар аударып, қамқорлық жасағандықтың айқын белгісін көрсетіп отыр. Бұл күн мен үшін ұмытылмас, өмірлік есімде қалатын күндердің ішіндегі ең қымбатты күн болып саналады.

Менің творчествомның осындай шарықтай дамуы, жұртшылық жаратқан көптеген құнды еңбектер берілуі- Коммунистік партияның қамқорлығының арқасында ғана қол жеткен табыстар.

Өздеріңізге мәлім, Октябрь революциясының сәулелі нұры қазақ елінің үстінде өз нұрын құйғанға дейін, қазақ халқының мәдени искусства саласының бар тарауы өсіп- өркендеуге жол жоқ еді. Мұның ішінде бейнелеу искусствасының дамуына ислам дінінің шырмауы ешбір мүмкіндік бермеген болатын. Міне, Октябрь таңы атқаннан кейін ғана бұл жанрдың- бейнелеу искусствасының өрістеп дамуына кең айқын жол ашылды. Менің көркем сурет искусствасының барлық жанрында халқымыздың талабына сай еңбектер беруіме әр кезеңде Партия мен Үкіметіміздің көрсеткен көмегі ерекше зор болды. Халық бізден үнемі өсуді халқымыздың талабына сай тартымды, идеясы құнды ұстамды еңбектер беруді күтеді. Бұл – халық талабы! Партия талабы! Сүйікті Социалистік Отанымыздың талабы. Бұндай талапты Партияның XIX съезі тағы да алға қойған болатын. Менің өзімнің творчестволық жолымда осы талаптарға сай еңбектер беремін деп сіздерді сендіремін. Жолдастар! Біздің осындай дәрежеге жетіп отырғанымыз партиямыздың басшылығы арқасы. Сондықтан сүйікті отанымызды тура жолмен Коммунистік Қоғам құруға бастап отырған туысқан Коммунистік Партияға шын жүректен алғыс айтамын!»- деп сөйлеген сөзінде отанының алдындағы жоспарларын атап айтқан.

1969 жылы ағаның шеберлікті еңбек шыңдайды деумен ағаның естеліктерінен сыр шертудеміз. Мысалы, Әбілхан аға «Мен республикамның бейнелеу өнерімен бірге жасап келемін. Бүгінгі жеткен дәреже тұрғысынан кейде өткен жолыма да көз салып қоямын. Өнердегі ұзақ өмірім ішінде не істедім, жеткен жерім қайсы, кемшіліктерім неде? Творчества адамы ең алдымен өзіне есеп беруі тиіс. Жеткен жер суреткерді ешқашанда қанағаттандырмақ емес. Ол өмірдегі ең үлкен еңбегі әрқашанда алда тұрғандай сезінеді. Соны жүзеге асырам деп ұмытылады. Осы ұмтылыста жігер бар , тынымсыз ой бар деп білемін. Бітіргендерімді көз алдыма келтіріп, тағы бір қарап өткенде осынша дәрежеге жеткенімді бергенімді жемісті еңбектің арқасы деп білемін. Себебі еңбек қана іс тындырады, еңбек қана дарын қанағатын ұштайды, еңбек қана шеберлікті шыңдайды. Сондықтан мен қолыма қалам алған әрбір жас талапкерді ерінбей жалықпай, табандылықпен еңбек етуге шақырамын. Өнер адамы ізденбесе өмірді көруден, оны сезуден қалады. Жақсы шығарма ойдан тумайды, өмірден туады, іздену арқылы, сезіну арқылы дүниеге келеді. Білмеген , көрмеген немесе ізденіп сезінбеген нәрсе жайлы қалам тарту қиын. Өнерге құмар жандар , оны қолымен жасаушылар, тек осы жолмен ғана өз ойынан шығады, жұртшылық назарын аударады. Мен қазақ халқының ұлт батыры Амангелді

жөнінде кезінде көп іздендім. Батырды көргендермен, үзенгілес жолдас болғандармен, туған- туысқандарымен сөйлестім, архив деректеріне де көз жібердім. Халық аңыздарына да құлақ түрдім. Оның жерлестері арасынан батырдың мінезін, штрихтарын іздедім. Кейде тіпті ұқсас адамдарды да ұшыраттым. Міне, мұның бәрі маған Амангелді Имановтың жұртшылығымыз жақсы қабылдаған портретін жасап шығуға көмектесті.

«Жас Абай» да осындай жолмен дүниеге келді. Мәншүк Мәметованың бейнесі де жұртшылық алдына осылай шықты.

Мен қолым босап кеткен әрбір мезетті халық арасында болуға, ел аралауға пайдаланамын. Жетісуда, тегі, мен бармаған және көрмеген жер жоқ сияқты. Асы және басқа жайлауларда сан рет болуға тура келді. Жетісу табиғат, оның таулары мен өзендері, көзімді жұмар болсам көкірегімде сайрап тұрады. Неге десеніз, оларды көп көрдік, көп сезіндік. Ал көрген нәрсені салу, бейнелеу, суретшіні творчества рахатына бөлейді, қанағаттандыра түседі. Қазақстан еңбекшілері жайлаудағы өмірді көрсеткен менің акварельдерімді жақсы біледі, олар көп өмірді көруден және білуден туған еңбектер. Бұларды көбірек айтып отырған себебім: көзбен көрген, жүрекпен сезінген өмір суретшіні реалистік шығарма жасауға бастап отырады. Сондықтанда жас суретшілерге айтар ағалық ақылым: өмірден үйреніңдер, оны көріп, сезіндер, сонда ғана шынай туынды жасай аласындар демекпін.

Міне, ұлы шебердің еңбекқорлығы жа кейінгі ұрпаққа үлгі ретінде қалады. Ол кісінің бойындағы ізгі қасиеттер, ұлттық мәдениеті, қарапайымдылық оның әрбір туындысында көрсетіледі.

Ал Қазақстанның мәдениетіне еңбек сіңірген қызметкері Л. Плахотная Әбілхан ағамен бірге болған кездерін есіне ала отырып, өзінің естеліктерінде былай дейді: « Қазақстанның ең бірінші халық суретшісімен танысу мен үшін үлкен мақтаныш. Қайда және кімнен үйренді, қалай суретші болды, осындай табыстарға қалаша жетті деген мәселелерді жете білгім келді. Мен жұмыс істеген жерде өте сирек болса да, бірақ әрқашан да Казизоға өте сүйкімді де қайырымды, әдепті Әбілхан Қастеев жаңа шығармалаға толы папкісімен келіп, ондағы өзі салған бояуы басым, әр алуан түрлі реңкі сұрғылт және күлгін түсті сурет түрі суретшіні де, көрермен Сізді де баурап алып, бей- жай қалдырмайтынды. Оның жаңа бір дүниесіне суретшімен бірге біз де қуанышқа бөлетенетінбіз....

Менің Қастеевпен таныстығым 1944 - жылдың соңында болған еді. Бұдан аз ғана бұрын қазақ халқының белгілі ағартушы ақыны Абай Құнанбайұлы, кеңес үкіметін батыл күрескері, 1916 - жылғы халық көтерілісінің басшысы Амангелді Иманов портретін жасау бәйгесі өтті.

Ұлттық батыр бейнесін жасауға Қастеев алты жылдан астам уақытын бөліп, маңдай терін көп төкті.

Суретші өз ғұмырында екі жүзден астам көрмелерге қатынасып, оның шығармалар көрмесі АҚШ, Бразилия, Канада, Франция, Германия, Үндістан, Индонезия, Чехия, Польша, Монғолия елдерінде болып қайтты. Үкімет суретшінің шығармашылық еңбегін өте жо, ары бағалап, Қастеев Қазан

төңкерісі, екі мәрте Қазақстан Жоғарғы Советінің, Алматы қалалық атқару комитетінің депутаты болып сайланады.»- деп еске алады [4].

Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, суретші, Әбілхан ағаның шәкірті Үкі Әжиев өзінің ұстазының мінезін, сапарларда болған оқиғаларын былай суреттейді: « Әбекең өте мейірімді, қарапайым, тамаша адам болатын. Кәсіби білімі жоқ болғанымен, шеберлігі кез келген оқыған- тоқыған академигіңнен жоғары еді. Басты ерекшелігі- қарапайым өмірді сүйетін. Жасандылықты, жылтырақты ұнатпайтын.

1968 жылы сол кездегі Одақ суретшілерінен құралған шығармашылық топ Еділ мен Каспий бойын араладық. Әбекеңнің мұндай сапарға бірінші рет шығуы екен. Тобымызда Н.Петрашкевич, Л. Кунчис, В. Богаткин секілді акварельдік кескіндеменің майталмандары да бар екен. Әбекеңе осы суретшілердің жоғары шеберлікпен салынған реалистік жұмыстары қатты ұнайтын. Сапар барысында олардың да Әбекеңнің туындыларына таң-тамаша қалған кездеріне талай рет куә болдым. Сапар кезінде байқағаным, кейбір суретшілер сурет салуда өздеріне қолайлы тәсілді қолданатын. Мәселен, көрініс табуға тиіс ағаш сол жақта орналасқан болса, оны парақтың оң жағына бейнелейтін. Мұндайда Әбекең : « Көрерменді осылай алдауға бола ма екен ?»- деп кейістік білдіретін. Өзі не нәрсені болса да еш өзгеріссіз қағазға түсіргенді ұнататын. Өлі есімде, Ульяновск қаласына табан тіреген алғашқы күні қаламен танысып, Ульяновтардың мұражай- үйінде, В.И. Ленин оқыған гимназияда болдық. Келесі күні таңғы сағат 4- те ұйқыдан тұрып, Әбекең, тағы бір суретші үшеуіміз табиғат көріністерін салуға шықтық. Әбекеңнің бір ерекшелігі- өз бетімен жеке кетіп жұмыс істеуді, жөн көретін. Біраздан соң қайтып келсем, Әбекең жоқ. Түскі асқа да келмеген соң іздеуге шықтым. Ақыры алыстан ақ қолшатырын көзім шалды. Ұзап кетіпті, екі- үш демалып әрең жеттім. Кедергі жасамау үшін шетте тұрып көз салсам, кешегі көргендерін тамаша көрініс етіп салыпты. Әбекең сырттай біреудің бақылап тұрғанын сезіп, жалт бұрылды да: «Жақсы шықты- ау деймін, қалай?»- деді күлімдеп. Бас бармағымды шошайта қасына жақындасам, қанша уақыт күн астында тұрғандықтан, қарайып, бет терісі құрғап, еріндері кеберсігеннен қанталап кетіпті. Міне, Әбекең бір жұмысты бастаса, табан аудармай еңбек етіп, ақырына жеткеше тапжылмайтын, осындай еңбекқор жан болатын. Ғажабы- ол кісінің ғылыми тәсілі болған емес, еліктеушілік дегенді мүлде білмеді. Әр туындысында өзіне тән қолтаңбасымен өзіндік өрнегін сала білді. Әбекеңнің қарапайымдылығын, даналығын мойындаған көзбояушы акварельшілер зат болмысын өз қалаулары бойынша салуды мүлдем доғарды. Тіпті суретшілер арасында «Шынайы болсаң, Қастеевтей бол» деген сөз мәтелге айналып кетті. Ал Астраханьнан Бакуге кемемен сапарымызда теңізде алты баллдық дауыл тұрып, көп суретшілер іште жатты. Әбекең тілсіз жау тыныстанғанша кемеңіз жоғарғы жағында жүрді. Көп ұзамай сол бақылаулар тамаша жұмыстар болып дүниеге келгенде таңғалғанмын. Сапар қорытындысы ретінде Баку қаласындағы Ленин атындағы мұражай залында көрме ұйымдастырдық. Сонда Әзірбайжан Компартиясы Орталық комитетінің хатшысы Петр Елистртов жолдас

Қастеевтің суреттеріне ерекше тоқталып, өзін автормен таныстыруды өтінген болатын» [5].

Ал суретшінің ұлы Нұртас Қастеев әкесі туралы естеліктерінің бірінде: «Әкем жастайынан көп қиыншылық көрген, сол бізге сабақ болсын деймекен, шынымен де, қолы босағанда қасына шақырып алып, төрт жасынан жетім қалғанын, кішкентайынан байдың қойын баққанын әңгімелеп беретін. Бізге айтып отырғанының бәрі ертегі секілді, аузымызды ашып тыңдайтынбыз. Қой бағып жүргенінде үңгірге кіріп сурет салатынын, мүсін жасайтынын, одан кейін татар байына жалшы болғанын, Түрксібте жұмысшы болғанын айтатын.

Әкем өте жуас, мейірімді, байсалды кісі болатын. Бізге ренжіп, ұрсып, қол жұмсап көрген емес. Қайта әкемнен гөрі анам қаталдау болды. Сабақ оқымасак, тыңдамасак, бірдеңені бүлдірсек, анам жазалайтын. Ал әкем қазақтың дархан даласы қандай кең болса, мінезі де сондай кең пейілді жан еді. Анам бізді үстімізден арыз айтып, өйтті- бұйтті, «неге әке болып ұрыспайсың, жекімейсің?» дегенде ғана газетті шиыршақтап алып, құйрығымыздан ақырын ғана ұратын. Әбден ұрмай жаман үйренгеннен бе, соның өзіне өкпелеп жылайтынбыз. Әкелік ақылын айтатын. Әкеміздің алтын әке болғанын өзіміз де перзент сүйіп, әке атанғаннан кейін түсіндік.

Ес жия бастағаннан қарапайымдылықты, кішіпейілділікті, адамға қиянат жасамауды, біреудің сыртынан жалған сөз айтып, жолын кеспеуді санамызға сіңіріп өстік. Әкем дүние жиған адам емес, бізге де ондай пендешілік мінезді дарытпады. Өзінің қаншама атақ- даңқы бола тұра, «Мен әлем танитын Қастеевпін» деп кеудесін қаққан емес. Қандай мақтау естісе де, қарапайым қалпынан танбайтын»[6].

Тарихи деректер Әбілхан Қастеевтің өмір жолы мен қызметін, жайдарлы мінезін көрсетеді. Әрбір естеліктерде суретшінің байсалдылығы, суретке деген ықыласы ерекше байқалады. Суретшінің өмір жолының ауырлығына қарамастан сурет салу әуестігінен бас тартпаған, керісінше қиын- қыстау кезде қолы қалт босай қалса қылқаламын алып сурет салуға құмарланған деседі. Әбілхан Қастеевтің халық игілігіне атқарған жұмыстары да ауыз толтырып айтарлықтай. Сондықтан тұңғыш қалқалам шеберін келер ұрпақ ұмытпай және мәңгі халықтың жадында қалады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қастеева С. Жомарт жан, кең пейілді жан еді. Аға сөзі. Алматы.2003, 188
2. Н.Г.Хлудов.Шығармалар каталогы: кескіндеме және графика, Алматы,20003ж,10 б
3. Плахотная Л. Суретші Әбілхан. Аға сөзі. – Алматы, 2003, 48 б
4. Әжиев Ү. Жұлдызы жоғары еді. Аға сөзі. – Алматы, 2003
5. Қастеев Н. Әкем қазақтың тарихын жақсы білетін // Аңыз адам, 2011. №14, 15 б.
6. Әбілхан Қастеев. Алматы, «Өнер», 1986

Резюме:

В этой статье рассматривается жизнь и деятельность первого профессионального художника Абилхана Кастеева опираясь на

воспоминания. На основе воспоминаний изображен образ художника. Правильно систематизировал, обсуждал их через исторические данные.

Summary:

This article discusses the life and work of the first professional artist Abilhana Kasteev relying on memories. Based on the memoirs shows image of the artist. Properly systematized, discussed them through historical data.

ӘОЖ 801.73

ҚЫТАЙ МЕН ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСТАРЫ

Ұларбек Шәмсия - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 2-курс магистранты
(Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы)
Ularbekr@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада Қытай мен Қазақ әдеби байланыстарының даму кезеңдері және екі ел арасындағы мәдени-әдеби қатынастарының істелінген жұмыстары жайында нақты мәлімет беріледі.

Кілт сөздер: дипломатиялық қарым-қатынас, рухани мәдениет, қаламгер, романтизм, шығарма.

Аннотация. В данной статье рассматривается точные сведения в период развития казахско-китайской литературной взаимосвязи между двумя странами и литературно-культурологические отношения о проделанной работе.

Ключевые слова: дипломатические отношения, духовная культура, писатель, романтизм, сочинение.

Abstract. In this article it is considered exact integration period during development Kazakh-Chinese literary connecting between two countries and the literary and culturalogical relations about the work.

Keywords: diplomatic relation, spiritual culture, writer, romanticism, composition.

Қазақ пен қытай арасындағы әдеби мәдени байланыстар кеше мен бүгін ғана емес, сонау түркі дәуірінен, тіпті одан бұрын басталғанын қазіргі таңда ғылыми зерттеулер дәлелдеп бағуда. Ғылыми зерттеулерге қарасақ, қазақтың бірінші қытайтанушысы Шоқан Уәлиханов болған еді. Қытай әдебиетінің қазақ тіліне аударылуын негізінен бүгінгі Қытайда тұратын қандастарымыз жүзеге асыруда. Тіпті қазақ әдебиетінің де, қытай тіліне аударылуына солар мұрындық болуда. Ал, осы екі әдебиеттің арасындағы байланысты зерттейтін ғалымдардың саны аз болып отыр. Өйткені Қазақстан мен Қытай елі арасындағы жүйелі түрде қалыптасқан әдеби, мәдени байланыс жоғары деңгейде қарқынды дамымай отыр. Дегенмен, екі ел арасындағы әдеби байланыстар жекелеген ғалым, жазушылар арқылы

жүзеге асып отыр. Олардың қатарынан марқұм Жақсылық Сәмитұлы, Әзімқан Тышанұлы, Нариман Жабағытайұлы сынды атақты аудармашылар болды. Жалпы, Шыңжан халық баспасынан жарық көрген «XX ғасыр Жұңго қазақ аудармашылары» атты жинақта аты атап тұрғандай қазақ-қытай әдеби байланысын қалыптастырушы, аудармашы ғалымдар жайында көптеген мәліметтер берілген. Бір айта кетерлігі, қытай әдебиетін қазақ тіліне аудару мәселесі Қытай еліндегі мемлекеттік саясатқа байланысты жүйелі түрде қолға алынған. Яғни бұл күнде қытай тілінен қазақ тіліне аударылып жатқан дүниелер ұшан теңіз. Сан ғасырлық қойнауында жатқан Қытайдың патшалық дәуіріндегі әдебиетінен тартып, кешегі XX ғасырдағы Қытай әдебиеті де негізінен қазақ тіліне аударылып, өз оқырмандарын тапты. Сол қатарда қытай халқының шоқтығы биік туындылары Сау Шучиннің «Қызыл сарайдағы түсі», «Ло Гуанжұның «Үш патшалық қисасы», У Чыңынның «Батысқа саяхаты», Шы Найан мен Ло Гуанжұның «Су бойындасы» және «Таң дәуірінің таңдамалы өлеңдері» қазақ тіліне аударылды.

Дипломатиялық қарым-қатынастар орнаған кезден бастап Қытай мен Қазақстан арасындағы гуманитарлық ынтымақтастық белсенді дамып келе жатыр. Екі елдің үкіметтері білім, мәдениет және өзге де салалардағы ынтымақтастық туралы бірқатар келісімдерге қол қойды. Жиі кездесулер механизмі тиімді жұмыс жасап жатыр, өңірлер мен екі елдің халқықтары арасындағы достастық байланыстар қарқынды дамып келеді. Білім саласында екі елдің ведомстволары көп-қырлы ақпараттық және дербес тәжірибе алмасуларды жүзеге асыруда, оның ішінде тілдік сала да бар.

Қазақстандық ақпарат құралдары ҚХР Мәдениет министрі Цай У мен сұқбаттасқанда, екі елдің қарым-қатынасы жайында былай деген еді: «Қытай мен Қазақстан ежелден тату көрші, біздің елдерімізді Ұлы Жібек жолы тығыз байланыстырып тұрды. Дипломатиялық қарым-қатынас орнаған сәттен бастап екі елдің қарым-қатынасы сәтті даму үстінде, әрі оның маңызды бөлігі мәдени байланыстар да айтарлықтай дамуға қол жеткізіп отыр. 2005 жылы құрылған мәдени және гуманитарлық ынтымақтастық жөніндегі қытайлық-қазақстандық комитет жыл сайын тұрақты өтіп келеді. Соңғы бірнеше жылдың ішінде екі тарап та бір-біріне өздерінің үздік ұжымдарын жіберіп, мәдени күндерін, кино апталықтарын өткізіп, ірі мәдени іс-шараларға мұрындық болды».

Жалпы айтқанда ұзақ тарихы Қытай әдебиеті дүние жүзіндегі аса бай әдебиеттердің бірі болып табылады. Ғалымдардың пайымдауынша қазіргі қытай әдебиеттану ғылымында қытай жазба әдебиетінің үш мың жылдық тарихы бар деп болжамдар айтады. Шынымен де қытай әдебиетінің ескі нұсқаларының көп бөлімі осы заманға жетіп отыр. Сондықтан қытайдың бай әдебиеті өз ұлтының баға жетпес құндылықтары болып табылады.

Қытай мен қазақ бұрыннан бері көрші болып келе жатқан елдер. Осы жылдар тоғысында екі елдің арасында әдеби және мәдени байланыстар болғаны рас. Жалпы, әдеби байланыс – белгілі бір ұлт әдебиетінің басқа да әлем халықтары әдебиетімен қарым-қатынасы. Әдебиет әлеміндегі рухани

алмасулар – көркемдік дамудың, әдеби процестің өзіндік заңдылығы. Бүтіндей алғанда, әдеби байланыстың әлем әдебиеті тарихында алатын орны зор. Ұлттық әдебиеттердің даму деңгейі сол кезеңдегі әдеби байланыстың да бағыты мен көркемдік рөлін анықтайды [1].

Қытай мен Орталық Азия халықтарының өзара байланыстары халықтардың рухани мәдениетін байытып, проза мен поэзияда өшпес ізін қалдырды. Қытай-қазақ халықтарының өзара байланыстары халықтардың рухани мәдениетін дамытып, әдеби салаға көп септігін тигізді. Таң дәуірінің өлеңдері қытай поэзиясының алтын ғасыры саналып, оны қытай поэзиясын дамытқан жаңа мазмұндар мен үлгілерге бай поэзия деп атап кетуге болады. Ал бұл жаңа мазмұндар көрші халықтармен тығыз мәдени байланыстан пайда болған еді. Бұл байланыстың әсерін біз Қытайдың атақты ақындарының шығармаларынан көре аламыз. Солардың ішінде, Таң дәуірінің жарық жұлдызы Ли Бай өлеңдерінде Орталық Азия халықтарының өмірін, тұрмыс-тіршілігін, тамаша табиғатын суреттеген өлеңдер аз емес [2, 167 б.].

Ли Байдың шығармалары қытай поэзиясындағы романтизмді дамыта түседі. Оның «Тянь-Шанның ай жарығы» атты шығармасы өте әйгілі. Мұнда ақын жарық ай Тянь-Шанның көрініп, теңіздей қою тұман тауларды баурап тұрғанын, жел ұзақтан соғып, Ұймын қақпасына жеткендігі туралы жазады. Бұдан біз ақынның Тянь-Шань тауының сұлулығын суреттегенін көре аламыз. Сонымен қатар, У-Ди патша әскер жинап, Байдыңға аттанғаны, осы кезде Батыс өңір адамдары Цинхай көліне үнсіз қарап тұрғаны бейнеленеді. Ақын соғыстың ауыр зардаптары мен жарларын күткен келіншектердің мұңын Тянь-Шанның бұлыңғыр табиғаты мен тауды қаптаған қою тұманмен бейнелейді. Мұндағы тұман белгісіздіктің белгісі. Себебі соғысқа кеткен жауынгерлердің өмірі белгісіздікке толы, олардың қайта оралатыны да екі талай [2, 167 б.]

XIX ғ. екінші жартысынан бастап қытай әдебиетінде біраз өзгерістер болса да, қытай қазақтары арасында сақталған ауыз әдебиеті мен сол кезеңге дейінгі жазба шығармалары қазақ әдебиетінің құрамдас бөлігі болып табылады. Қытайдағы қазақ әдебиеті өз алдына дербес даму арнасы ретінде сол елдегі әкімшілік өзгерістерге сай, өз кезеңдерінде дамыды. Қытайдағы қазақ әдебиеті осы кезеңдер тудырған заман талабына сай қалыптасты. Оның ішінде жалпы қазақ әдебиетінің XX ғасырдың басына дейінгі кезеңінде қалыптасқан шығармашылық дәстүрі, тәуелсіздік, ұлт-азаттық сарындарымен қатар, Қытай коммунистік идеологиясының мүддесін көздейтін әдеби ағымдар да көрініс тапты. Қытайдағы қазақ жазба әдебиетінің алғашқы өкілдері Өмірұзақ (1830 – 1929), Отарбай (1834 – 1914), Төлебай Бөжек (1857 – 1931) ақындар болып саналады. Көптеген басқа да қаламгерлер қытайдағы қазақ әдебиетінің дамуына белсенділік танытты.

Қытай Халық Республикасы құрылғаннан кейін қытайдағы қазақ әдебиетінің бағыт-бағдары өзгеріске ұшырады. Көп шығармалар жазылды. Қажығұмар Шабданұлының «Жат ұрпақ», «Өгейдің күні» жыр-дастандары, «Бақыт жолында», «Жарқын қыз» атты әңгімелері, «Қылмыс» романдары дүниеге келді. І.Оспанұлының (1924 – 1999) «Шаттық жыры», «Тянь-Шань

жырлары», «Меруерт» атты өлеңдер жинағы Қытайдағы қазақ әдебиетіне қосылған бағалы еңбектер болып есептелінеді.

Қытайдағы «мәдени төңкерістен» кейін, тарихи тақырыпты жазылған роман жанры өз нәтижесін берді. Ж.Мырзаханұлының «Арман асуында», «Таңқурай», О.Ахметұлының «Өзгерген өңір», «Көкбелес», «Құмдағы іздер», О.Әбділұлының «Ұстаз»; Ж.Білалұлының «Жондағы жорықтар», «Торғайлар», Т.Ырыскелдіұлының «Тасқын», «Тау тағысы», «Ұлы көш», Ғ.Қанапияұлының «Бұрқасын», Ш.Құмарұлының «Бөке батыр», «Көз жасы сарқылмайды», «Ертіс кілкіп ағады» және көптеген тағы басқа романдар соңғы жылдардың бағалы туындылары болып табылады. Қытайдағы қазақ әдебиеті қорында қазіргі уақытта 100-ден астам роман, 600 хикаят, 900-дей өлеңдер жинағы, 150-ге жуық әдеби-сын кітаптары бар.

Қазақ қаламгерлерінің көптеген шығармалары қытай, ұйғыр, моңғол, қырғыз, ағылшын, корей тілдеріне аударылды. Сонымен қатар Қытайдағы әдебиеттің жетекші өкілдері Күнзы, Мыңзы, Ли Бэй, Ду Фу, Лу Шүн, Мау Дүн, Лау Шы, Ба Жин, Сау Иүй, Жанбозан, Уаң Мың секілді сөз зергерлерінің шығармалары қазақ тіліне тәржімаланды. Қытай тілінде жазатын Әкбар Мәжитұлы, Еркеш Құрманбекқызы, Шәріпхан Әбдәлиұлы, Қайша Тәбәрәкқызы, тағы басқа ақын-жазушылар жетілді. 1950 жылдардан бастап қазақ фольклоры мен ауыз әдебиеті үлгілерін жинап бастыру ісі жүйелі түрде қолға алынды.

Осы аталған әдеби байланыстар екі елдің татулығын жақындастырып, одан әрі қарай қазақ пен қытай арасындағы әдеби байланыстарын дамытуына септігін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абдраимова Н. Қытай мен Орталық Азия халықтарының проза мен поэзиядағы өзара әсерлері //халық.ғылыми-теориялық конференция материалд.- Алматы, 2009.
2. Қазақ Ұлттық энциклопедиясы. –Алматы, 2003.

Резюме

В данной статье рассказывается о проделанной работе двух стран в области литературы, а также литературно-культурных отношениях Китая и Казахстана и их дальнейшие развития.

Summary

The diplomatic relations between China and Kazakhstan and connections in literature between two countries are considered in this article.

М. ШАХАНОВТЫҢ ТІЛДІК ТҰЛҒАСЫ

Нұрғазиев Таңат - *Абай атындағы ҚазҰПУ магистранты*
(Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы)

Аңдатпа. Мақалада М. Шахановтың тілдік тұлғасы қарастырылады. Біз білетіндей, мәдениетті жасаушы және онда өмір сүруші адам, тұлға. Тұлғаны зерттеу барысында адамның әлеуметтік табиғаты алдыңғы қатарға шығып, адамның өзі әлеуметтік мәдениеттің субъектісіне айналады. Осы орайда ақынның тілдік тұлғасын зерттеу арқылы ұлттық мәдениетпен қатар әр ұлттық болмыс ұғымына түсінік беріледі.

Кілт сөздер: *тілдік тұлға, М. Шаханов, концепт.*

Аннотация. В статье рассматривается языковая личность поэта М. Шаханова. Как известно, творит культуру и живет в ней человек, личность. Именно в личности на передний план выходит социальная природа человека, а сам человек выступает как субъект социокультурной жизни. Рассматривая поэзию поэта на уровне речевой личности проявляются как национально-культурная специфика языковой личности, так и национально-культурная специфика самого общения.

Ключевые слова: *языковой личность, М.Шаханов, концепт.*

Annotation. The article considers the linguistic identity of the poet M.Shakhanov. As is well known, creates culture and lives of persons, personality. It is in the person comes to the forefront the social nature of man, and the man himself appeared as the subject of social and cultural life. Considering the poetry of the poet at the voice of the person appear as cultural identity of linguistic identity and cultural identity of the communication.

Keywords: *linguistic identity, M.Shahanov, concept.*

Бүгінгі күні тілді адам арқылы, ал адамды тіл арқылы зерттеу лингвистикалық заңдылыққа айналып отыр. «Антропологистиканың ғылыми бағдарламасы көп аспектілі, сонымен бірге өзара шатасқан түрде жүзеге асырылады [1;17]», - дейді тілші Ш.С. Ниятова.

Ғылымның тарихы мен философиясын арнайы зерттеген Томас Кун өзінің «Ғылыми революциялардың құрылымы» деген әлемге әйгілі еңбегінде: «Әр тарихи дәуірге тиесілі ғылым атаулының негізінде ірге теуіп, әбден қалыптасқан ғылыми әдіс-тәсілдердің, базалық ұғымдардың өзгерісі, яғни "парадигмалардың" ауысуы - заңды құбылыс [2;49]», - деген шешімге келген.

Бұл аталған парадигмалық өзгеріс бүгінде барлық әлеуметтік-гуманитарлық ғылым салаларына, соның ішінде тіл туралы ғылымға тікелей қатысты болып отыр. Өйткені қазіргі кездегі лингвистиканың

(мейлі жеке, мейлі жалпы тіл білімі болсын) басты мақсаты - тілді тіл үшін зерттеу емес, адамды тануға негізделген.

Осыған орай, тілтаным іліміндегі антропологиялық парадигманың пайда болуы нәтижесінде - тілдің барлық мүмкіншілігін сан - салалы қырынан айқындау арқылы сол тілді тұтынушы субъектінің, яғни жоғары деңгейлі сана-сезім мен қоғамдық-тарихи, мәдени тіршіліктің иесі - адамның рухани болмысын тереңірек тануға жол ашылды [3;14]», - дейді тілші Сұлтан Жайық Исаұлы.

Расында да антропоцентристік бағыттың зерттеу аспектілері кең болғанымен, ондағы мәселенің бәрі тілдік ұғымына шоғырланады. Тілші Ю.Н. Караулов: «Тілдік тұлға тілдің ар жағынан басталады [4;25]», - дейді.

Осы орайда, М. Шаханов поэзиясын тілдік тұлға тарапынан талдау мақсатында тілдік тұлғаның не екенін анықтап алғанымыз жөн.

Тілді тұлға тарапынан сипаттау, өзінің бастау арнасын дәуірінің озық философ-ғалымы В. фон Гумбольдттан бастау алады. Ол тілді адамның ішкі жан дүниесінің мүшесі (органы) деп танып, халық пен тілді өз түсінігі бойынша екі түрлі құбылыс деп, өзара тығыз байланыстырған болатын. Одан бертін келе, структуралық тіл білімінің бастау арналарында тұрған А. Бодуэн де Куртенэ, «Мәскеу лингвистикалық мектебінің» өкілі болған академик А. А. Шахматов сынды ғалымдар бұл зерттеуді жалғастырады. Алғаш рет «тілдік тұлға» терминін қолданған «Кеңес тіл білімінің» көрнекті ғалымы В.В.Винаградов болды. «Тілдік тұлға» атауын ғалым «О художественной прозе» (1930ж.) атты еңбегінде дүниеге алып келді.

Бүгінгі күні, «Махамбеттің тілдік тұлғасын» зерттеп жүрген тілші Ш.С.Ниятова тілдік тұлғаға: «негізгі базалық ұғым» деген атау бере отырып, поэтикалық шығармалардың тілдік тұлға ұғымын аша түсу үшін келесі ерекшеліктерді ескерген жөн деп санайды.

- Психологиялық белгілерді (лингвопсихология);
- тілдік тұлғаның философиялық алғышарттарын (ғалам бейнесі);
- этноұлттық ерекшеліктерін;
- әлеуметтік-сипаттама мінездемелерін;
- тарихи-мәдени түпбастауларын айқындауды қажет етеді [1;24]», - дейді.

Бұл ерекшеліктердің шешімін «тезарус» ұғымының өне бойында жататынын айта кетіп, тілші: «Тілдік тұлғаның тезарустық (лингвокогнитивтік) деңгейі автордың поэтикалық контекстегі сөздерге толық талдау жасауға, олардың мағыналық реңктерін барынша айқындауға, жалпы тілдік біпліктердің ақынның сөз саптауында қандай өзгерістерге ұшырайтындығын, әр түрлі айшықтала бедерленуін, түрленуін көрсетуге мүмкіндік береді. Күрделі де көп қырлы «тезарус» ұғымы - бір жағынан ғаламның идеалды бейнесі деп, екінші жағынан адамның білімдері жүйесі ретінде түсіндіріле отырып, лексикалық құрамды (сөздік қорды) ұйымдастыру тәсілі ретінде көрінеді» [1;6] , - дейді. Яғни, ақын немесе жазушының сөздік қорының ұйымдастырылуы

арқылы оның дүние танымын, түсінігін, болмысын білуге болады деген сөз. Енді, сол зерттеліп отырған ақын немесе жазушы шығармалары арқылы «тілдік тұлғаны» қалай пайымдап, екшелеп алуға болады деген сұраққа, осы терминді алғаш қолданған ғалымға жүгінеміз.

Көрнекті ғалым В.В. Виноградовтың пікірінше: «Жазушының әр жылдары жазылған, жарық көрген туындыларын бір жазықтыққа орналастыру мүмкін емес. Олар хронологиялық тәртіппен сипатталуы тиіс, өйткені, ақынның барлық шығармалары, іштей композициялық тұтастықта болуына және әрқайсысының айырмасына қарамастан, бір ғана поэтикалық сананың органикалық дамуында алынған көріністер ғой. Олар сөнген индивидуалдық сананың шығармашылық еңбектерінің жемісі, қатып қалған ескерткіштері іспетті [5;38-40]», - дей келе ғалым, «тілдік тұлғаның» тұтастығы мен хронологиялық принципін аңғартады.

«Тілдік тұлға» ұғымының тіл ұстанушыны ма, әлде, тілге антропоцентристік тұрғыдан жасалған талдауларды айтамыз ба деген сұрақтың бүгінгі күні туғаны заңды құбылыс. Бұл сұраққа тілші Ш. С. Ниятова: «Тілдік тұлға деп, бір жағынан, кез-келген тіл ұстанушыны айтсақ, екінші жағынан, тілдің жүйелік ұғым-түсініктерін, мәтіндерді функционалды талдаумен қосатын (бірліктерін) индивидтің тілдік қабілетін сипаттаудың кешенді тәсілін түсінеміз [11;15]», - дейді.

М. Шахановтың өлеңдері сан-салалы тақырыптарға құрылған.

В. В. Виноградовтың пікірін ескере отырып, өлеңдердің жазылу жылдарына көңіл бөлген кезде, осы жұмыста аталатын концептілер тізбегі шығады. Олар арқылы ақынның «тілдік тұлғасын» байқау қиын емес.

Өзіндік ой орамдары мен әсерлі шыққандары «кәрілік, жастық, махаббат, сатқындық, достық, намыс, бақыт» тақырыптарында жазылған өлеңдер.

«Сан ғасыр бойы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан мәдениетіміздің тілдегі көрінісі уақыт өте келе тіл қолданысынан шығып, немесе мағынасы күңгірттене бастаған тілдік белгілермен қатар, заман ағымымен өзгеріске ұшыраған ұлтымыздың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, тарихы, этнографиясына тілші, мәдениеттанушы ғалымдар тарапынан нақты ізденістерді талап етеді» [6;3], - деп тұжырымдаған тілші Ислам Айбаршаның пікірін ескеріп, халық болмысының психологиясы мен танымдық деңгейін ақынның « $12 - 3 = ?$ » поэмасынан байқауға болады.

«Ертеде бір хан билепті, қайсар әрі қайратты,

Қартайса да шапқан аттың құлағында ойнапты»

деген өлең жолдарында кездесетін «хан» сөзі мен «аттың құлағында ойнау» тұрақты тіркесі түркі тілдес елдердің, оның ішінде қазақ халқына етене жақын. Оған мысал, XIX ғасырдың жыраулар поэзиясы бола алады:

«Ханның бағы таярда,

Дұшпаны сырттан көбейіп,
Жаны ашыр досы аз қалар.» (Базар жырау) немесе,

«Айтысқа амандасып түстік міне,
Кеп отыр жүйрік аттай ойқастағым» (Айтыс).

Ақынның сәтті болып шыққан эпитеттері қатарында дәстүрлі «ақша бұлт, құзар тау, жойқын ауа» т.б. болса, ақынның өзіндік сөз қолданысындағы эпитеттер қатарында «тарпаң тағдыр, асау ой, бейқам ел» т.б. атап өтуге болады. Р. Сыздықованың: «Суреткердің, айталық, ақынның поэтикалық тілін зерттеуде өз алдына бөлініп шығатын дербес тақырып - ақынның өзіне тән көркемдік қолтаңбасы. Бұл орайда ақын тіліндегі сөз – символдарды, өзі сүйіп, жиі пайдаланған троптарды және өзге тіл элементтерін эстетикалық қызметте жұмсауының принциптерін, стильдік ерекшеліктері арқылы көрінетін «автор образын» ашып талдау қажет болады [7;224]», - деген сөзін ескере отырып, келесі тұжырымдарға тап боламыз.

М. Шахановтың өзіндік тұлғасы батыр адам, әр жылдары шыққан «Сенім патшалығы», «Нарынқұм зауалы», «Жалын», «Махаббатты қорғау» өлеңдері мен поэмаларынан көрініс тапқан;

Ақынның адам өмірінің әр кезеңіне тоқталып, тарих желкенінде түйілген сан түрлі оқиғалар мен қоғамдық формацияларға өзіндік берген бағасы мен тұжырымына қарап отырып сөз зергерінің философиялық қырын байқаймыз. Өлеңдері мен поэмаларында ол «Шыңғыс ханның қателігі немесе жеңілген жеңімпаз халқындағы Отырар дастаны», «Күре тамырды іздеу», «Құрметсіз, шыншыл тұлғалар немесе Түрік қағанатының құлауы», «Алтын, күміс және қалайы» сынды туындылардан көрініс тапқан.

Адам жанының сан-қилы құбылыстарын, эмоциялық сілкіністерін әуенді, әсерлі жырлаған ақынның лирик екеніне көзіміз жетеді. «Алғашқы махаббатқа хат», «Оралу», «Жанерке» сияқты жалынды жырларындағы қолданылған суреттері өзіндік мінезі мен бояуға бай:

«Асығады пойыз алға, ойнап ерке желменен,
Сол пойызда қыз келеді бақытына шөлдеген».

Қорыта айтсақ, шығармадағы қолданылған жекелеген сөз қолданыстар арқылы сол шығарманы жазып отырған адамды және адам арқылы сол шығарманың жазылу себебі мен ерекшеліктерін байқауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ш.С.Ниятова. Махамбеттің тілдік тұлғасы. Фил.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2006.
2. Т. Кун. Структура научных революций. М., 2009, 310 с.

3. Сұлтан Ж.И. Тілтанымдағы антропологиялық парадигманың Қ.Жұбанов мұраларындағы көрінісі. Фил.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2007.
4. Ю.Н. Караулов. Русский язык и языковая личность. М.: Издательство ЛКИ, 2010, 264 с.
5. Виноградов В.В. О языке художественной прозы. Москва, 1980.
6. А. Ислам. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті. Фил.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2003ж.
7. Р.С. Сыздық. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. Алматы: Арыс, 2004, 616 б.
8. М. Шаханов Эверестке шығу. Алматы: Атамұра, 2003ж.

Резюме

В статье рассматривается языковая личность поэта М. Шаханова.

Summary

The article considers the linguistic identity of the poet M.Shakhanov.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ МӘСЕЛЕСІ
ВОПРОСЫ ЕСТЕСТВЕННЫХ НАУК

УДК 513/513.882

**ВЫВОД ДИСКРЕТНОГО АНАЛОГА СОПРЯЖЕННОГО
ОПЕРАТОРА ДЛЯ ОБРАТНОЙ ЗАДАЧИ АКУСТИКИ**

Г.А.Тюлепбердинова – к.ф.-м.н., ст.преподаватель КазНПУ им. Абая
(Алматы, Казахстан)

Аңдатпа. Бұл мақалада акустиканың кері есебі үшін түйінді оператордың дискретті аналогы алынды.

Кілт сөздер: акустика, аналог, дискретті.

Abstract. In article the discrete analog of the interfaced operator for the return problem of acoustics is considered.

Keywords: acoustic, analog, discrete.

Аннотация. В статье дискретный аналог сопряженного оператора для обратной задачи акустики считается.

Ключевые слова: акустика, аналог, дискретный.

Рассматриваем систему интегральных уравнений в операторном виде [1]

$$Aq := q + Bq,$$

$$q(x, t) = (q_1, q_2, q_3)^T,$$

$$q_1(x, t) = u_x(x, t), \quad q_2(x) = \frac{1}{s(x)}, \quad q_3(x) = 2 \frac{s'(x)}{s(x)}.$$

$$f(x, t) = (f_1, f_2, f_3)^T,$$

$$f_1(x, t) = [g'(t + x) - g'(t - x)]/2, \quad f_2 = -\frac{1}{\gamma}, \quad f_3(x) = -\frac{2g'(2x)}{\gamma},$$

$$Bq = (B_1q, B_2q, B_3q)^T,$$

$$B_1q = -\frac{1}{2} \int_0^x q_3(\xi) [q_1(\xi, t + x - \xi) + q_1(\xi, t - x + \xi)] d\xi,$$

$$B_2 q = \frac{1}{2} \int_0^x q_3(\xi) q_2(\xi) d\xi,$$

$$B_3 q = 2B_2 q[g'(2x) + B_4 q] + (2/\gamma)B_4 q,$$

$$B_4 q = \int_0^x q_3(\xi) q_1(\xi, 2x - \xi) d\xi.$$

Выписываем производную Фреше к оператору A , сопряженный к нему $[A'q]^*$ [2].

Дискретный аналог производной Фреше [2]:

$$B'(q)\delta q^{0,k} = 0, \quad B'_1(q)\delta q^{1,k} = -\frac{h}{2}(\delta l_1 r_1^k + l_1 \delta r_1^k),$$

(1)

$$B'_1(q)\delta q^{1,k} = -\frac{h}{2}(l_i \delta r_i^k + \delta l_i r_i^k) - \frac{1}{2} \sum_{j=1}^{i-1} [l_j \delta r_j^{k+i-j} + \delta l_j r_j^{k+i-j} + l_j \delta r_j^{k-i+j} + \delta l_j r_j^{k-i+j}],$$

$$i = \overline{2, N} \quad k = \overline{i, 2N-i},$$

(2)

$$B'_2(q)\delta q^i = \begin{cases} \frac{h}{2} \sum_{j=1}^{i/2} [\delta l_{2j-1}(p_{2j-2} + p_{2j}) + l_{2j-1}(\delta p_{2j-2} + \delta p_{2j})], \\ i - \text{четное}, \\ \frac{h}{2} \sum_{j=1}^{(i-1)/2} [\delta l_{2j}(p_{2j-1} + p_{2j+1}) + l_{2j}(\delta p_{2j-1} + \delta p_{2j+1})], \\ i - \text{нечетное}, \end{cases} \quad i = \overline{2, N} \quad (3)$$

$$B'_2(q)\delta q^i = 0, \quad i = \{0, 1\},$$

$$B'_3(q)\delta q^0 = -\frac{h}{2} p_0 [\delta l_1 (r_1^1 + r_1^3) + l_1 (\delta r_1^1 + \delta r_1^3)],$$

$$B'_3(q)\delta q^1 = -\frac{h}{2} p_1 [\delta l_1 (r_1^1 + r_1^3) + l_1 (\delta r_1^1 + \delta r_1^3)],$$

$$\begin{aligned}
B'_3(q)\delta q^i = & \begin{cases} \frac{h}{2} \sum_{j=1}^{i/2} [\delta l_{2j-1}(p_{2j-2} + p_{2j}) + l_{2j-1}(\delta p_{2j-2} + \delta p_{2j})] \\ \times [2h \sum_{j=1}^{i-1} l_j r_j^{2i-j} + \frac{h}{2} l_i(r_i^i + r_i^{i+1})] \\ - [p_0 - \frac{h}{2} \sum_{j=1}^{i/2} l_{2j-1}(p_{2j-2} + p_{2j})] \cdot [2h \sum_{j=1}^{i-1} (\delta l_j r_j^{2i-j} + l_j \delta r_j^{2i-j}) \\ + \frac{h}{2} \delta l_j(r_i^i + r_i^{i+2}) + l_j(\delta r_i^i + \delta r_i^{i+2})] \\ + \frac{g^{2i+2} - g^{2i-2}}{4} \sum_{j=1}^{i/2} [\delta l_{2j-1}(p_{2j-2} + p_{2j}) + l_{2j-1}(\delta p_{2j-2} + \delta p_{2j})], \\ i - \text{четное}, \quad i = \overline{2, N-1}, \\ \frac{h}{2} \sum_{j=1}^{(i-1)/2} [\delta l_{2j}(p_{2j-1} + p_{2j+1}) + l_{2j}(\delta p_{2j-1} + \delta p_{2j+1})] \\ \times [2h \sum_{j=1}^{i-1} l_j r_j^{2i-j} + \frac{h}{2} l_i(r_i^i + r_i^{i+2})] \\ - [p_1 - \frac{h}{2} \sum_{j=1}^{(i-1)/2} l_{2j}(p_{2j-1} + p_{2j+1})] \cdot [2h \sum_{j=1}^{i-1} (\delta l_j r_j^{2i-j} + l_j \delta r_j^{2i-j}) \\ + \frac{h}{2} \delta l_j(r_i^i + r_i^{i+2}) + \frac{h}{2} l_j(\delta r_i^i + \delta r_i^{i+2})] \\ + \frac{g^{2i+2} - g^{2i-2}}{4} \sum_{j=1}^{(i-1)/2} [\delta l_{2j}(p_{2j-1} + p_{2j+1}) + l_{2j}(\delta p_{2j-1} + \delta p_{2j+1})], \\ i - \text{нечетное}, \end{cases} \\
B'_3(q)\delta q^N = & \begin{cases} - \left(p_0 - \frac{h}{2} \sum_{j=1}^{N/2} l_{2j-1}(p_{2j-2} + p_{2j}) \right) \left[2h \sum_{j=1}^{N-2} (\delta l_j r_j^{2N-j} + l_j \delta r_j^{2N-j}) \right. \\ \left. + \frac{3h}{2} \delta l_{N-1}(r_{N-1}^{N+1} + r_{N-1}^{N-1}) + \frac{3h}{2} l_{N-1}(\delta r_{N-1}^{N+1} + \delta r_{N-1}^{N-1}) \right. \\ \left. + \left(\frac{3g^{2N}}{4} - g^{2N-2} + \frac{g^{2N-4}}{4} + \frac{3h^2}{4} l_{N-1}(r_{N-1}^{N+1} + r_{N-1}^{N-1}) + h^2 \sum_{j=1}^{N-2} l_j r_j^{2N-j} \right) \right] \\ \times \sum_{j=1}^{N/2} [\delta l_{2j-1}(p_{2j-2} + p_{2j}) + l_{2j-1}(\delta p_{2j-2} + \delta p_{2j})], \quad N - \text{четное}, \\ - \left(p_1 - \frac{h}{2} \sum_{j=1}^{(N-1)/2} l_{2j}(p_{2j-1} + p_{2j+1}) \right) \cdot \left[2h \sum_{j=1}^{N-2} (\delta l_j r_j^{2N-j} + l_j \delta r_j^{2N-j}) \right. \\ \left. + \frac{3h}{2} \delta l_{N-1}(r_{N-1}^{N+1} + r_{N-1}^{N-1}) + \frac{3h}{2} l_{N-1}(\delta r_{N-1}^{N+1} + \delta r_{N-1}^{N-1}) \right. \\ \left. + \left(\frac{3g^{2N}}{4} - g^{2N-2} + \frac{g^{2N-4}}{4} + \frac{3h^2}{4} l_{N-1}(r_{N-1}^{N+1} + r_{N-1}^{N-1}) + h^2 \sum_{j=1}^{N-2} l_j r_j^{2N-j} \right) \right] \\ \times \sum_{j=1}^{(N-1)/2} [\delta l_{2j}(p_{2j-1} + p_{2j+1}) + l_{2j}(\delta p_{2j-1} + \delta p_{2j+1})], \quad N - \text{нечетное}. \quad (4) \end{cases}
\end{aligned}$$

Введем на нашей сетке $\Delta_h = \{(ih, kh) \mid i = \overline{0, N}, k = \overline{i, 2N-i}\}$ скалярное произведение следующим образом [3]:

$$[y, v]_h = h \sum_{i=0}^N y_i v_i,$$

$$[y, v]_{\Delta h} = h^2 \sum_{i=0}^N \sum_{k=i}^{2N-i} y_i^k v_i^k.$$

Тогда

$$\begin{aligned} \left[B'(q) \delta q^{i,k}, \bar{q}^{-i,k} \right]_{\Delta h} &= \left[\delta q^{i,k}, [B'q]^* \bar{q}^{-i,k} \right]_{\Delta h} \\ &= \left[B'_1(q) \delta q^{i,k}, \bar{r}^{-i,k} \right]_{\Delta h} + \left[B'_2(q) \delta q^i, \bar{p}^{-i} \right]_h + \left[B'_3(q) \delta q^i, \bar{l}^i \right]_h \\ &= \left[\delta r_i^k, [B'_1q]^* \bar{q}^{-i,k} \right]_{\Delta h} + \left[\delta p_i, [B'_2q]^* \bar{q}^{-i} \right]_h + \left[\delta l_i, [B'_3q]^* \bar{q}^{-i} \right]_h. \end{aligned} \quad (5)$$

Лемма 2.2. Для дискретного аналога производной Фреше $B'(q)\delta q$, определяемой (1) – (4), можно выписать сопряженный оператор:

$$\begin{aligned} [B'_1q]^* \bar{q}^{-1,1} &= -\frac{h}{2} l_1 \sum_{i=1}^N \bar{r}_i - \frac{1}{2} l_1 (p_o \bar{l}_o + p_1 \bar{l}_1), \\ [B'_1q]^* \bar{q}^{-1,3} &= -\frac{h}{2} l_1 \bar{r}_2 - \frac{h}{2} l_1 \sum_{i=1}^{N-1} \bar{r}_i - \frac{1}{2} l_1 (p_o \bar{l}_o + p_1 \bar{l}_1) - 2l_1 \bar{l}_2 (p_o - \frac{h}{2} l_1 (p_o + p_2)), \\ [B'_1q]^* \bar{q}^{-1,k} &= -\frac{h}{2} l_1 \sum_{i=1}^{\frac{k+1}{2}} \bar{r}_i^{-k-i+1} - \frac{h}{2} l_1 \sum_{i=2}^{N-\frac{k-1}{2}} \bar{r}_i^{-k+i-1} - 2l_1 \bar{l}_{\frac{k+1}{2}} F_{\frac{k+1}{2}}, \quad k = \overline{5, 2N-3}, \\ [B'_1q]^* \bar{q}^{-1,2N-1} &= -\frac{h}{2} l_1 \sum_{i=1}^N \bar{r}_i^{-2N-i} - 2l_1 \bar{l}_N F_N, \quad [B'_1q]^* \bar{q}^{-i,i} = -\frac{h}{2} l_1 \sum_{j=i}^N \bar{r}_j^{-j} - \frac{1}{2} l_i \bar{l}_i F_i \\ [B'_1q]^* \bar{q}^{-i,i+2} &= -\frac{h}{2} l_1 \bar{r}_{i+1}^{-i+2} - \frac{h}{2} l_i \sum_{j=i}^{N-1} \bar{r}_j^{-j+2} - 2l_i \bar{l}_{i+1} F_{i+1} - \frac{1}{2} l_i \bar{l}_i F_i, \\ [B'_1q]^* \bar{q}^{-i,2N-i} &= -\frac{h}{2} l_1 \sum_{j=i}^N \bar{r}_j^{-2N-j} - 2l_i \bar{l}_N F_N, \\ [B'_1q]^* \bar{q}^{-i,k} &= -\frac{h}{2} l_1 \sum_{j=i}^{\frac{k+i}{2}} \bar{r}_j^{-k-j+i} - \frac{1}{2} l_i \sum_{j=i+1}^{N-\frac{k-i}{2}} \bar{r}_j^{-k+j-i} - 2l_i \bar{l}_{\frac{k+i}{2}} F_{\frac{k+i}{2}}, \\ &\quad i = \overline{2, N-2}, \quad k = \overline{i+4, 2N-i-2}, \\ [B'_1q]^* \bar{q}^{-N-1,k} &= -\frac{h}{2} l_{N-1} \bar{r}_{N-1}^{-k} - \frac{h}{2} l_{N-1} \bar{r}_N^{-N} - \frac{1}{2} l_{N-1} \bar{l}_{N-1} F_{N-1} - \frac{3}{2} l_{N-1} \bar{l}_N F_N, \\ &\quad k = [N-1, N+1], \\ [B'_1q]^* \bar{q}^{-N,N} &= -\frac{h}{2} l_N \bar{r}_N^{-N}. \end{aligned}$$

Доказательство. Рассмотрим первое слагаемое в (5):

$$\begin{aligned} \left[B'_1(q) \delta q^{i,k}, \bar{r}_i^{-k} \right]_{\Delta h} &= h^2 \sum_{i=0}^N \sum_{k=i}^{2N-i} {}_2B'_1(q) \delta q^{i,k} \bar{r}_i^{-k} \\ &= h^2 \sum_{k=1}^{2N-1} {}_2B'_1(q) \delta q^{1,k} \bar{r}_1^{-k} + h^2 \sum_{i=2}^N \sum_{k=i}^{2N-i} {}_2B'_1(q) \delta q^{i,k} \bar{r}_i^{-k} \\ &= h^2 \sum_{k=1}^{2N-1} \bar{r}_1^{-k} \left(-\frac{h}{2} (l_i \delta r_i^k + \delta l_i r_i^k) \right) \end{aligned}$$

$$\begin{aligned}
& + h^2 \sum_{i=2}^N \sum_{k=i}^{2N-i} {}_2 r_i^{-i,k} \left(-\frac{h}{2} (l_i \delta r_i^k + \delta l_i r_i^k) \right. \\
& \left. - \frac{h}{2} \sum_{j=1}^{i-1} [l_j \delta r_j^{k+i+j} + \delta l_j r_j^{k+i-j} + l_j \delta r_j^{k-i+j} + \delta l_j r_j^{k-i+j}] \right) \\
& = \delta l_1 \left(-\frac{h^3}{2} \sum_{k=1}^{2N-1} {}_2 r_1^k r_1^{-k} \right) + h \sum_{k=1}^{2N-1} {}_2 \delta r_1^k \left(-\frac{h^2}{2} l_1 r_1^{-k} \right) \\
& + h^2 \sum_{i=2}^N \sum_{k=i}^{2N-i} {}_2 \delta r_i^k \left(-\frac{h}{2} l_i r_i^{-k} \right) + h \sum_{i=2}^N \delta l_i \left(-\sum_{k=i}^{2N-1} {}_2 \frac{h^2}{2} r_i^k r_i^{-k} \right) \\
& + h \sum_{j=1}^{N-1} \delta l_j \left(-\frac{h^2}{2} \sum_{i=j+1}^N \sum_{k=i}^{2N-i} {}_2 r_i^{-k} (r_j^{k+i-j} + r_j^{k-i+j}) \right) \\
& + h^2 \sum_{j=1}^{N-1} \sum_{s=j+2}^{2N-j} {}_2 \delta r_j^s \left(-\frac{h}{2} l_j \sum_{i=j+1}^{(s+j)/2} r_i^{-(s-i+j)} \right) \\
& + h^2 \sum_{j=1}^{N-1} \sum_{s=j}^{2N-j-2} {}_2 \delta r_j^s \left(-\frac{h}{2} l_j \sum_{i=j+1}^{N-(s-j)/2} r_i^{-(s+i-j)} \right).
\end{aligned}$$

Рассмотрим второе слагаемое в (5)

$$\begin{aligned}
[B_2'(q) \delta q^i, \bar{p}_i]_h & = h \sum_{i=0}^N B_2'(q) \delta q^i \bar{p}_i = h \sum_{i=2}^N B_2'(q) \delta q^i \bar{p}_i \\
& = \frac{h^2}{2} \sum_{i=2}^N {}_2 \bar{p}_i \sum_{j=1}^{i/2} [\delta l_{2j-1} (p_{2j-2} + p_{2j}) + l_{2j-1} (\delta p_{2j-2} + \delta p_{2j})] \\
& + \frac{h^2}{2} \sum_{i=3}^{\tilde{N}} {}_2 \bar{p}_i \sum_{j=1}^{(i-1)/2} [\delta l_{2j} (p_{2j-1} + p_{2j+1}) + l_{2j} (\delta p_{2j-1} + \delta p_{2j+1})] \\
& = h \sum_{m=1}^N {}_2 \delta l_m \left(\frac{h}{2} (p_{m-1} + p_{m+1}) \sum_{i=m+1}^N {}_2 \bar{p}_i \right) + h \sum_{m=0}^{N-2} {}_2 \delta p_m \left(\frac{h}{2} l_{m+1} \sum_{i=m+2}^N {}_2 \bar{p}_i \right) \\
& + h \sum_{m=2}^N {}_2 \delta p_m \left(\frac{h}{2} l_{m-1} \sum_{i=m}^N {}_2 \bar{p}_i \right) + h \sum_{m=2}^{\tilde{N}-1} {}_2 \delta l_m \left(\frac{h}{2} (p_{m-1} + p_{m+1}) \sum_{i=m+1}^N {}_2 \bar{p}_i \right) \\
& + h \sum_{m=1}^{\tilde{N}-2} {}_2 \delta p_m \left(\frac{h}{2} l_{m+1} \sum_{i=m+2}^{\tilde{N}} {}_2 \bar{p}_i \right) + h \sum_{m=3}^{\tilde{N}} {}_2 \delta p_m \left(\frac{h}{2} l_{m-1} \sum_{i=m}^{\tilde{N}} {}_2 \bar{p}_i \right) \\
& = h \sum_{m=1}^{N-1} \delta l_m \left(\frac{h}{2} (p_{m-1} + p_{m+1}) \sum_{i=m+1}^N {}_2 \bar{p}_i \right) \\
& + h \sum_{m=0}^{N-2} \delta p_m \left(\frac{h}{2} l_{m+1} \sum_{i=m+2}^N {}_2 \bar{p}_i \right) + h \sum_{m=2}^N \delta p_m \left(\frac{h}{2} l_{m-1} \sum_{i=m}^N {}_2 \bar{p}_i \right).
\end{aligned}$$

Рассмотрим третье слагаемое в (5):

$$\begin{aligned}
[B_3'(q) \delta q^i, \bar{l}_i]_h & = h \sum_{i=0}^N B_3'(q) \delta q^i \bar{l}_i = h p_0 \frac{h}{2} \bar{l}_0 (-\delta l_1 (r_1^1 + r_1^3) - l_1 (\delta r_1^1 + \delta r_1^3)) \\
& - \frac{h^2}{2} p_1 (\delta l_1 (r_1^1 + r_1^3) + l_1 (\delta r_1^1 + \delta r_1^3) \bar{l}_1) + h \sum_{i=2}^{N-1} B_3'(q) \delta q^i \bar{l}_i
\end{aligned}$$

$$\begin{aligned}
& + h \bar{l}_N B_3(q) \delta q^N = \delta_1 \frac{h^2}{2} p_1 \delta_1 (r_1^1 + r_1^3) - (\delta_1^1 + \delta_1^3) \frac{h^2}{2} p_1 l_1 \bar{l}_1 \\
& + h \sum_{m=1}^{N-2} \sum_{i=m+1}^{N-1} {}_2 D_i \bar{l}_i \frac{h}{2} \delta_m (p_{m-1} + p_{m+1}) \\
& + \frac{h^2}{2} \sum_{m=0}^{N-3} \sum_{i=m+2}^{N-1} {}_2 \delta p_m l_{m+1} \bar{l}_i D_i + \frac{h^2}{2} \sum_{m=2}^{N-1} \sum_{i=m}^{N-1} {}_2 \delta p_m l_{m-1} \bar{l}_i D_i \\
& - h \sum_{j=1}^{N-2} \delta_j \sum_{i=j+1}^{N-1} h C_i \bar{l}_i r_j^{2i-j} - 2h^2 \sum_{j=1}^{N-2} \sum_{s=j+2}^{2N-j-2} {}_2 \delta r_j^s l_j C_{\frac{s+j}{2}} \bar{l}_{\frac{s+j}{2}} \\
& - \frac{h}{2} \sum_{i=2}^{N-1} \delta_i^i h l_i C_i \bar{l}_i - \frac{h}{2} \sum_{i=2}^{N-1} {}_2 \delta_i h C_i \bar{l}_i (r_i^i + r_i^{i+2}) - \frac{h}{2} \sum_{i=2}^{N-1} {}_2 \delta_i^{i+2} h l_i C_i \bar{l}_i \\
& + h \sum_{m=2}^{N-2} \sum_{i=m+1}^{N-1} {}_2 D_i \bar{l}_i \frac{h}{2} \delta_m (p_{m-1} + p_{m+1}) \\
& + \frac{h^2}{2} \sum_{m=1}^{\bar{N}-3} \sum_{i=m+2}^{N-1} {}_2 \delta p_m l_{m+1} \bar{l}_i D_i + \frac{h^2}{2} \sum_{m=3}^{\bar{N}-1} \sum_{i=m}^{N-1} {}_2 \delta p_m l_{m-1} \bar{l}_i D_i \\
& - h \sum_{j=1}^{\bar{N}-2} \delta_j \sum_{i=j+1}^{\bar{N}-1} 2h E_i \bar{l}_i r_j^{2i-j} - 2h^2 \sum_{j=1}^{\bar{N}-2} \sum_{s=j+2}^{2\bar{N}-j-2} {}_2 \delta r_j^s l_j E_{\frac{s+j}{2}} \bar{l}_{\frac{s+j}{2}} \\
& - \frac{h}{2} \sum_{i=3}^{\bar{N}-1} \delta_i^i h l_i E_i \bar{l}_i - \frac{h}{2} \sum_{i=3}^{\bar{N}-1} {}_2 \delta_i h E_i \bar{l}_i (r_i^i + r_i^{i+2}) - \frac{h}{2} \sum_{i=3}^{\bar{N}-1} {}_2 \delta_i^{i+2} h l_i E_i \bar{l}_i \\
& - h \sum_{j=1}^{N-2} \delta_j \bar{l}_N K_N 2r_j^{2N-j} + \delta_j^{2N-j} \bar{l}_N K_N 2h l_j \\
& - \frac{3}{2} h^2 \delta_{N-1} \bar{l}_N K_N (r_{N-1}^{N+1} + r_{N-1}^{N-1}) - \frac{3}{2} h^2 l_{N-1} \bar{l}_N K_N (\delta_{N-1}^{N+1} + \delta_{N-1}^{N-1}) \\
& + h \sum_{m=1+\delta(N)}^{N-1} {}_2 \delta_m (p_{m-1} + p_{m+1}) H_N \bar{l}_N + h \sum_{m=\delta(N)}^{N-2} {}_2 \delta p_m l_{m+1} H_N \bar{l}_N \\
& + h \sum_{m=2+\delta(N)}^N {}_2 \delta p_m l_{m-1} H_N \bar{l}_N.
\end{aligned}$$

Собирая слагаемые при δp_i , получим выражения для $[B_1^i q]^* q^{-i,j}$:

$$[B_1'q]^* \bar{q}^{-1,1} = -\frac{h}{2} l_1 \sum_{i=1}^N \bar{r}_i - \frac{1}{2} l_1 (p_0 \bar{l}_0 + p_1 \bar{l}_1),$$

$$[B_1'q]^* \bar{q}^{-1,3} = -\frac{h}{2} l_1 \bar{r}_2 - \frac{h}{2} l_1 \sum_{i=1}^{N-1} \bar{r}_i - \frac{1}{2} l_1 (p_0 \bar{l}_0 + p_1 \bar{l}_1) - 2l_1 \bar{l}_2 (p_0 - \frac{h}{2} l_1 (p_0 + p_2)),$$

$$[B_1'q]^* \bar{q}^{-1,k} = -\frac{h}{2} l_1 \sum_{i=1}^{\frac{k+1}{2}} \bar{r}_i^{-k-i+1} - \frac{h}{2} l_1 \sum_{i=2}^{N-\frac{k-1}{2}} \bar{r}_i^{-k+i-1} - 2l_1 \bar{l}_{\frac{k+1}{2}} F_{\frac{k+1}{2}}, \quad k = \overline{5, 2N-3},$$

$$[B_1'q]^* \bar{q}^{-1,2N-1} = -\frac{h}{2} l_1 \sum_{i=1}^N \bar{r}_i^{-2N-i} - 2l_1 \bar{l}_N F_N, \quad [B_1'q]^* \bar{q}^{-i,i} = -\frac{h}{2} l_i \sum_{j=i}^N \bar{r}_j^{-j} - \frac{1}{2} l_i \bar{l}_i F_i$$

$$[B_1'q]^* \bar{q}^{-i,i+2} = -\frac{h}{2} l_1 \bar{r}_{i+1}^{-i+1} - \frac{h}{2} l_i \sum_{j=i}^{N-1} \bar{r}_j^{-j+2} - 2l_i \bar{l}_{i+1} F_{i+1} - \frac{1}{2} l_i \bar{l}_i F_i,$$

$$[B_1'q]^* \bar{q}^{-i,2N-1} = -\frac{h}{2} l_i \sum_{j=i}^N \bar{r}_j^{-2N-j} - 2l_i \bar{l}_N F_N,$$

$$[B_1'q]^* \bar{q}^{-i,k} = -\frac{h}{2} l_1 \sum_{j=i}^{\frac{k+1}{2}} \bar{r}_j^{-k-j+i} - \frac{h}{2} l_i \sum_{j=i+1}^{N-\frac{k-1}{2}} \bar{r}_j^{-k+j-i}$$

$$- l_i \bar{l}_{\frac{k+1}{2}} F_{\frac{k+1}{2}}, \quad i = \overline{2, N-2}, \quad k = \overline{i+4, 2N-i-2},$$

$$[B_1'q]^* \bar{q}^{-N-1,k} = -\frac{h}{2} l_{N-1} \bar{r}_{N-1}^{-k} - \frac{h}{2} l_{N-1} \bar{r}_N^{-N} - \frac{1}{2} l_{N-1} \bar{l}_{N-1} F_{N-1}$$

$$- \frac{3}{2} l_{N-1} \bar{l}_N F_N, \quad k = [N-1, N+1],$$

$$[B_1'q]^* \bar{q}^{-N,N} = -\frac{h}{2} l_N \bar{r}_N^{-N}.$$

Собирая слагаемые при δr_i , получим выражения для $[B_2'q]^* \bar{q}^{-i}$:

$$[B_2'q]^* \bar{q}^{-0} = \frac{h}{2} l_1 \sum_{i=2}^N \bar{p}_i + \frac{h}{2} l_1 \sum_{i=2}^{N-1} D_i \bar{l}_i + l_1 H_N \bar{l}_N,$$

$$[B_2'q]^* \bar{q}^{-1} = \frac{h}{2} l_2 \sum_{i=3}^N \bar{p}_i + \frac{h}{2} l_2 \sum_{i=3}^{N-1} D_i \bar{l}_i + l_2 H_N \bar{l}_N,$$

$$[B_2'q]^* \bar{q}^{-i} = \frac{h}{2} l_{i-1} (\bar{p}_i + D_i \bar{l}_i) + (l_{i+1} + l_{i-1}) \left(\frac{h}{2} \sum_{j=i+2}^{N-1} (\bar{p}_j + D_j \bar{l}_j) + \frac{h}{2} \bar{p}_N + H_N \bar{l}_N \right),$$

$$i = \overline{2, N-3},$$

$$[B_2'q]^* \bar{q}^{-N-2} = \frac{h}{2} l_{N-3} \sum_{N-2}^{N-1} (\bar{p}_i + D_i \bar{l}_i) + (l_{N-1} + l_{N-3}) \left(\frac{h}{2} \bar{p}_N + H_N \bar{l}_N \right),$$

$$[B_2'q]^* \bar{q}^{-N-1} = l_{N-2} \left(\frac{h}{2} (\bar{p}_{N-1} + D_{N-1} \bar{l}_{N-1}) + \frac{h}{2} \bar{p}_N + H_N \bar{l}_N \right),$$

$$[B_2'q]^* \bar{q}^{-N} = l_{N-1} \left(\frac{h}{2} \bar{p}_N + H_N \bar{l}_N \right).$$

Собирая слагаемые при δl_i , получим выражения для $[B_3'q]^* \bar{q}^{-i}$:

$$[B_3'q]^* \bar{q}^{-0} = 0,$$

$$\begin{aligned} [B_3'q]^* \bar{q}^{-1} &= -\frac{h^2}{2} \sum_{k=1}^{2N-1} r_1^k \bar{r}_1^{-k} - \frac{h^2}{2} \sum_{i=2}^N \sum_{k=i}^{2N-i} \bar{r}_i^k (r_1^{k+i-1} + r_1^{k-i+1}) \\ &+ (p_0 + p_2) \left(\frac{h}{2} \sum_{j=2}^{N-1} (\bar{p}_j + D_j \bar{l}_j) + \frac{h}{2} \bar{p}_N + H_N \bar{l}_N \right) \\ &- \frac{h}{2} (p_0 \bar{l}_0 + p_1 \bar{l}_1) (r_1^1 + r_1^3) - 2h \sum_{i=2}^{N-1} \bar{l}_i F_i r_1^{2i-1} - 2h \bar{l}_N F_N r_1^{2N-1}, \\ [B_3'q]^* \bar{q}^{-i} &= -\frac{h^2}{2} \sum_{k=i}^{2N-i} r_i^k \bar{r}_i^{-k} - \frac{h^2}{2} \sum_{j=i+1}^N \sum_{k=j}^{2N-j} \bar{r}_j^k (r_i^{k+j-i} + r_i^{k-j+i}) \\ &+ (p_{i-1} + p_{i+1}) \left(\frac{h}{2} \sum_{j=i+1}^{N-1} (\bar{p}_j + D_j \bar{l}_j) + \frac{h}{2} \bar{p}_N + H_N \bar{l}_N \right) \\ &- \frac{h}{2} \bar{l}_i F_i (r_i^i + r_i^{i+2}) - 2h \sum_{j=i+1}^{N-1} \bar{l}_j F_j r_i^{2j-i} - 2h \bar{l}_N F_N r_i^{2N-i}, \\ i &= \overline{2, N-2}, \end{aligned}$$

$$\begin{aligned} [B_3'q]^* \bar{q}^{-N-1} &= -\frac{h^2}{2} \sum_{k=N-1}^{N+1} r_{N-1}^k \bar{r}_{N-1}^{-k} + (p_{N-2} + p_N) \left(\frac{h}{2} \bar{p}_N + H_N \bar{l}_N \right) \\ &- \frac{h}{2} (h \bar{r}_N^N + \bar{l}_{N-1} F_{N-1} + 3 \bar{l}_N F_N) (r_{N-1}^{N-1} + r_{N-1}^{N+1}), \\ [B_3'q]^* \bar{q}^{-N} &= -\frac{h^2}{2} r_N^N \bar{r}_N^{-N}. \end{aligned}$$

Лемма доказана. В итоге получили дискретный аналог сопряженного оператора для обратной задачи акустики.

1. Кабанихин С. Н., Бектемесов М. А., Нурсеитова А. Т. Итерационные

методы решения обратных и некорректных задач с данными на части границы. – Алматы: Международный фонд обратных задач, 2006. – 432 с.

2. Кабанихин С. Н. Обратные и некорректные задачи. – Новосибирск: Сибирское научное издательство, 2008. – 460 с.

3. Нурсеитова А. Т., Нурсеитов Д. Б., Тюлепбердинова Г. А. Численное решение одномерной обратной задачи акустики методом итераций Ландвебера // Вестник КазНУ: Серия «математика, механика, информатика». – 2010. – Т. 64, № 2. – С. 79-86.

ӘОЖ 378.026.9:004.4(574)

ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ КӨЗДЕРІ – БОЛАШАҚ ИНФОРМАТИКА МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУДЫҢ КЕПІЛІ

Ғаббасова Ж.Т.*, Шармұханбет С.Р. - Абай атындағы
ҚазҰПУ, Магистратура және PhD Докторантура институтының
магистранты
(Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы)

Аңдатпа. Құзырлық тұлғары бойынша білім беру прагматикалық сипатта болады және мыналарға бағытталады: мол тәжірибе ала білу; өзінің алған білімінің өзара байланысын ұйымдастыра білу және оны ретке келтіре алу; өзінің алдындағы міндеттерін өздігімен шеше алу біліктілігі. Құзырлық қалыптастыру дегеніміздің өзі болашақ мұғалім – қазіргі студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуальдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ. Бұның өзі өз кезегінде қазіргі ұстаздардан шәкіртті оқытуда, білім беруде, тәрбиелеп өсіруде ақпараттық-коммуникациялық құзырлығын бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етуде.

Кілттік сөз: құзырлық, ақпараттық технология, ақпараттық-коммуникациялық құзырлық, т.б.

Аннотация. Образование с точки зрения компетенции имеет прагматический облик и направлено на следующие: умение приобретать богатый опыт; умение организовать совокупность своих знаний и упорядочить их; умение решать поставленные задачи самостоятельно. Формирование компетенции обозначает ожидаемые результаты при формировании на направление соискании посредством поднятия на высокий уровень мышления и интеллектуальной активности, понимания

значения новизны, обучения чувстве недостатка знания, развивая творческие способности будущих учителей - сегодняшних студентов. Это в свою очередь требует от учителей формирования в процессе обучения и воспитания личности, который обладает информационно-коммуникационной компетенцией.

Ключевое слово: компетенция, информационные технологии, информационно-коммуникационные компетенции и т.п.

Abstract. *From the point of view of education competence has got pragmatical shape and it is directed on the following: ability to gain a wealth of experience; ability to organize set of the knowledge and to order them; ability to solve objectives independently. Formation of competence designates expected results when forming on the direction competition by means of a raising on high level of thinking and intellectual activity, understanding of value of novelty, training feeling of a shortcoming knowledge, developing creative abilities of future teachers - today's students. It in turn demands from teachers of formation during the training and education process the personality which possesses information and communication competence.*

Keywords: competence, informational technology, informational-communicative competence, etc.

Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту Тұжырымдамасында: «Қазіргі заман жағдайында жоғары білім беру жүйесіне жаңа сана мен қоғамдық мәртебе беру және оны айрықша сала ретінде қабылдау қажет, оның бірінші кезектегі міндеті – жоғары білікті мамандарды оздыра даярлау, икемділік пен білімділік болуға тиісті», - деп көрсетілгендей, білікті маман ғана қоғамды дамытып, еліміздің экономикасын өркендете алады. Маманның біліктілігі мен кәсіби деңгейінің жоғары болуы оқытуды дұрыс ұйымдастыра білуімен байланысты.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауының «**Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдарының**» 4-бөлімінде: «**Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек.**...Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс. Сондай-ақ балаларымыздың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды» [1] деген тұжырымдамасында жеткіншек жастар мен болашақ маманның сауатылығы мен білім, біліктілігіне ерекше мән берілген.

Осы тұрғыда ақпараттық технологиялар негізінде студенттердің ақпараттық-коммуникациялық құзырлығын қалыптастыру өзекті мәселелердің бірі. ЖОО-да – біріншіден, өмір сүріп отырған заманның қажеттілігіне, әлеуметтік жағдайына, қоғамның нақты сұранысына қарай

оқытып тәрбиелеу керек болса, екіншіден, жеке тұлғаны адамзат мәдениетінің барлық байлығы негізінде қалыптастырушы ретінде болашаққа қызмет ететін білімді де білікті маман етіп даярлау.

Ғылымда ақпараттың саласын бағалау және оны қабылдау біліктерін дамыту, оны қолдануға таңдай білу, нақты мәселелерді шешуде әртүрлі ақпараттар көздерін таба білу, бұл қасиеттердің жеке тұлғаның бойынан табылуы ақпараттық құзырлықтың қалыптасуы болып саналады.

Жеке тұлғаның танымдық үрдістерін дамытуда, сондай-ақ, білім, білік, дағдыны, жалпы дүниетанымын қалыптастыруда оқыту әдістерін, жаңа оқыту технологияларын оқыту үрдісінде тиімді пайдалана білу мұғалім шеберлігіне байланысты.[2].

Қазіргі заман талабы – оқытудың жаңа технологияларын меңгеру болып табылады. Ал, оқытудың жаңа технологияларының бірі – ақпараттық технология.

Ақпараттық технология – 1) объектінің, процестің немесе құбылыстың күйі туралы жаңа ақпарат алу үшін мәліметтерді жинау, өңдеу, жеткізу тәсілдері мен құралдарының жиынтығын пайдаланатын процесс; 2) ақпаратты өңдеу үшін пайдаланылатын технологиялық элементтердің, құрылғылардың немесе әдістердің жиынтығы. Ақпараттық технология – қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны.

Коммуникация – ақпаратты тасымалдап жеткізу әдістері мен механизмдерін және оларды жазып жинақтап жеткізу құрылғыларын қамтитын жалпы ұғым. [3].

Ақпараттық-коммуникативтік технология жағдайындағы жалпы оқыту үрдісінің функциялары: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттық болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамытумен анықталады. Оқытудағы ақпараттық-коммуникативтік және интерактивтік технологияның бағыттары:

- электронды оқулықтар;
- телекоммуникациялық технологиялар;
- мультимедиялық және гипермәтіндік технологиялар;
- қашықтықтан оқыту (басқару) Интернет.

Информатика сабағында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы студенттердің ақпараттық құзырлығын қалыптастыру, қазіргі заман талабына сай ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарды пайдалану студенттің білім беру үдерісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Ақпараттық-коммуникативтік технологияны оқу-тәрбие үрдісіне енгізуде мұғалім алдына жаңа бағыттағы мақсаттар қояды:

- Өз пәні бойынша оқу-әдістемелік электронды кешендер құру, әдістемелік пәндік Web-сайттар ашу;
- Жалпы компьютерлік желілерді пайдалану;

- Бағдарламалау ортасында инновациялық әдістерді пайдаланып, бағдарламалық сайттар, құралдар жасау (мультимедиялық және гипермәтіндік технологиялар);

- Қашықтықтан оқыту (Internet желісі) барысында өздігінен қосымша білім алуды қамтамасыз ету.

Оқытудың ақпараттық-коммуникациялық және интерактивтік технологияларын пайдалану – педагогикалық іс-әрекеттердің мазмұны мен формасын толықтыру негізінде оқыту үрдісін жетілдірудің бірден бір жолы. Сондықтан да компьютерлік желілерді, интернет жүйесін, электрондық оқулықтарды, мультимедиялық технологияларды, қашықтан оқыту технологиясын пайдалану оқу орындарында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар кеңістігін құруға жағдай жасайды.

Білім беру жүйесін ақпараттандырудың негізгі талаптарының бірі – оқу үрдісіне электрондық оқулықтарды жасау және пайдалану. Осы уақытқа дейінгі білім беру саласында тек мұғалімнің айтқандарын немесе оқулықтарды пайдалану қазіргі заман талабын қанағаттандырмай отырғаны белгілі. Сол себептен білім беру жүйесінде электрондық оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес. Соның нәтежиесінде студенттердің пәнге деген қызығушылығы артып, шығармашылықпен жұмыс жасауына үлкен мүмкіндік тудырады.[4].

Білім беруді ақпараттандыру – бұл ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын білім беру саласында қолданудың методологиялық және тәжірибелік құндылықтарын зерттеп, оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық және педагогикалық мақсаттарына бағыттап қамтамасыз ету процесі. Бұл процесс мына бағыттар бойынша жетілдіріледі:

- білім беру жүйесінің басқару механизміндегі ғылыми-педагогикалық ақпараттар мен ақпараттық-әдістемелік материалдарды автоматтандыру арқылы оның қолданылу аясын жетілдіру және басқару ісіне коммуникациялық желілерді қолдану;

- ақпараттық қоғам жағдайында жеке тұлғаның даму бағыттарының міндеттерін негізге ала отырып, оқытудың мазмұнын, әдістері мен оны ұйымдастыру формаларын таңдау мен оның методологиясын жетілдіру;

- үйренушінің интеллектуальдық қабілетін дамытуға, өздігінен білім алуға, түрлі ақпараттарды өздігінен өңдеу сияқты әрекеттерге бағытталған оқытудың әдістемелік жүйесін ақпараттық-коммуникациялық технология арқылы құру;

- үйренушінің білім деңгейін бағалау мен бақылау әдістерін талдау бағытында компьютерлік тестілеуді құру мен оны қолдану.

Білім беруді ақпараттандыру процесі жағдайында жеке тұлғаның интеллектуальдық, қоғамдық, экономикалық, коммуникациялық және ақпараттық сияқты іс-әрекеттерін түрлі салаларға қолдану арқылы құзырлығын қалыптастыру негізгі талаптардың біріне айналады.[5].

Ақпараттық-коммуникациялық құзырлық – бұл оқу, тұрмыс және кәсіби бағыттағы міндеттерді шешуде ақпараттық-коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеті. АҚҚ-ты

калыптастыруды В.С. Блум мен В.П.Беспалько идеяларын негізге ала отырып, 3 деңгейге бөлуге болады:

- түсіндіру;
- үлгі бойынша қолдану;
- шығармашылық бағытта қолдану.

Педагогикалық жоғарғы оқу орындарында ақпараттық-коммуникациялық күзінеттілікті қалыптастыруды 3 кезеңге бөлуге болады және оған сәйкес негізгі сипаттамалары келесі кестеде (1-кесте) берілген.

1-кесте.

Педагогикалық мамандарды даярлауда АҚҚ қалыптастыру кезеңдері №	Кезеңнің атауы	АҚҚ-ті қалыптастыруды үйрету пәндері мен қалыптастыру кезеңі	Берілген кезеңдерде АҚҚ-ті қалыптастыру бөліктері	Кезеңнің сипаттамалық ерекшеліктері
1	Базалық – базалық АҚҚ-ті қалыптастыру	Орта мектеп. «Информатика» және/немесе «Ақпараттық технология»	Компьютер құрылғысы туралы жалпы түсінік. Операциялық жүйе мен жұмыс жасау негіздері. Word-та қарапайым құжаттарды құру. Excel-де қарапайым есептеулерді жүргізу. Қарапайым презентацияларды құру.	Мектеп оқушыларының оқу қызметін ұйымдастыруда АТ-ны қолдану. Қарапайым тұрмыстық есептерді шешу.
2	Жалпы – жалпы АҚҚ-ті қалыптастыру	Педагогикалық жоғарғы оқу орындарында 1-2 курстары. «Информатика»	Интернет ресурстарын қолдану арқылы ақпараттарды табу. Word-та қарапайым (суретсіз, кестесіз) және күрделі	Семинарға, практикалық сабақтарға дайындалуда, баяндамалар жазуда, дипломдық және курстық жұмыстарды, сонымен бірге

Abstract. In this article we considered training of a separate stage of computer graphics in a profile course of pupils in school. In each stage pupils have to will get acquainted not less than one graphic editor and to reach such level that were able to work. We made in 9 classes the maintenance of the three-dimensional graphic editor in a profile course. There are theoretical subjects, practical works and tasks for independent work.

Keywords: computer graphics, three-dimensional graphics, 3ds max, profile course, 9-class.

Қазіргі қоғамда ақпараттық ағындар күн санап өсіп келеді және әр жыл сайын ақпараттарды пайдаланушыларға жеткізу көбірек жігерді қажет етеді. Мұны масалы, сыртқы жарнаманың санының көбеюінен дизайнер қызметіне деген сұраныстың өскенін байқауға болады. Жалпы қазіргі кездегі барлық компьютерлік бағдарламалық орта өзіндік графикалық кескінімен немесе интерфейсімен беріледі, пайдаланылады, іске асады. Сондықтан да, тек компьютерлік графикалық редакторлар арқылы алынатын өнім ғана емес, жалпы компьютерлік орталардың өзінде де графиканың алатын орны ұшан теңіз [1,2].

Компьютерлік графика саласындағы болашақ мамандарды дайындау педагогикалық және әдістемелік жаңа идеяларды қажет етеді. Ал біз сөз етіп отырған компьютерлік графика мамандарының алғашқы буыны мектеп қабырғасында тәрбиеленеді. Себебі, жоғарыда аталған мамандықтарға бейімделетін оқушы компьютерлік графикаға қатысты білімді өз бойында мектеп қабырғасынан қалыптастыруы қажет. Мектеп қабырғасында компьютерлік графикаға қатысты сағат саны аз бөлінген.

Жалпы орта мектепке арналған оқулықтарға және «Информатика» пәні бойынша 2013-2014 оқу жылына арналған стандарт оқу бағдарламасына талдау жасай келе, біздің байқағанымыз компьютерлік графика туралы сағат саны аз қарастырылған. Соның ішінде 10-сыныптың жаратылыстану бағыты бойынша – 3D-модельдеу және анимация, 3D-кеңістігінің бағдарына кіріспе, объектілерді құру және практикалық жұмыспен қоса алғанда 8 сағат қарастырылған. Бірақ мектеп қабырғасында оқытылатын Информатика оқулықтарына талдау жасай келе, біздің байқағанымыз үш өлшемді графиканы оқытуға арналған оқулық жоқтың негізінде қарама-қайшылық туындайды. Яғни, компьютерлік графиканың теориялық негіздерімен қатар практиканың өзара байланысы негізінде сабақтастық пен бірізділік ұстанымдарын ескере отырып, оқушыларды практикада әртүрлі компьютерлік графика бағдарламаларын (MS Paint, Adobe Photoshop, Macromedia Flash, Corel Draw, 3DS MAX) қолдана алуын қарастыру керек. Осыларды ескере отырып пәнаралық байланыс ретінде «Компьютерлік графика» бойынша бейінді курстарды және оларды кезеңдерге бөліп оқытуды қарастырсақ. Өйткені, «Компьютерлік графика» курсы бойынша ақпараттар өте көп және стандартта бекітілген сағат санынан асып кетеді, және де оқушы бұл курс барысында жоқ дегенде бір программамен толық жұмыс істей алатындай дәрежеге жетеді. Осы айтылғандарды ескере отырып, мектеп қабырғасында оқушыларға компьютерлік графиканы оқытуды төрт кезеңге бөліп қарастыруды ұсынамыз.



Компьютерлік графиканы оқытуда меңгерілетін білім мазмұнын оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай оқыту мақсатына сай кезеңдер бойынша құрылымдаймыз. Мысалыға:

I кезең (5-6-сыныптар) бойынша:

- MS Paint графикалық редакторымен жұмыс істеу;
- MS Paint графикалық редакторының құралдары мен командалары;
- үзінділермен жүргізілетін әрекеттер;

- жасалған объектілермен негізгі операцияларды орындау (сақтау, ашу, жабу, көшіру, алмастыру, масштабтау және т.б.);
- қағазға сызылған графиканың компьютерлік аналогын жасау;
- графикалық редакциялауда мәтінмен жұмыс жасау, өңдеу, сақтау, жүктеу.

II кезең (7-8-сыныптар) бойынша:

- компьютерлік графиканың теориялық негіздерін оқыту;
- компьютерлік графиканың қолдану аймағы, негізгі бағыттары;
- компьютерлік графиканың түрлерін қарастыру; расторлық, векторлық, фрактальдық графикалық редакторлар;
- векторлық және расторлық графикалық редакторлардың артықшылықтарын, кемшіліктерін, айырмашылықтарын қарастыру;
- расторлық және векторлық графикалық редакторларының негізгі форматтары;
- Adobe Photoshop графикалық редакторымен танысу;
- Adobe Photoshop графикалық редакторының мүмкіндіктерін практикада қолдану;
- Adobe Photoshop расторлық бағдарламасының негізгі саймандарын қолдана отырып, өзіндік иллюстрацияларды құру;
- Corel Draw графикалық редакторымен танысу;
- Corel Draw векторлық редакторы жұмысының негізгі принциптерін қарастыру;
- Corel Draw графикалық редакторының мүмкіндіктерін практикада қолдану.

III кезең (9-сынып) бойынша:

- үш өлшемді кеңістік ұғымына кіріспе;
- үш өлшемді графиканың математикалық негізі.
- 3DS Max бағдарламасына кіріспе;
- 3DS Max бағдарламасына жұмыс терезесі;
- 3DS Max бағдарламасының пайдаланушы интерфейсі;
- 3DS Max бағдарламасының жұмыс кеңістігінің күйі;
- 3DS Max-тағы проекция терезелерімен жұмыс істеу;
- кеңістікте екі өлшемді пішіндерді құру;
- 3DS Max-тағы примитивті модельдерге кіріспе және т.б.

Келтірілген кезеңдер бойынша алғашқы екі кезең мектеп қабырғасында оқыту мазмұнына кірістіледі де, соңғы екі кезеңдегі анықталып отырған мазмұн 2013-2014 оқу жоспарында 10-сыныптың жаратылыстану бағытында ғана, онын өзінде не бары 8 сағат енгізілген. Сондықтан, үшінші кезеңді жалпы оқу жоспарына сай информатика пәнінің бейінді курстарында 9 сыныптарға пән аралық байланыс негізінде оқытылуы қажет деп санаймыз. Неліктен 9-сыныптан? Себебі, анықталып отырған мазмұн бойынша оқушылардың осы кездегі алған білімдері мен жас ерекшеліктеріне сәйкес, яғни оқушы дәл осы кезде үш өлшемді кеңістікті тани бастайды, геометрия сабақтарында үш өлшемді кеңістікпен танысып, сызу сабақтарында да үш өлшемді кеңістікте фигураларды салу, оларды әр қырынан қарап салу,

изометриялық көріністерін бейнелеумен таныса бастайды. Сол себепті, біз пәнаралық байланыс ретінде және оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай 9-сыпыпқа бейінді курс оқытуды қарастырамыз.

«Үш өлшемді графикалық редакторды оқыту» бейінді курсының негізгі бағыты – дамытушылық, яғни оқушылардың қызығушылығын қолдауға және қанағаттандыруға бағытталған. Бұл курс оқушылардың танымдық белсенділігін, шығармашылық және ойлау қабілетін дамытуға, информатикаға қызығушылығын арттыруға, ең бастысы, осы ғылым негізімен тікелей байланысты мамандықтар әлеміне баулиды. Курстың материалын баяндаған кезде теориялық, практикалық жұмыстар және өз бетімен орындайтын өзіндік жұмыс тапсырмалар пайдаланылады.

Үш өлшемді графикалық редакторды оқытудың мақсаты

Компьютерлік графиканың түрі – үш өлшемді графикалық редакторын тереңінен түсініп оқу. Үш өлшемді объектілермен жұмыс істейтін 3DS Max графикалық редакторының негізімен танысу.

Үш өлшемді графикалық редакторды оқытудың міндеттері:

1. Үш өлшемді графикалық редакторлар саласында білімін жетілдіру:
 - үш өлшемді кеңістік ұғымымен танысу;
 - үш өлшемді кеңістік ұғымының математикалық негіздерін қарастыру;
 - 3DS Max үш өлшемді графикалық бағдарламасының интерфейсімен танысу.
2. Үш өлшемді графикалық редакторлар саласында практикалық дағдыларын қалыптастыру:
 - 3DS Max үш өлшемді графикалық бағдарламасындағы проекция терезелерімен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;
 - 3DS Max үш өлшемді графикалық бағдарламасының жұмыс кеңістігінің күйімен танысу;
 - көпбұрыштар, олардың қасиеттері мен трансформациялауда практикалық дағдыларын қалыптастыру;
 - модельдерді құруды үйрену;
 - кеңістікте екі өлшемді пішіндерді құруды үйрену;
 - 3DS Max үш өлшемді графикалық бағдарламасындағы параметрлік модификаторларды қолдануды үйрену.

«Үш өлшемді графикалық редакторын оқыту» бейінді курсымыздың мақсатын және міндетін анықтап алғаннан кейін, курсымыздың оқытылу мазмұнын құрастырсақ та болады.

«Үш өлшемді графикалық редакторын оқыту» бейінді курсымыздың мазмұнында келесідей тақырыптарды қарастырдық:

1. Үш өлшемді кеңістік ұғымы.
2. Үш өлшемді графиканың математикалық негізі
3. 3ds max үш өлшемді графикалық бағдарламасын іске қосып, жұмыс терезесімен танысу
4. 3ds max-тағы проекция терезелерімен жұмыс істеу
5. Көпбұрыштар, қасиеті және трансформациялау

6. Командалық панелдің Create қосымшасымен жұмыс.Сплайндар
7. Стандартты примитивтер. Сахнаны құру
8. Негізгі екі өлшемді фигуралар құру
9. Клондау. Тегістеу және массив жасау
- 10.3ds max-тағы параметрлік модификаторлар
- 11.3ds max-тағы редакциялау, тегістеу модификаторлары
- 12.Құрамды объектілер және олардың түрлері (Бульдік және лофтингті объект)
- 13.Құрамды объектілер және олардың түрлері (таратылған, қосылған, морфингті, тамшылы-торлы объект)
- 14.3ds max-та анимация негіздері
- 15.3ds max-тағы материалдар
- 16.Өзіндік жоба жұмыстары

«Үш өлшемді графикалық редакторды оқыту» бейінді курсымызды аяқтағаннан кейін оқушыларды бағалау соңғы өзіндік жоба жұмыстарының нәтижесімен бағаланады. Өйткені оқушылар өзіндік жоба жұмыстарын орындау барысында курс бойынша өтілген барлық теориялық тақырыптар мен практикалық жұмыстарды қаншалықты игергенін көруімізге болады.

Қорыта келе, қазіргі экономикалық және әлеуметтік жағдай жалпы білім беретін мектептердің бітірушілеріне жаңа міндеттер қояды: ақпараттық кеңістікке бейімделу, шығармашылық ойлау, коммуникативтік дағдылы болу, шешім қабылдай білу және оларға жауапкершілікпен қарау. Сондықтан болашақта оқытудың жаңа әдісін тауып, оны кең көлемде пайдалануды іске асыру қажет. Ал, біз қарастырып отырған информатика курсын келтірілген мазмұнда, ұсынылған формада жүргізу оқушылардың қызығушылығын, танымдық қабілеттерін арттырып, болашақта өз мамандықтарын дұрыс таңдауда кәсіби бағдар берген болар едік.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Танирбергенов Медеубек Жуматаевич. «Жоғары оқу орындарында графиканы оқытудың теориялық және әдістемелік негіздері». дис... пед. ғылым. докт. – Шымкент.,2010. – 110б.
2. Бостанов Б.Ғ., Бажибаева А.Б. Мектеп информатикасының бейінді курсында компьютерлік графиканы оқытудың қажеттілігі. // Ұлағат №3,2012. – 15-21б.
3. <http://festival.1september.ru/articles/505342/>

Резюме

В этой статье мы рассмотрели обучение отдельного этапа компьютерной графики в профильном курсе учеников в стенах школы. В каждом этапе ученики должны познакомиться не меньше одного графического редактора и достичь такого уровня чтобы уметь работать.

Summary

In this article we considered training of a separate stage of computer graphics in a profile course of pupils in school. In each stage pupils have to will get acquainted not less than one graphic editor and to reach such level that were able to work.

ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ ҒЫЛЫМЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ **ВОПРОСЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ**

ӘОЖ 37.016:72

«МӘДЕНИ МҰРА» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ҰЛТТЫҚ СӘУЛЕТ МЕКТЕПТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ БҮГІНГІ ЖАҒДАЙЫ

*Байғұтов Карим Алимханұлы – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің
Магистратура және PhD докторантура институтының 1-курс
магистранты
(Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы)*

Аннотация. В данной статье рассматриваются автором проблемы развитие формирования национальных школ архитектуры Казахстана, с целью исследовать "культурные наследия" народов. А также автор раскрывает современное состояние историко-культурного наследия и архитектуры Казахстана.

Ключевые слова: культурное наследие, дискриминация культуры, симбиоз культуры, типология, мемориал, конструктивизм, интернационал, генезис архитектуры, опрометчивая стилизация, романтическая битва.

Abstract. In this article the author discusses the problem of the formation of the development of national schools of architecture in Kazakhstan, with a view to explore the "cultural heritage" of peoples. Also, the author reveals the current state of historical and cultural heritage and architecture of Kazakhstan.

Keywords: cultural heritage, discrimination culture, symbiosis culture, typology, memorial, constructivism, international, genesis architecture, heady pastiche, romantic battle.

Аңдатпа. Қазіргі мәдени-тарихи негізде, өте қысқа мерзімнің ішінде (*жиырма жыл шамасында*), кең ауқымда ұлтқа арналған жаңа ғимараттар түрінің, жаңа құрылыс техникасы мен материалдарының ұсынылуымен кәсіби жетілген бүгінгі сәулет өнерінің пайда болуын өзіндік әлеуметтік-мәдени және сәулеттік тәжірибе ретінде қарастыруға болады.

Кілтті сөздер: мәдени мұра, мәдениет дискриминациясы, мәдени симбиоз, типология, мемориал, конструктивизм, интернационал, сәулет өнерінің генезисі, аңғырт стилизация, романтикалық шайқас.

Бүгінгі қоғам дамуындағы негізгі ерекшеліктердің біріне тарихи мәдениетімізді танып білу өзекті мәселенің бірі болып қойылуда. Осыған байланысты елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай: «*Тарих сабақтары бізге*

өткенімізді бағалау үшін ғана емес, болашаққа нық қадам басуда сенімді бағдар жасау үшін де қажет»[1, 56]. Сонымен осы негізімізді дамыту мақсатында бүгінгі таңымыздың ерекшелігін анықтады және отандық мәдениетіміздің болашақ жағдайының келешегі жарқын екендігін көрсетті. Жалпы қазіргі мәдениеттің жетістіктерінің бір аспектісі мәдени мұраға, соның ішінде, сәулеттік – қала құрылыстық мұраға құнықтап көңіл бөлу болып табылатын осы секілді көзқарастардың жемістілігі жайлы дәлел болады.

Кішігірім қиындықтар ұлттық мектепті дүниеге әкелумен байланысты болды. Қазақстан сәулет өнерінің тарихтағы балаңдығы өзгешелік мәселелеріне ерекше өзектілік берді. Оны, нақты сәулеттік болашақ үлгісіне бағытталуы емес (*бұл мұра тек 1970-1980 жж. археологиялық ашылудың арқасында ғана кең танымал болды*), бүкіл дәстүрлі мәдени кешеніне әсері анықталды. Аталмыш Қазақстандық кәсіптік мектептің айрықша ерекшелігі оны бұрынғы пішіннің үстемдігінен сақтай отырып, қалыптасу үрдісінің қиындығы мен өзіндік ерекшелігін жасады. Жас ұлттық мектептердің қалыптасуында әлемдік тәжірибе көрсеткендей, дамыған сәулеттік дәстүр, көбінде тарихи пішіндерді көшірмелеу тығырығына әкеліп тіреген кәсіби сәулетшілерді ұсынады [5, 36 б].

Сәулеттік өнерде халықтық көркем дәстүрдің динамикасын талдау қазіргі мәдениет жүйесінде оның рухани-эстетикалық қырын күшейтуге байланысты ерекше маңыздылыққа ие. Этникалық және ұлттық мәдениеттің жетістіктері әлемдік көркемөнер контекстіне қосылып, ұлттық өнерге жаңа көріністер әкеледі. Аталған үрдісті тыңғылықты зерттеу барысында жергілікті мәдениет ерекшеліктерін түзетуші әрі жоққа шығарушы, жаһандануға қарсылық білдіруші ретінде айшықталды. Оған қоса орталыққа ұмтылған үрдістер сәулет өнерінің, қазіргі заман өнерінің палитрасын түрлендіре отырып, ұлттық мектеп белсенділігінің артқандығы секілді қазіргі заман мәдениетінің еуропоцентристік құрылғыларын жеңгенін дәріптейді. Анығырақ айтсақ, бұл әлемдік өркениет жетістігінде қалыптасқан *«ранг туралы табельден»* жетілген мәдениет дискриминациясы. Бұл XX ғасырдың ең маңызды жаулап алуларының бірі болып табылады. Өзге ұлттық кәсіби мәдениетпен қатынасқа түскен этникалық машығы балауса ұлттық мектеп қалыптасуының динамикасы мен тарихының талдауы ерекше мәнге ие болады, осындай мәдени симбиоз қызықты құбылыстарды тудырды. Аталған үрдістер әртүрлі мәдениет орталықтарынан жеке бөлшектерімен ерекшеленеді, алайда, соған қарамастан ол белгілі заңдылықтардың тізбегін немесе сәулет мектептер қалыптасуының заңдарын анықтайды.

Қазақстан мәдениеті ерекшелігінің контекстіндегі қазіргі заман мәдениеті дамуының құралы мен мақсаты ретінде көрінген дәстүрдің дүниетанымдық потенциалын игеру солардың бірі болып табылады. Жалпы мәдени құрылғылардың кәсіби өнердің дамуына әсерінің сипаты мен позитивті нәтижелері әсіресе өздерін жеке алынған ұлттық мектеп материалында айқын көрсетеді. Қазақстан сәулет өнері мектебінің қалыптасу үрдісіндегі мәдениеттанушылық машық пен ерекшелік осы жоспарда даусыз

өзектілікке ие болып, тар ұлттық қызығушылық шеңберінен шығатын зерттеуге арналған маңызды жобаларды ұсынады.

Өз кезегінде тек дұрыс анықталған Қазақстандық сәулет өнері мектебінің қалыптасу үрдісі ғана оның бүгінгі жағдайда дамуының тенденциялары мен заңдылықтарын түсінуге мүмкіндік бере алады. 1990-2000 жж. кең көлемде баяндалған материал сыншылар мен мамандар тарапынан сәулет өнерін қабылдауда кейбір тоқырауларға алып келді. Бұрынғы сөзсіз таңқалыстар керағар бағалаумен орын ауыстырды. Осы тұста көп уақыт бойы типологиясы бойынша әртүрлі сирек ұшырасатын нысандарды салудың шығармашылық міндеттерін жүзеге асырумен байланысты жаулап алу әрекетінен бас тарту мәселесі көтеріледі [5, 376].

Сәулет өнері рухани және материалдық құндылықтардың жинағы мен нәтижесі болып табыла отырып, жалпы адами мәдениеттің маңызды құраушысы ретінде қызмет етеді. Осыған байланысты, Қазақстанда қолдағы бар сәулет пен қала құрылысының тарихи мұрасын зерттемейінше, қазақ халқының тарихи мәдени мұрасын зерттеудің біртұтас жүйесі толық болмайтынына ерекше назар аудару керек.

2004 жылы 13 қаңтарда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қаулысы бойынша қабылданған *«Мәдени мұра»* Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру Қазақстан мәдениетінің тарихи негізін зерттеу мен оны әрі қарай дамыту үшін қоғамның рухани саласын дамытудағы маңызды кезеңдердің бірі болып табылады [2, 56].

Қазіргі күнге дейін тарихи сәулет мұраларының қалыптасу, даму тарихы, аймақтық ерекшеліктері зерттеуді қажет етеді. Қазақстандағы мемориалды тарихи сәулет ескерткіштерінің сәулеттік формаларының құрылымы, жіктелуі, құрылыс материалы туралы мәліметтер осы уақытқа дейін зерттелмей келеді.

Қазіргі уақытта мәселелердің бір бөлігі ретінде соңғы кезде сәулеттің дамуындағы басты фактор болып табылатын өткен мен қазіргінің арасындағы тығыз қарым-қатынастың белгілі деңгейіндегі сабақтастығының бұзылуымен тікелей байланысты болады, яғни *«...тарихи даму жалпы уақыт бойынша соңғы үлгі алдындағы пішімдерді өзіне алып келетін саты ретінде қарастыратынына сүйенеді...»*. Сондықтан сәулет өнерінің қалыптасуы мен дамуының қажетті жағдайы, біздің ойымызша, қазіргі уақыт пен өткенді жокқа шығаратын феноменді ойлап табу әрекеті емес, мәдени мұрамызды өңдеу арқасында сабақтастықты қамтамасыз етуге болады.

Жалпы қазіргі мәдениеттің жетістіктерінің бір аспектісі мәдени мұраға, соның ішінде, сәулеттік – қала құрылыстық мұраға құнттап көңіл бөлу болып табылатын осы секілді көзқарастардың жемістілігі жайлы дәлел болады: *«Біздің дәуіріміздің техникалық және әлеуметтік дамуы талап ететін біркелкі және тұлғасын жоғалтып беру алдындағы қауіптілік: ол – өз мәдениетімен қатар тұрмысының ерекшелік негіздерінің бірінің байқалуын көретін адам мен халық үшін маңызды мәнді иеленетін тірі куәгер»*, – деп Біріккен Ұлттар Ұйымы баяндамасында көрсетілген [3, 56].

Сәулет өнерінің ғасыр өткен сайын өзіндік бір қасиетке, стильге ие болуы мен жаңғыртуы ол әрине халықтың тарихи сабақтастығы мен мәдениетінің сақталуы арқасында ерекше туындыларды өмірге алып келіп жатыр. Бұл деген халықтың тарихи тамыры нық әрі сенімді болуы басты негізге айналуы тиіс.

Сәулет өнерінің шығармашылықтағы сабақтастық мәселелерін есепке алудың ерекше маңыздылығы туралы түрлі кезеңдерде жасалған қоспалардың нәтижелерінде оларды жасаумен байланысты әлемдік сәулет өнерінің таңдаулы жарасымдылығының тереңдігі мен шексіз тартымдылығы, көп жоспарлылық деректері түрлі авторлардың әл де неше рет атап көрсеткені дәлел болды. 1920 жылдары «конструктивизм» сәулетінің негізін салған М.Я. Гинзбург былай деп жазды: *«Әрбір мәдениет дамуының белгілі сабақтастығы болмаса, сәби қалпында қалар еді, тіпті, өзінен бұрынғы мәдениеттің көркем тәжірибесінің тығыз байланысының арқасында ғана әр кезде қол жеткізетін кемеліне келу дәуіріне бірде-бір рет жете алмас еді»*[4, 9 б].

Қазақстан сәулетінің сабақтастықта даму заңдылығының байқалуы дәстүр мен жаңашылдық мәселелерімен, онымен байланысты республика сәулет мектептерінің қалыптасуының ұлттық өзгешелігі мен интернационалдық ерекшелігі мәселесін жарыққа шығаруға мүмкіндік береді. Адамдар *«ғасырлардың дамып келе жатқан тәжірибесін өзіне сіңірген, мәдениет сабақтастығының анық белгілері айқын көрінетін дүниелерді көргісі келеді»*. Қазақ жерінде қаншама тарихи жәдігерлердің сақталуы, оларды қалпына келтірумен болашақ ұрпаққа дәріптеу арқылы, қазіргі уақытта ұлттық нақыштағы жаңаша заманауи стильдегі ғимараттардың пайда болып, өркендеуіне көптеген зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру керек. Бұл жерде сәулеттің өзінің қалыптасу кезеңінен бергі сабақтастықта даму сипаты жайлы мәселе өткір түрде тұрады.

Біздің еліміздің тәжірибесі, осы жағынан алғанда, Қазақстан өзін жаһандық тарихи катаклизмге үнемі душар болатын, кейде азаматтарының өмір сүру дәстүрі мен елді мекендерінің келбетін түбегейлі өзгертетін ел ретінде жарқын мысал болып табылатындықтан ерекше мәнге ие болады. Сондықтан сәулет саласындағы көптеген мәселелерді шешу тәжірибесін зерттеу жалпы қоғам тарихын тану және Қазақстан сәулет өнерінің одан әрі дамуының оңтайлы жолдарын анықтау үшін үлкен мәнге ие болады.

Мәдени мұраны қалыптастыруда сәулет өнерінің қазіргі уақыты мен өткенін дамыту мақсаты төменгі бағыттармен жүзеге асады:

- Қазақстанның сәулет құрылысының ежелгі дәуірден ХХІ ғасырға дейінгі сабақтастықта даму амалдарын бақылау;
- жоғарыда көрсетілген негізгі нысандар арқылы республика сәулетін шығармашылық жағынан жалпы ұғыну;
- аз танылған ғимараттар мен құрылыстарды сәулет өнері ғылымына қосымша ендіру;

- өңірдің сәулет өнерінің өзгешеліктері мен ерекшеліктерін анықтау;
- халықтың сәулет өнеріндегі қалалары мен ескерткіштерді кешенді зерттеу;
- сәулет өнерінің мұрағаттық және әдеби деректеріне қатысты материалдарды жинау және өңдеу;
- тарихи мәдени негіздер, даму ерекшеліктері, сонымен қатар сәулеттің даму заңдылығының жұмысында анықталған республиканың, жеке қалалар мен нысандардың өзіндік мәселелерін шешуге, яғни қазіргі сәулеттегі дәстүрдің рөлін түсіну;
- сәулеттік мұраларды игеру мәселелерін жаңаша шешу;

Осы бағытты дамыту еліміздің сәулет өнерінен әрі дамуына болжау жасаудың теориялық негізіне және шығармашылық бағыттарының ғылыми негіздемесі ретінде қызмет етуге мүмкіндік береді.

Сәулеттің қалыптасуының, соның ішінде Қазақстанның ежелгі сәулет өнерінің генезисі мен ерекшеліктерінің байқалу мәселесі талап етеді:

- нақты мәдени процестердің қалыптасуы үшін сәйкес келетін тарихи ахуалдардың пайда болу уақытын анықтау;
- осы өлкедегі пайда болған шаруашылық жүргізу тәсілдерін анықтау;
- қоғамның басым идеологиясының пайда болуын анықтау, қазақ халқының ата-бабаларының тайпаларының мәдени деңгейі, олардың көршілес өркениеттері мен мәдени-экономикалық байланыстарының сипаты;
- қазақстанның түрліше табиғи климаттық жағдайлардағы қажетті құрылыс материалдарының болғанын анықтау. Сонымен, бәрінен бұрын өңірдегі сәулет өнерінің туындау уақытын анықтауға тырысу керек [3,86].

Мәдени мұраны игеру - көркемдік бағдарламаның жағымсыз сипатына, 1940 жылдардағы сәулет өнері теоретиктердің болжамдарына қарамастан «*ұлттық стильдің*» өмір сүруі мен даму жүйесінің эволюциясына импульс бола алмады. «Аңғырт стилизация» секілді ұлттық халық эстетикасына жақын пішіндердегі мәдени қатынасқа ене отырып, әртүрлі елдердің өнерін талдаудың нәтижесі, әлемдік тәжірибені игеру мен танысудың кезеңі көрсеткендей кәсіби мектептің қалыптасуының алғашқы сатысы байқалмай өтіп кетеді. Ұлттық мектептің қалыптасу кезіндегі дәстүрлі пішіндерге - «*тарихилыққа*» - оралу өткенмен көрнекі әрі типтік байланысты орнатуға көмектескен сипаттамалы-этнографиялық арнада өтті.

Ұлттық сәулет өнері өзін іздеген сол бір «*романтикалық шайқас*» 1980 жылдардың жетістігі болған қазіргі мен өткеннің жемісті әрі табиғи мәдени синтезіне орын даярлап қойды. Ол кезде мектеп интернационалдық стильдік жалпылық алдында арбалып қалу қаупін басынан кешіріп, өзі туралы жария еткен болатын. Тәжірибедегі сәулетшілер қазіргі заман талаптарын ескере отырып мәдени-тұрмыстық дәстүрді игеруді талап етті [5, 50 б].

Қорыта келгенде ұлттық сәулет мектептерімізді өркендетіп, жоғары қарай өрлей берсе көптеген ірі әрі жемісті нәтижеге жетеміз. Өткеніміз бен бүгінгі күніміздің тарихи жәдігерлерімізді, оның ішінде сәулеттік

құрылыс ғимараттарын қалпына келтіру, ұлттық сәулет өнерімізді жетілдіру, ұлттық мәдени мұрамыздың басты негізіне айналады деген нық сеніммен айтуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздіктің бесжылдығы. –Алматы: 1996. -292 б.
2. Марғұлан Ә., Бәсенов Т., Меңдіқұлов М. Қазақстан архитектурасы. – Алматы: Өнер, 2010. –Т.1. -5б.
3. Б.Глаудинов. Қазақстан архитектурасы – Архитектура Казахстана. – Алматы: «Өнер» баспасы, 2012 ж, т.8. – 192б. – қазақша, орысша.
4. Гинзбург М.Я. Стилль мен дәуір. М., 1925. 9 б.
5. Қазақ өнерінің тарихы. XX ғасыр.230 б.

ӘОЖ 76.03/09

ЖОҒАРЫ КӨРКЕМ БІЛІМ БЕРУ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА СЫЗУ ПӘНІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ МЕН ТЕОРИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

***Наурызбай Нұр-** Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Магистратура және PhD докторантура институтының 1-курс магистранты.
(Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы)*

Аңдатпа. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылдың 17 қаңтар айында Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ атты Қазақстан халқына жолдаған жолдауында көрсеткен алтыншы басты бағытында білім беру саласына ерекше мән беріп былай деген: "Біздің болашаққа барар жолымыз қазақстандықтардың әлеуетін ашатын жаңа мүмкіндіктер жасауға байланысты. ХХІ ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар. Бұл үшін біз не істеуіміз керек?" деген орамды ойларды атап көрсетті.[1] Біздің алдымызда күтіп тұрған сындарлы даму процесі ол - бүкіл жер шарындағы жаһандану дәуірі. Жаһандану дәуірінде қатаң бәсекеге төтеп бере алатын мемлекет қана өркениет көшіне ілесе алады. Мемлекеттің бәсекелестік қабілеті ең алдымен оның білімділік сипатымен айқындалатынын ескере келе, білім мен тәрбие беру саласын реформалаумен сабақ үрдістерінде жаңа инновациялық технологияларды меңгерудің маңызы ерекше екенін мойындауымыз керек.

Кілт сөздер: білім беру, сызу, пішіндеме.

Аннотация. В Послании Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева народу Казахстана «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» от 17 января 2014 года в шестом приоритетном направлении относительно сферы образования говорится: «Наш путь в будущее связан с созданием новых возможностей для раскрытия потенциала казахстанцев. Развитая страна в ХХІ веке – это активные,

образованные и здоровые граждане. Что нам нужно сделать для этого?» [1]. Впереди нас ждет процесс конструктивного развития – процесс глобализации на всей планете. В процесс глобализации только то государство, которое будет способно выдержать конкуренцию, сможет стать развитым цивилизованным государством. Учитывая то, что конкурентоспособность государства определяется, в первую очередь, его образованностью, реформами в сфере образования и воспитания, мы должны признать, что особое значение имеет овладение новыми инновационными технологиями в процессе обучения.

Ключевые слова: образование, черчение, геометрия.

Abstract. In the Address of the President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev to the people of Kazakhstan "Kazakhstan's way - 2050 : The overarching goal , common interests , common future" of 17 January 2014 in the six priority areas concerning education says: " Our way of the future is linked to the creation of new opportunities for realizing the potential of Kazakhstan. Developed country in the twenty-first century - is active , educated and healthy citizens . What we need to do this ? "[1] . Ahead of us the constructive development process - the process of globalization on the planet. In the process of globalization is only the state that will be able to withstand the competition , will be developed in a civilized state. Given that the competitiveness of the state is determined , first of all , his education , reforms in education and training, we must recognize that the particular importance mastery of new innovative technologies in the learning process .

Keywords: education, drawing, geometry.

Сондықтан білім алушыны оқу үдерісінің нысаны ретінде ғана санамай, оны сол үдерістің тең құқықты мүшесі ретінде қабылдап, білім алушыға түбегейлі көңіл бөлу - қазіргі мектеп дамуының негізгі тенденцияларының бірі болып отыр. Білім беру саласының ең алғашқы қайнар көзі, ол - мектеп, себебі мектеп бүкіл білім беру жүйесінің алғашқы баспалдағы, білімділіктің іргетасы қаланап сынақ алаңы. Бүгінгі күн талабына сай жан-жақты дамыған, белсенді, өмірге деген талпынысы, қызығушылығы бар, озық ойлы, өнер тапқыштығы басым маман даярлау мектепте басталып, адамның бүкіл өмірі барысында жүреді деген көзқарастар дәлелді болды.

Графикалық даярлау проблемасына Кеңес, кейін Ресей және Қазақстан педагогикасында көп көңіл бөлінді. Сондықтан бұл салада айтарлықтай табыстар бар, атап айтқанда, оқушыларда графикалық білім, білік, дағдылар қалыптастырудың ғылыми негіздері А.Д.Ботвинников, Б.Ф.Ломов, мектепте сызу пәнін оқыту әдістемесінің түрлі аспектілері В.Н.Виноградов, Г.Д.Глейзер, М.М.Хасенов, Ж.Есмұхан, Ы.А.Нәби, Ч.А.Рустамов, Б.А.Тұрғынбаева, В.Ф. Шаталов, А.М.Пышалко, М.Ф.Морозов, М.И.Махмутов, К.Жүнісқызы, П.Р.Атутов, П.Р.Гордон және басқалар, ЖОО-да студенттердің графикалық даярлығын жетілдіру жолдары А.Я.Блаус, В.П.Верхола, Ы.А.Нәби, Г.Г.Шапрова, Б.К.Момынбаев, Ж.Ж.Жаңабаев, Т.К.Мусалимов сынды ғалымдардың еңбектерінде қарастырылды.[2]

Бүгінде ең бастысы сызу пәнін оқушыларға оқытуда мұғалімнің алдында негізгі үш сұрақ тұрады. Олар: неге оқыту, не үшін оқыту және қалай оқыту. Бұл сұрақтарға нақты жауап алу үшін оқу бағдарламалары мен озық іс-тәжірибелерге сүйенуіміз қажет.

Бұл курстың практикалық мақсаты жас мұғалімге әдістемелік көмек көрсете отырып, оларды мектептегі сызу пәнінен дәріс берудегі негізгі оқыту формалары мен әдіс-тәсілдермен терең таныстыру қажет.

Курсты оқытудағы ең басты қағидасы студенттердің графикалық, шығармашылық жеке дара жұмыстарын, олардың оқу процесіндегі іс-әрекетіне және де СӨЖ-ді ұйымдастырып өткізу барысында көбірек көңіл бөліну қажет.

Жалпы сызу пәнінің оқыту әдістемесі дегеніміз – педагогика ғылымның бір саласының мақсатын анықтайтын басты графикалық сауаттылыққа оқыту әдіс-тәсілдері мен мазмұнын, мектептегі жалпы білім мен тәрбие жұмыстарының мақсат - міндеттерімен байланысты.

Сызу пәнінде графикалық жұмыстарды орындаудағы әдіс- тәсілдерді студенттерге меңгерту негізінде оқу процессіндегі әртүрлі ыңғайлы формалар мен тәсілдерді ұйымдастыруды анықтайды.

Сондықтанда сызу пәнін орта мектепте оқытудың формалары мен әдістерін жалпы білім беру мен политехникалық білім беру аясында қарастыруымыз қажет.

Сызу курсын оқытудың мақсаттары ретінде оқушыларды сызбаларды орындауға және оқуға біліктіліктері мен дағдылырын қалыптастыру керек. Ал енді жалпы сызу пәнін оқытудың негізгі міндеттеріне төмендегілер енеді:

а) оқушылардың логикалық тұрғыда ойлаулары мен графикалық шығармашылық тұрғыда ойлау қабілеттерін дамыту;

б) оқушыларды сызбаны рәсімдеудің жалпы ережелерімен таныстыру және оларды сызу аспаптары мен құралдарын тиімді пайдалануға дағдыландыру;

в) аксонометриялық кескіндер және өзара перпендикуляр жазықтықтардағы тік бұрышты проекциялар туралы тұрақты білім қалыптастыру және т.б.

Сызу оқу пәнін оқыту сатыларына геометриялық пішіндердің, геометриялық денелердің және бұйымдардың графикалық кескіндері, оларды рәсімдеудің, жасаудың және айырып танудың практикалық тәсілдері болып табылады. Жоғарыда айтылғандай, зерттеу нысандары графикалық даярлауда сабақтастықты қамтамасыз етудің негізгі нышаны болады.

Сызу курсының оқу жоспарының орны төмендегідей анықталады.

Сызу курсы негізгі пәндердің бірі ретінде (математика блогы) білім беру саласына енеді. Бұл пәннің жалпы орта білім беру жүйесіндегі ролі мен адам өміріндегі графикалық аппараттың мәнділігімен, графикалық кескіндерді салуға және оларды оқуға қажет білім, білік, дағдыларды игерудің мұқтаждығымен, байқағыштық, ұқыптылық, оқуға деген төзімділік, эстетикалық талғам тәрізді оқушылардың жеке дара қасиеттерін ашу мен дамыту сияқты маңызды мәселелерімен анықталады.

Курсты меңгеру барысында математика, бейнелеу өнері, еңбекке баулу, технология сабақтарында алған білім, білік, дағдылар пайдаланылады. Мұнда пәндік интеграциялық байланыстың ерекшелігі айқындалады.

Сызу пәнінің математика пәнімен тығыз байланысы ортақ геометриялық нысандарды пайдалануда білінеді, ал бұл нысандар жөніндегі негізгі мәліметті оқушылар геометрия сабақтарында таныса алады. Проекциялау тәсілдерін оқып білу математика мен бейнелеу өнерінен алынған білімге негізделген. Математика, еңбекке баулу және технология сабақтарында оқушылар сызуды оқып білу барысында қажет болатын графикалық жұмыс жасау амалдарын меңгереді.

ХҮІІІ – ХІХ ғасырдың ұлы педагогі И.Г. Пестолоцци пәнаралық байланыстылықтың маңыздылығын мойындай келе, оны тәжірибеде іске асыруға тырысты. Оның дидактикалық шығармаларында оқыту өнерінің физика-механикалық заңдылықтары туралы жиі айтылып отырады. Бірінші орынға ол мына талапты қояды: «Өз санаңызда пәндердің арасындағы шын мәндегі табиғи байланысты көрсетіңіз». Пестолоцци пәндердің бір-бірімен байланысын тәжірибеде іске асырудың үлгілерін көрсетеді. Мысалы, геометриялық фигураларды оқытуда тіл дамытумен байланыстыра қарайды. Бала өлшем бірліктерді сызып көрсете отырып, оны өз сөзімен түсіндіріп жазып отырады. Сөйтіп бастауыш мектептің қабырғасында-ақ пәндер арасындағы байланыстың алғашқы элементтері енгізіле бастайды.[3]

Графикалық білімге тікелей қатынасы бар мағлұматтарды оқушылар «бейнелеу өнері», «технология» сабақтарынан алады, қарапайым сызу құралдарын қолданып белгілер салады, өлшейді, суреттер салады, әртүрлі геометриялық формасы бар бұйымдар мен нәрселер, макеттер, контрукциялық элементтер жасайды. Осыдан барып олардың төмендегідей түсініктері мен қасиеттері ашылып қалыптасады. Олар:

- заттарды түсіне, пішініне, өлшеміне қарай салыстыру, теңестіру, кеңістік жайында түсінік қалыптастыру;
- кескіндеу, бейнелеу, безендіру, құрастыру жұмыстары барысында математикалық дәлдіктің және симметрияның пайдаланылуы;
- ұлттық ою-өрнекпен таңбаларда геометриялық фигуралардың қолданылуы;

Төменгі бастауыш сынып оқушыларының өздері техникалық сызудың элементтерімен пәндерде таныса алады, тетік бөлшектің формасын анықтауды, көлеміне қарай мөлшерін анықтауды үйренеді. Мысалы, үшінші сынып математика мазмұнында оқушылардың алатын түсініктерінің бірі - фигураның ауданы, көлемі және оларды табу. Жоғарыда келтірілген мәселелердің біріншісін геометриялық фигуралардың ауданы мен көлемі жайла түсінік қалыптастырудың және оларды табу тәсілдерімен таныстыруға жүзеге асыруға болады. Оқулықтың 20-бетіндегі 1-ші жаттығуда бірнеше фигуралар берілген. Оқушылар әрбір фигураны алдымен түсіне, сосын пішініне және мөлшеріне қарай салыстырулары тиіс. Мысалы, көк дөңгелек және қызыл шаршы (түстері мен пішіндері). Көк дөңгелек қызыл шаршыға

қарағанда үлкен, көп орын алып жатыр (мөлшеріне қарай), яғни көк дөңгелектің ауданы үлкен, ал қызыл шаршының ауданы кіші. Осылай жасыл үшбұрыш пен қызыл тік төртбұрыш және сары шаршы мен қызыл алты бұрыш смалыстырылады. Ал «көлем» ұғымымен таныстыру үшін оқушылардың кеңістік түсініктерін қалыптастырады.

Осының барлығы графикалық білімді дамытуға негізгі, бастапқы графикалық даярлық болып табылады. Мектеп оқушыларында графикалық ұғымдардың қалыптасуына байланысты ой толғамдарға қорытынды жасай келе, төменгі және орта буын сыныптарында оқытылатын табиғаттану, бейнелеу өнері, технология, математика сабақтары графикалық ұғымдардың қалыптасып, оның жетілуіне негіз болып табылады деп тұжырымдауға болады. Айтылған тұжырымдарға дәлел ретінде орта мектеп жүйесіндегі келесідей пәндерге талдау жүргізіп көрелік.

Мектепте оқушылар математика пәнінде нүкте, кесінді, сәуле, түзу, сынық сызық, көпбұрыш, жазықтық, шеңбер, шеңбердің ортасы, доға тәрізді геометриялық терминдермен танысады. Мұндай терминдер өзге пәндерге қарағанда математикада көп қолданылады. Бұл сабақта оқушы геометриялық денелер мен фигуралардың пішінін ғана анықтап қоймай, геометриялық орнын да анықтайды. Бейнелеу өнері пәнінде графикалық білімге тән тұрғызу теориясы білік пен дағдыны жетілдіреді және дененің кеңістіктегі орнын анықтайды. Қағаздағы суретті нақты денемен салыстырып көруге мүмкіншілік туады.

Графикалық білім беру үдерісінің міндеттері, мазмұны, формалары, әдістері тұтас логикалық тізбек құраса, онда қарастырылып отырған байланыс заңдылықтары ақырғы нәтижені қамтамасыз ететіні сөзсіз.

Сонымен бірге сызудың курсының әдістемесі графикалық жұмыстарды орындаудың рационалдылау әдістерін таниды, әрі үйрету үдерісін әсерлілеу ұйымдастырудың қалыптары мен қаржыларын жасақтайды. Әр үйретуші қабілеттіліктеріне, темпераменті мен мінезіне сәйкес оның жеке даралығына, педагогикалық шеберлігі мен эрудициясының өзара ерекшелігіне көп дәрежеде жауапқа тартатын материалды пайдалана алады. [4]

Сызу пәнін оқыту әдістемесі курсының мақсат-міндеті үйренушілерге аспаптар мен сызу жұмысының дұрыс және рационалды әдістерін жасап шығаруда, әрі сызу техникасының геометриялық негіздерін меңгеруде ғана емес, сонымен бірге күрделі емес бұйымдардың сызбаларын оқи алу мен құрай алуға үйретуде де түйінделеді. Заманауи ғылым мен техника талаптарының алдында ерекше бейімді үйренушілердің графикалық дайындығын тәуірлетуге бұру қажет. Мектептерде бұл пәннен білім беру әдістемелік қатынаста кемелді жолға қойылған сайын, үйренушілер адами тірліктің барлық салаларына қажет, сызбаларды оқу мен орындауды соншама тез үйренеді деп сенеміз. Жалпы қазіргі кездерде қандай сала болмасын ауыр машина жасау өндірісі, жеңіл өнеркәсіпте, медицина мен астрономия саласында, дизайнерлік және конструкциялық шешімдерде, көркем өнер шығармашылығында да сызбаларды пайдаланудан айналып өтпейтіні баршамызға мәлім. [5]

Жалпы сызу пәнін жоғары оқу орнының көркем сурет факультетінде оқыту мен бұл пәнде студенттерді графикалық тұрғыда кәсіби даярлау процесі оңтайлы жүргізілген жағдайда ғана, білім мен тәрбиелеудің жалпы мақсат, міндеттері оңтайлы шешілетіні анық. Алғашында аталған пән студенттерді графикалық сауаттылықтар негіздеріне үйретудің мақсат-міндеттерін, формасы, мазмұны мен әдістерін анықтаушы құрал болып табылатыны сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар. 18.01.2014. Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. <http://www.akorda.kz>
2. Төлебаев Ә.Ә. Негізгі орта, орта және жоғары білім жүйесінде графикалық даярлаудағы сабақтастық. Пед. ғыл. кандидаты ғыл. дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. Авторефераты.
3. Абрамов В. Я. Песталоцци: Его жизнь и педагогическая деятельность. - СПб.: Типолитография и фототипия В. И. Штейна, 1893.
4. Кузьменко В.И. Косолапов М.А. Методика преподавания черчения. М ПР. 1981 год.
5. Ботвиников Актуальные вопросы методике обучению черчению. М.ПР.1977 год.

Резюме

В данной статье затрагиваются некоторые вопросы методики преподавания черчение в высшей и средней школе, а также автором рассматриваются интеграционные вопросы предмета, сущность и значение дисциплины черчение в успешном графическом образовании учащихся средних школ.

Summary

This article addresses some of the issues of teaching drawing in higher and secondary education, as well as the author discusses integration issues, essence and importance of the discipline of drawing in the successful graphical education secondary school students.

ЗАИКАНИЕ КАК СЛОЖНОЕ СТРУКТУРНОЕ РЕЧЕВОЕ РАССТРОЙСТВО

Альбекова Гульдархан Жумабековна - Магистрант специальности
6M010500 «Дефектология», Казахский Национальный педагогический
университет имени Абая.
(Республика Казахстан, город Алматы)
Guldarkhan_albekova@mail.ru

Аңдатпа. Мектеп жасындағы және мектепке дейінгі шақтағы балалар арасында ең жиі кездесетін кемшілік- сөйлеу тілінің бұзылуы, тұтықпаның пайда болуы. Тұтықпаның пайда болуы жөнінде көптеген мәселелер талқылануда. Мектеп жасындағы және мектепке дейінгі шақтағы балалардың сөйлеу қабілетін арттыруда және тұтықпаны жоюда жаңа технологиялық әдістер маңызды рөл атқарады.

Кілт сөздер: тұтығу, симптомдар, бейімделу, сенсбилизация, сөйлеу қорқынышы, дыбыстық қорқыныш, т.б.

Аннотация. Заикание относится к одному из самых распространенных расстройств речи. Наиболее часто заикание возникает у детей дошкольного возраста. Обсуждаются множественные проблемы проявления заикании. Основную роль играет новейшие технологические методы при исправлении заикании и развитие речевых способностей у детей дошкольного и школьного возраста.

Ключевые слова: заикание, симптомы, адаптация, сенсбилизация, логофобия, звукофобия, и т.п.

Abstract. The stutter pertain one the most spreading frustration speech. Most often stutter appear on children preschool age. Discussion plural problems development stutters. A main role gambles new technological methods under correction stutters and development speech ability on children preschool and school age.

Keywords: Stutter, symptoms, adaptation, speech phobia, sound phobia, etc.

В настоящее время заикание относится к одному из самых распространенных расстройств речи. Известно, что заикающихся в нашей стране от 1,5% до 2,2% . Во всем мире признается, что заикание является сложной проблемой как в теоретическом, так и в практическом аспектах.

Психологически трудным моментом является начало работы по преодолению заикания (начало занятий с логопедом или самостоятельных занятий).

У заикающихся до начала занятий возникают простые житейские вопросы:

- Каковы причины возникновения заикания?

- Распространено ли заикание среди населения?
- Кто чаще страдает заиканием — мужчины или женщины?

И наконец, самый главный вопрос: сможет ли заикающийся человек, начав заниматься, преодолеть заикание и достичь стабильности в речи?

Заикание известно человеку, по-видимому, столько же времени, сколько существует человеческая речь. Заикание относится к одному из самых распространенных расстройств речи. Обычно оно возникает в раннем детстве и при отсутствии необходимой помощи может сохраняться долгие годы. Заикание проявляется в нарушении ритма и плавности речи, которые возникают из-за различного рода прерывания, продлевания или повторения отдельных звуков и слогов. Такие задержки и повторения при произнесении слов возникают вследствие судорог мышц речевого аппарата, сопровождаются нарушением дыхания, изменениями в просодике высказывания: высоте и силе звука, темпе речи. Помимо этого, отмечаются приспособительные изменения позы, мимики, артикуляции.

Течение заикания бывает постоянным или волнообразным, но чаще всего запинки появляются в наиболее ответственных, «трудных» ситуациях. Это, как правило, официальная обстановка, необходимость выступить перед аудиторией, ответить на уроке, экзамене, поговорить по телефону, ответить на неожиданный вопрос незнакомого человека или задать ему вопрос и многое другое.

Заикание в целом и его отдельные признаки отличаются непостоянством: они то усиливаются, то ослабевают на несколько дней, недель и даже месяцев.

Часто возникающие речевые затруднения и неудачи приводят к повышенным затратам нервной энергии, а порой и к серьезным психическим травмам, которые могут вызвать чувство неполноценности, досады, беспомощности и другие отрицательные эмоции.

У взрослых заикающихся появляется большое количество установок, ограничивающих их возможности («меня не понимают», «мне даже не стоит пробовать» и др.), и, как следствие — ограничение социальных контактов, уход в собственный мир, снижение социальной активности. Многие перестают видеть свои профессиональные и личные достижения, считая, что, если бы не заикание, все могло бы быть лучше. В результате у большинства заикающихся возникает логоневроз, что усиливает заикание и еще больше затрудняет речевое общение [8.144с.]

Столь ли распространено заикание, чтобы говорить о существовании проблемы?

В.М.Шкловский отмечает что во всем мире заикаются 1% взрослых и 2—3 % детей. Количество заикающихся в нашей стране колеблется в среднем от 1,5 до 2,2 %

Наиболее часто заикание возникает у детей в возрасте от 2 до 5 лет и совпадает с периодом активного развития фразовой речи. Речь в этот период является наиболее уязвимой и ранимой областью высшей нервной деятельности ребенка. Нарушения в функционировании нервной системы

маленького ребенка могут вызвать «срыв» речи — заикание. Возникший недостаток речи при неблагоприятном течении фиксируется по механизму условно-рефлекторной связи.

Усиление заикания обычно наблюдается в период школьного обучения, особенно в первый год, а затем в подростковом возрасте. В большом числе случаев заикание приобретает хроническое течение. Усиливаясь с годами, недостаток речи начинает особенно проявляться в эмоционально значимых ситуациях.

Заикание у мальчиков встречается чаще, чем у девочек, примерно в три-четыре раза. По мнению И.А. Сикорского доминантное речевое полушарие головного мозга у женщин развито несколько лучше, чем у мужчин. Видимо, это мнение основано на общеизвестном факте, говорящем о некотором «опережении» девочками мальчиков в развитии речи при отсутствии каких-либо заболеваний.

Проблема заикания занимает умы не одного поколения людей. Отражением этого являются многочисленные теории, претендующие на объяснение его механизмов.

Бытует мнение о том, что заикание возникает от испуга, то есть в результате психотравмы. Но можно ли считать психотравматизацию единственной и ведущей причиной заикания?

Всем известно, что подавляющее большинство детей, особенно в раннем возрасте, пугаются, но далеко не все после этого начинают заикаться. Следовательно, у ребенка, начавшего заикаться, имелись определенные предпосылки, предрасполагающие причины, на которые наслоились различного рода психотравмы (например, сильный испуг, конфликты в семье и др.).

Каковы же эти предпосылки? Неблагоприятные условия жизни и работы матери, а также различные заболевания в период беременности могут явиться причиной ослабленности новорожденного. Предрасполагать к возникновению заболевания могут черепно-мозговые травмы, соматические или инфекционные заболевания, протекавшие с высокой температурой, различного рода эмоциональное напряжение.

Для понимания структуры речевого расстройства при заикании исследователи в разное время и разными методами (физиологическими, медицинскими, психологическими) изучали механизм заикания, причины его возникновения, особенности проявления. Однако механизм заикания до сих пор остается недостаточно ясным.

Среди разных взглядов на сущность заикания можно выделить следующие: заикание — это речевое недоразвитие либо это невроз или неврозоподобное состояние.

Большинство отечественных ученых относят заикание к неврозам. При этом часть исследователей Ю.А. Флоренская, Ю.А. Поворинский склонны рассматривать заикание как симптом невроза.

Таким образом, в возникновении заикания первостепенную роль играют нарушенные взаимоотношения нервных процессов в коре головного

мозга. Нервный срыв в деятельности коры больших полушарий может быть обусловлен, с одной стороны, состоянием нервной системы, ее «готовностью» к отклонениям от нормы. В этом немаловажное значение имеет тип высшей нервной деятельности человека. С другой стороны, нервный срыв может быть обусловлен биологическими предпосылками, неблагоприятными внешними факторами.

Предрасполагающие причины для возникновения заикания разнообразны. Может быть сочетание нескольких причин: наследственная предрасположенность, невропатическая конституция, органическое поражение центральной нервной системы, соматическая ослабленность вследствие заболеваний, семейная отягощенность патологией речи и др. Непосредственным толчком для появления судорожных запинок может послужить психотравма, инфекционное заболевание, возросшие интеллектуальные нагрузки. Заикание может начаться и без видимой причины.

Отражением нервного срыва является расстройство особо уязвимой и ранимой у ребенка области высшей нервной деятельности — его речи, что проявляется в нарушении координации речевых движений с явлениями судорожности. Фиксированность внимания на речевых затруднениях усугубляет и усложняет расстройство нормального механизма образования речевого потока.

Видимо, возможны и другие варианты объяснения механизмов заикания, в частности на основе органических изменений центральной нервной системы.

Особенности проявления (симптомы) заикания изучены к настоящему времени достаточно полно. По своим проявлениям заикание — крайне неоднородное расстройство. Многообразие проявлений заикания, отмеченное исследователями, позволяет утверждать, что заикание — это не только расстройство речевой функции. В проявлениях заикания обращают на себя внимание в разной степени выраженные расстройства нервной системы, физического здоровья, общей и речевой моторики, собственно речевой функции, а также наличие психологических особенностей.

Перечисленные отклонения в психофизическом состоянии заикающихся проявляются по-разному. У них часто наблюдается общее мышечное напряжение, скованность движений или двигательное беспокойство. Понимание своего речевого недостатка, неудачные попытки замаскировать его нередко порождают у заикающихся определенные психологические особенности: речебоязнь, чувство угнетенности, раздражительности и постоянные переживания из-за своей речи, поэтому расстройство речи еще более усиливается.

Н.И. Жинкин отмечает что первые реакции на дефект у ребенка неосознанны, не носят эмоциональной окраски. Но в результате многократного повторения случаев запинок в речи ребенка их восприятие сопровождается у него развитием понимания, что он говорит не так, как все (неплавно, прерывисто, с запинками), что ему что-то мешает свободно

говорить (двигать языком, губами и т. д.). Запинки возникают внезапно, необъяснимо от чего, являются предметом внимания окружающих, не поддаются сразу преодолению, не исчезают самостоятельно и постепенно входят в патологическую условно-рефлекторную цепочку.

Длительное действие раздражителя в одних случаях приводит к понижению чувствительности (адаптации), а в других — к ее обострению (сенсibilизации).

Отсутствие фиксации на речевых запинках у ребенка происходит, прежде всего, под влиянием благоприятных окружающих условий, доброжелательного и спокойного отношения к проявлению этих запинок. В этом случае запинки не мешают общению ребенка с окружающими. Такая картина преимущественно характерна для детей с запинками несудорожного характера. Также встречаются у детей довольно часто в 80% от общего числа всех детей от 2 до 4 лет и легко проходят, если нет осложнений.

Иная картина наблюдается в случаях обострения чувствительности к восприятию своих речевых нарушений. Возникшие представления о речевых запинках у заикающегося могут опережать само их появление и выступать в данном случае уже как их предвидение и ожидание. Понятия о своей неправильной речи складываются у заикающихся по-разному и постепенно, с накоплением опыта.

Осознанное внимание к своим речевым проблемам побуждает к волевым действиям по преодолению речевого дефекта. Причем невозможность самостоятельно справиться с этой задачей усугубляется ощущениями собственной неполноценности. Состояние яркого переживания способствует фиксированности на своем дефекте, которая увеличивается с возрастом. Со временем у каждого заикающегося складывается своя иерархия коммуникативных трудностей. Например, школьник, свободно говорящий на перемене, тяжело заикается на уроке, а человек, только что не испытывавший затруднений при разговоре с приятелем, не может двух слов сказать без запинки в ответ прохожему.

Неблагоприятный опыт прошлого порождает не только определенные представления о своей неправильной речи, о самом себе и своем положении в обществе, но и формирует неуверенность в своих речевых возможностях. Предвидение и ожидание речевых запинок в совокупности с отрицательными эмоциями во многих случаях приводит к навязчивым страхам речи (логофобии, звукофобии), снижению речевой активности. Переживания, связанные у заикающихся с нереализованной потребностью свободного речевого общения с окружающими, могут сопровождаться состоянием эмоциональной угнетенности, раздражительности, отчаяния, физического напряжения во время речи, повышенной психической истощаемостью. В зависимости от благоприятных или неблагоприятных условий названные явления могут или проявляться кратковременно, или перерасти в стойкие патохарактерологические особенности.

Часто у детей формируется робость, застенчивость, тревожность, агрессия и другие расстройства. Все они могут затруднять формирование

других форм общения, которые соответствуют последующим этапам развития человека. Заикание, наложившее отпечаток на развитие личности подростка, на его общение, часто неблагоприятно сказывается на всей деятельности заикающегося, на его эмоциональной сфере и ведет к психологическим, социальным и педагогическим проблемам.

Таким образом, можно полагать, что заикание — это состояние речи, обладающее отрицательной, а в некоторых случаях и положительной динамикой, при котором в периферическом речевом аппарате человека, страдающего заиканием, наблюдаются судороги различной тяжести, продолжительности и частоты, возникающие вследствие невротических, неврозоподобных состояний либо органических заболеваний нервной системы и в свою очередь вызывающие у значительной группы больных вторичные реактивные наслоения. Эти наслоения могут обуславливать определенные изменения личности и приводить к нарушениям системы общения заикающегося с окружающими.

Используемые литературы:

1. Поварова И.А. Коррекция заикания в играх и тренингах, СПб.: Питер, а. 2004 г.
2. Власова Н.А. О заикании детей дошкольного возраста // Педиатрия. - 1974. - №7. - С.82-85.
3. Карвасарский Б.Д. Неврозы. - Москва.: Медицина, 1990. - 576с.
4. Крыжановский Г.Н. Общая патофизиология нервной системы. Руководство. - Москва.: Медицина, 1997. - 352с.
5. Логопедия / Под ред. Л.С. Волковой - Москва.: Просвещение, 1995. - 528с.
6. Мастюкова Е.М. Лечебная педагогика (ранний и дошкольный возраст): Советы педагогам и родителям по подготовке к обучению детей с особыми проблемами в развитии. – Москва.: ВЛАДОС, 1997. - 304с.
7. Меньшикова С.В. Коррекция заикания у детей. Практическое пособие для логопедов и родителей. - Казань: "Лиана", 1999. - 112с.
8. Миссуловин Л.Я. Заикание и его устранение. - СПб.: ООО "СЛП", 1997. - 144с.
9. Пеллингер Е.Л., Успенская Л.П. Как помочь заикающимся школьникам. - Москва.: Просвещение, 1995. - 176с.
10. Рычкова Н.А. Логопедическая ритмика. - Москва.: ГНОМ-ПРЕСС, 1998. - 36с.
11. Селиверстов В.И. Заикание у детей: Психокоррекционные и дидактические основы логопедического воздействия. – Москва.: ВЛАДОС, 2000. - 208с.

Түйіндеме:

Бұл мақалада мектеп жасындағы және мектепке дейінгі шақтағы балалар арасында ең жиі кездесетін кемшілік- тұтықпаны жоюда жаңа технологиялық әдістердің маңыздылығы туралы айтылған.

Summary:

In the article examined about importance of new technological methods in corrections stammer as often shown defect speech for the children of preschool and school age.

ӘӨЖ: 378.1.091.12

ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН БІЛІМ НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ МЕН ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Бидайбекова Гульвира Мұқанқызы - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің магистранты
(Қазақстан Республикасы Алматы қаласы)

Аңдатпа. Бүгінгі таңда білім беруді жетілдірудің негізінде құзыреттілік тәсілді алу ұсынылып жүр. Қазақстан Республикасы 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында да білімге бағытталған мазмұнды құзыреттілік, яғни нәтижеге бағдарланған білім мазмұнына алмастыру қажаттілігі көрсетілген. Заман талаптарына сай интеграциялап оқыту жүйесі, соның негізінде болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі көп зерттелуде және де кәсіби құзыреттілік түрлері, бағыттары, әдіс-тәсілдері сараланып, олардың практикада қолдану мүмкіндіктері артуда.

Кілт сөздер: білім, жоғары педагогикалық білім, интеграцияланған білім, кәсіби құзыреттілік.

Аннотация. В современном обществе компетентностный подход представляется, как основа развития образования. В концепции развития образования Республики Казахстан до 2015 года так же показано, что компетентность направлена на знание, то есть потребность в замене содержания образования направленной на результат. Многие ученые исследуют систему современного интегративного обучения, в том числе и проблему формирования профессиональной компетентности будущих педагогов и сортируются приемы, методы, направления и виды профессиональной компетентности, возможности применять их на практике.

Ключевые слова: образование, высшее педагогическое образование, интегративное образование, профессиональная компетентность.

Abstract. In modern society competence-based approach is represented, how a basis of a development of education. In the concept of developments formation of the Republic of Kazakhstan till 2015 as it is shown that competence is directed on knowledge, that is need for replacement of contents of education directed on result. Many scientists researching the system of modern integrative learning , including

the problem of formation of professional competence of future teachers and sorted techniques, methods, trends and types of professional competence , the ability to apply them in practice.

Keywords: education, the higher pedagogical education, integrative education, professional competence.

Елдің экономикалық қуаттылығын дамытуда бәсекеге қабілетті кәсіби мамандар даярлау міндеттерін жүзеге асыратын бірден-бір күш жоғары оқу орындары болып саналады. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында: «...білім беру сапасы ең жоғары халықаралық талаптарға жауап беруі тиіс. Еліміздің жоғары оқу орындары алдыңғы қатарлы әлем университеттерінің құрамына енуге ұмтылуы тиіс» деп, [1] жоғары оқу орындарының басты мақсаты – әлемдік стандарт деңгейінде білім беру, дүние жүзілік деңгейге көтерілетіндей баспалдақтардан өтуге бағыт берумен қатар, студенттерге қоғам талабына сай жоғары кәсіби біліктілік пен құзыреттілігін қалыптастыруды ұсынған.


Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында жалпы орта білім берудің ұлттық деңгейдегі басты мақсаты – еліміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсенді қатысуға дайын, құзыретті тұлғаның қалыптасуына ықпал ету деп анық көрсетіліп, интеграцияланған білім кеңістігінде болашақ педагог кадрлардың кәсіби құзыреттілігін арттыру мәселесі өзекті екендігі айтылған.

Дамыған елдердің оқу жүйесінде кеңінен қолданыла бастаған «құзыреттілік», «құзырет» терминдері жаңа білім стандарты ұстанған басты бағыт ретінде біздің еліміздің білім беру жүйесіне ене бастады. Осындай бәсекеге қабілетті жоғары білім деңгейіне жету үшін оқу үдерісін соған сай ұйымдастыра білетін, білім алушыларға білімді өз бетінше еңбек етіп алатындай күйге жеткізе алатын, өзі де осы аталған құзыреттіліктерді меңгерген, кәсіби-дидактикалық құзыреттілігі қалыптасқан болашақ мұғалімдер даярлау міндеті тұр.

Отандық ғалымдардың еңбектерін зерделей келе, интеграцияланған білім жағдайында жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді дайындау үдерісінде олардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі соңғы жылдары тереңірек қарастырыла басталғандығын байқадық. Қазіргі кезде кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық және практикалық аспектілері көптеген ғалымдардың зерттеу нысаны болып келеді екен.

Б.Т.Кенжебеков жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін зерттеу барысында кәсіби құзыреттілік ұғымына мынадай анықтама береді: «кәсіби құзыреттілік - бұл кіріктірілген іргелі білімдер, адамның қабілеттері мен жинақталған біліктіліктерінің, оның кәсіби маңызды сапаларының, технологияны жоғары деңгейде меңгеруінің, мәдениеті мен шеберлігінің, ұйымдастырудағы шығармашылық әрекетінің, өзін-өзі дамытуға дайындығының бірігуі» [2].

Ғалым Б.Т.Барсай өзінің докторлық диссертациясында: «... Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми негіздері: әдіснамалық, теориялық және ғылыми-әдістемелік білім деп анықтадық» – деген ойын төмендегі суретте (1-сурет) көрсеткен [3].



Сурет 1 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері

Ғалым Б.Т.Барсайдың ашып көрсеткен әдіснамалық, теориялық және ғылыми-әдістемелік білімдердің болашақ педагогтарды кәсіби шыңдау мақсатында қолданудың маңызы ерекше болып табылады. Өйткені, интеграцияланған білім кеңістігінде студенттерді кәсіби дамытуда, олардың кәсіби құзыреттілігін жетілдіруде қолданылатын теориялық білімдер: кәсіби-дидактикалық құзыреттілік қалыптастыруға арналған курстар, семинарлар; мемлекеттік білім беру стандарттарын (жалпы орта білім, педагогикалық білім беру) оқу-тәрбие процесінде жүйелі қолдану тиімді нәтиже берері сөзсіз.

Осы пікірге сүйене отырып, интеграцияланған білім негізінде болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру үшін оқу-тәрбие процесі барысында игеруі тиіс білім, білік, дағдыларын қалыптастыруды іске асыруды қамтамасыз ететін, олардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған іс-әрекет түрлері мен оқытудың әдіс-тәсілдерін, оқыту түрлерін (кесте 1) төмендегі кестеде көрсеттік:

Кесте – 1. Интеграцияланған білім негізінде болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыруда қолданылатын сабақ түрлері мен әдіс-тәсілдері

<i>Оқыту түрлері</i>		<i>Бақылау түрлері</i>	
Теориялық дайындыққа бағытталған	Практикалық дайындыққа бағытталған	Дәстүрлі	Жаңаша
• Лекция • Семинар • Лабораториялық жұмыс • Экскурсия • Аудиториялық өзіндік жұмыс • Аудиториядан тыс өзіндік жұмыс • Конференция • Кеңес алу	✓ Практикалық сабақ ✓ Курстық жұмыстар ✓ Дипломдық жұмыстар ✓ Практиканың барлық түрлері ✓ Іскерлік ойындар	➤ Бақылау жұмысы ➤ Дербес әңгімелесу ➤ Сынақ ➤ Семестрлік және ауыстыру емтихандары ➤ Курстық жұмыстарды қорғау ➤ Мемлекеттік емтихандар ➤ Дипломдық жұмысты қорғау	▪ Тестілеу ▪ Рейтинг ▪ Мамандық бойынша кешенді емтихан

Қорытындылай келе, қазіргі кезде интеграцияланған білім негізінде болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі көп зерттеуді қажет ететін сала, себебі ақпараттандыру заманында техника мен білімнің елеулі дамуына орай болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру біздің қоғамымызға қажет. Интеграцияланған білім кеңістігінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру жан-жақты әрі жүйелі болу керек. Жоғарыда аталған болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың жолдары мен әдіс-тәсілдері, оларды қолдану ерекшеліктері мен өзара байланысы студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда аса маңызды болып табылады. Өйткені, оқу-тәрбие процесіндегі оқыту мен студенттің кәсіби құзыретті маман ретінде қалыптасуына қажетті білім, білік, дағдыларды қалыптастыруды негізгі бағдар ететін оқытушы мен студенттің өзара байланысты іс-әрекет түрлері оқыту әдістері арқылы жүзеге асады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауы. – Астана: //Егемен Қазақстан, 2010, 11 – қаңтар.
2. Кенжебеков Б.Т. Жоғары оқу орны жағдайында болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру. Дисс.пед.ғ.д.: 13.00.08. – Қарағанды, 2005.
3. Барсай Б.Т. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері. автореф. - Шымкент, 2010. - 44 с.

Түйіндеме

Мақалада интеграцияланған білім негізінде болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту жолдары мен әдіс-тәсілдері қарастырылған. Интеграциялық кеңістік қазіргі білім беруде маңызды орын алатыны: білім алушылардың креативтілікті талап ететін, немесе креативті ойлауды дамытатын кәсіби құзыреттілігін қалыптастыра алатындығы көрсетілген.

Резюме

В статье рассматриваются пути, методы и приемы по развитию профессиональной компетенции студентов в основе интегрированного обучения. Показано, что интегрированное пространство играет в современном образовании главную роль: может формировать профессиональную компетентность у учащихся, которое требует креативности, или же развивать креативное, поисковое, навигаторское мышление.

Summary

The article is devoted to the ways, methods and receptions on development of professional competence of students on the base of integrative training. It is shown that the integrated space plays a major role in modern education: can form

professional competence at pupils who demands creativity, or to develop creative, search, creative thinking.

ӘОЖ: 376.3-056.264

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫҢ АУЫЗША СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМУДАҒЫ ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫННЫҢ МАҢЫЗЫ

Құрмашева Раушан Жарқынбайқызы - Абай атындағы Қазақ Ұлттық
Педагогикалық университеті Магистратура және PhD докторантура
институты 6М010500- «Дефектология» мамандығының Ікурс
магистранты

(Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы)

Rn.raushan@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада балалардың ауызша сөйлеу тілін дамытуға байланысты дидактикалық ойындардың үлгісі берілген. Сонымен бірге балаларға арналған дидактикалық ойындар қалай жүргізілу керек сол жайында да, мағлұматтар жазылды. Дидактикалық ойынның мақсаты мен міндеттері, ойынның жүргізілу барысы қалай орындалатындығы жөнінде айтылған болатын. Дидактикалық ойынның өткізілу әдістемесі мен ойын тапсырмаларының түрлері айқындалады. Мүмкіндігі шектеулі балалардың ақыл-ой белсенділігін тәрбиелеуде дидактикалық ойын негізгі тәсіл болып табылады. Дидактикалық ойын барысында есту, көру, сезіну, қабылдау сияқты үрдістері дамып, жаңа ақпараттарды қабылдап заттарды пішініне, түсіне, көлеміне қарай іріктеуге, әр түрлі қимылдарды орындауға үйренеді.

Кілт сөздер: ойын, сөйлеу патология, моторика, сенсорика, т.б.

Аннотация. Статья имеет дело с дидактическими играми, которые помогают развивать устную речь детей. В статье рассматриваются задачи цели и путь к организации дидактических игр. В статье также определяются методы и виды задач игр. Воспитание детей с ограниченными возможностями особое методы-это дидактические игры. Дидактические игры - это вид учебных занятий, организуемых в виде учебных игр, реализующих ряд принципов игрового, активного обучения и отличающихся наличием правил, фиксированной структуры игровой деятельности и системы оценивания, один из методов активного обучения. Отличительной особенностью дидактических игр является наличие игровой ситуации, которая обычно используется в качестве основы метода.

Ключевые слова: игра, патология речи, моторика, сенсорика, и т.п.

Abstract. *The article deals with the didactical games which help to develop oral speech of children. Objectives, goals and the way to organizing of the didactical games are considered in the article. Methods and types of games tasks are also determined in the article. Didactic game-type of the lessons, as a game, realizing the row of principles of the playing, active educating and the presence of rules, fixed structure of playing activity and evaluation system, one of the methods of hands on training. The distinctive feature of didactic games is a presence of playing situation that is usually used as basis of method.*

Keywords: *game, speech pathology, manual motility, sensorika, etc.*

Қазіргі таңда, балалардың сөздік қорын молайтуда ойын және тапсырма жаттығулардың орны ерекше. Соның ішінде ойын - баланың шын тіршілігі. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады. Халық даналығында «Ойнай білмеген, ойлай да білмейді» делінген. Мектепке дейінгі жастағы баланың ойынға деген қарым-қатынасы, мінез-құлық көріністері олар өсіп-есейгенде де жалғасы береді. Ойын барысында бала өзін қоршаған үлкендер сияқты, сүйікті әңгімелері мен кейіпкерлері секілді әрекет жасайды. Бала ойын арқылы бір әрекеттен екінші әрекетке ауыса отырып, өзіне түрлі ақпараттар алады. Сондықтан да ойын бала бойындағы қандай да бір өнердің бастауы деп білемін. Сонымен бірге, балалардың сөздік қорларын дамытуда ойындарды, алуан түрлі тапсырма- жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже берері сөзсіз [1].

Сөйлеу патологиясы бар балалардың ойын әрекеті тек ересек адамдардың бағыт беруі арқылы, олардың сөзінің көмегімен күнделікті жетекшілік жасауымен ғана қалыптасады. Ойынның алғашқы кезеңдерінде, мүмкіндігі шектеулі баланың тілдік қарым-қатынасы өте шектеулі болады, бұл өз кезегінде, ойынның сюжеті мен көлемінің шектелуіне ықпал етеді. Егер де аталмыш ойын түрлері арнайы ұйымдастырылмаса, ойын барысында сөздік қорды кеңейту мен өмірлік тәжірибе жинақтау жүзеге аспайды. Балалар өздерінің негізгі білім қорлары мен әсерлерін, тек мақсатты ойын үдерісінде ала алады.

Сөйлеу патологиясы бар балалардың, көп жағдайда моторикасы бұзылады, бұл кез-келген әрекетті ұйымдастырушы сәті болып табылатын, тактильді моторлық түйсіктердің жеткіліксіз дамуын көрсетеді. Мұндай бұзылу, ең алдымен, балалардың сурет салу шығармашылығы қабілетіне әсер етеді. Суреттердің заттар мен құбылыстарды бейнелеу әдістерінің тақырыптарының аздығы, қайталаулар, саз балшықпен илеу және құрастырудағы ебедейсіздік, қайшымен дұрыс жұмыс істей алмау тәрізді

көріністер байқалады. Тіпті қарапайым техникалық тәсілдерді игерген балалар, өз жұмыстарына зейіндерін тұрақтандырып, тапжылмай отырып орындай алмайды. Олардың өз жұмыстары мен өзгелердің жұмыстарына сын көзбен қарау қабілеті төмен.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың ақыл-ой белсенділігін тәрбиелеуде дидактикалық ойын негізгі тәсіл болып табылады. Балалардың танымдылық қабілеттерін дамыту, ойынды қалыптастыру тәсілі ретінде практикалық тұрғыда меңгеру және өңдеу негізгі міндеттердің бірі болып саналмақ.

Дидактикалық ойындардың негізгі ерекшелігі олардың атауларымен анықталады: бұл - оқытушы ойындар. Олар үлкендермен балаларды тәрбиелеу және оқыту мақсатында жүзеге асады. Бірақ ойнайтын балалармен дидактикалық ойынның тәрбиелік-білімдендіру маңызы ашық түрде емес, ойын мақсаты ретінде жүзеге асады, ойын қимылы мен ережесі түрінде орындалады [2].

Ал, осы кезекте «Балалардың ұсақ моторикасын, сенсорикасын дамытуға арналған ойындарды» ұсынамын. Ойын «**Балық аулау**» деп аталады.

Дидактикалық міндеттер: білімдерін кеңейту, есте сақтау қабілетін дамыту, тапсырманы орындауға ынталандыру.

Ойын ережесі: балалар балықшының ролінде балықты аулап, балыққа қатысты тапсырманы орындаулары керек. Егер тапсырма орындалса, бала балықты алады.

Ойын барысы қалай орындалады осыған көз салып көрелік: Еденде сыртында тапсырмасы бар балықтар орналасқан.

- Балалар, мынаны қараңдар, біздің кілеміміз ғажайып өзенге айналыпты!!! Осы өзенде әдемі балықтар жүзіп жүр, бірақ бұл балықтар әшейін балықтар емес! Әр балықтың тапсырмасы бар! Сіздер балықты ұстап алып тапсырманы орындауларың керек, сонда ғана балықты аласыңдар. Балықты кімдер аулайды?

- Балықшылар!

- Онда сендер де балықшы боласыңдар! Балықшылар немен аулайды балықты?

- Қармақпен!

Балалар балықшылар ретінде үстелдерге отырады. Тәрбиеші қармақты алып, балаларды балықтары бар өзенге кезекпен шақырады. Әр бала тапсырмасы бар балықты аулауға тырысады. Тәрбиеші тапсырманы оқиды (мысалы: «көрсет, аю қалай жүреді» немесе «қоян қалай секіреді»), егер бала тапсырманы орындаса балықты алады. Ойын барысында балалардан балықтың түсі қандай екені сұралады [3].

Жоғарыда көрсетілген дидактикалық ойындар балалардың танымдылық жүйесін дамытуға бағытталған. Тәрбиешінің осы ойындағы көздеген негізгі мақсаты – сөйлеу тілінің белсенділігі, сенсорикасы, ұсақ моториканың дамуы.

Бұл ойындар қойылған міндеттер мен мақсаттарды шешеді, өйткені олардың өткізілу әдістемесі қатаң ескеріледі. Дидактикалық ойынның өткізілу әдістемесіне нелер кіреді:

- ойынның тақырыбының жариялануы;

- қатысушылардың хабарлануы;
- (үстел үстінде отыруы, такта алдында тұруы, топтық құрылымдар) және ойын материалын қолдану тәртібі;
- ойын шартын түсіндіруі (ойын тапсырмалары);
- кейбір қимылдарды тәрбиешінің орындауы;
- ойынды қорытындылау.

Алдын ала бекітілген ойын ережесінсіз, ойын қимылдары дидактикалық міндеттерге сай орындаусыз қалуы мүмкін. Сондықтан да ойын шарты тәрбиешімен басталуға дейін ұйымдастырушы, оқытушы міндеттерді атқарады. Алдымен балаларға ойын тапсырмасы түсіндіріледі, содан кейін оны орындау тәсіліне кіріседі.

Ойын оқу процестерін мазмұнымен тығыз байланыста жүргізілгенде ғана дұрыс нәтиже береді. Тақырыпқа сай жүргізілген ойын түрлері әсіресе, тәрбиелік мәні бар ойын элементтері мүмкіндігі шектеулі баланың ойлау белсенділігі мен сөйлеу қабілетін арттырады. Сондықтан да мұғалім әр сабақта дидактикалық ойын түрлерін орнымен қолданса, баланың ынтасын арттыра отырып пәнге деген қызығушылығын, білімі мен ынтасын, сол пәнге деген сүйіспеншілігін арттырады [4].

Дидактикалық ойындар оқу сабақтарына айналмас үшін, келесі құрылымдық элементтер қатысады: дамытушылық міндет, ойын ережесі және ойын әрекеті немесе ойын элементі. Осы дидактикалық ойындарға танымдылық міндеттерді іріктеуде балалардың жас ерекшеліктері ескеріледі. Дидактикалық міндеттердің жетістігі әртүрлі ойын тәсілдерін қолдану арқылы жүзеге асады.

Аталған ережені міндетті түрде орындау балалардан біріккен іс-әрекетті, өз беттілікті талап етеді. Аталған дидактикалық ойындарда оқыту тығыз байланыста тәрбиелік міндеттермен қатар жүреді, балаларда білімді меңгерумен қатар тәртіп, достық секілді өзара көмек жағдайлары құрылады.

Тәрбиеші оқыту формасы ретінде дидактикалық ойынды қолдану қажет: оқу, танымдық ойын қызықты түрде өткізіледі. Бұл бір қызметтен екіншісіне ауысуға қажеттіліктен туындап отыр, сондай-ақ ойын барысында балалар тақырып көлемін оңай меңгереді, қоршаған орта туралы түсініктері кеңейеді. Бұл ойындарда оқыту міндеттері ойнаушыға біріншіден жасырын түрде болғанымен, баланы ойынға ынталандырады.

Дидактикалық ойын барысында есту, көру, сезіну, қабылдау сияқты үрдістері дамып, балалар музыкалық ойыншықтар мен әр түрлі саздық аспаптардың дыбыс шығару ерекшелігін ажыратуға, заттарды пішініне, түсіне, көлеміне қарай іріктеуге, әр түрлі қимылдарды орындауға үйренеді. Ауызша ойналатын дидактикалық ойындарда сұрақ, өтініш, келісімді білдіретін дауыс ырғақтарына еліктеу қабілеттері жетіледі. Ертегі немесе әңгіменің мазмұны бойынша бөлек-бөлек суреттерді пайдаланғанда оларды белгілі бір тәртіппен жинау үшін байқағыштық пен тапқырлық көрсетеді. Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған қимыл-қозғалыс ойындары санамақтар, өлеңдер, тақпақтар қолданылады. Бұндай ойындарда балалардың

ептілігі, қимылдың әдемілігі дамып қалыптасады, кеңістікті, уақытты бағдарлауға үйренеді, батылдық достық, жолдастық көмек, тәртіптілік, ойын ережесіне бағына білу сияқты адамгершілік сапалар тәрбиеленеді. Бала өмір құбылыстарына, адамдарға, жануарларға деген ынтасын, қоғамдық мәні бар іс-әрекетке деген құштарлығын ойын арқылы қанағаттандыратындықтан, ойынның қай түрі болсын балалардың сөйлеу тілінің дамуында маңызды рөл атқарады. Дидактикалық ойындар мүмкіндігі шектеулі балалардың ой өрісін дамытып, ойлау қабілетін арттырумен қатар үйретілген, өтілген тақырыптарды саналы берік меңгеруге үлкен әсер етеді. Ойындар балалардың шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдірумен қатар сөздік қорларын молайтып сауатты жазуға да баулиды [5].

Баланың өмірге қадам басардағы алғашқы қимыл-әрекеті – ойын, сондықтан да оның мәні ерекше. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Жас баланың өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады. Ойынды зерттеу мәселесімен тек психологтар мен педагогтар ғана емес, философтар, тарихшылар, этнографтар және өнер қайраткерлері мен бала тәрбиесін зерттейтін ғалымдар да шұғылданды. Көптеген балалар жазушылары бала ойынының психологиялық мәнін және ойынға тән ерекшеліктерді көркем бейнелер арқылы суреттегені де мәлім. Адам іс-әрекетінің ерекше бір түрі – ойынның пайда болуын зерттеушілердің біразы өз еңбектерінде өнер және ойын көркемдік іс-әрекеттің алғашқы қадамы деп түсіндіреді. Ойында шындықтың көрінісі, оның бейнелі сәулесі қылаң береді. Жалпы ойынға тән нәрсе өмірдің әртүрлі құбылыстары мен үлкендердің түрлі іс-әрекеттеріне еліктеу екені белгілі. Ойынның шартты түрдегі мақсаттары бар, ал сол мақсатқа жету жолындағы іс-әрекеттер бала үшін қызықты. Балаларға ақыл-ой, адамгершілік, дене шынықтыру және эстетикалық тәрбие берудің маңызды тетігі ойын арқылы беріледі. Ойын барысында балалар өзін еркін сезінеді. Сезіну, қабылдау, ойлау, қиялдау, сөйлеу, ерік арқылы түрлі психикалық түйсік пен сезім әлеміне сүңгиді. Сондықтан да арнайы педагогикада бала ойынына ерекше мән беріледі, өйткені ойын үстінде қалыптасатын балалық шақтың түйсігі мен әсері адамның көңіліне өмірбақи өшпестей із қалдырады. Бала ойын арқылы өзін толқытқан қуанышын немесе ренішін, асқақ арманын, мұрат-мүддесін бейнелесе, күні ертең сол арман қиялын өмірде жүзеге асыруға мүмкіндік алады. Сөйтіп бүгінгі ойын, бейнелі әрекет ертеңгі шындық ақиқатқа айналатын кезі аз емес [6].

Ойын мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының дамуына игі ықпал ететін жетекші, басты құбылыстың бірі деуге болады. Бала ойын арқылы өзінің күш-жігерін жаттықтырады, қоршаған орта мен құбылыстарды ақиқат сырын ұғынып, еңбек дағдысына үйрене бастайды. Былайша айтқанда, болашақ баланың тәрбие жолы, тәлімдік өнегесі ойыннан бастап өрбиді. Ойын мен еңбектің бір-біріне ұқсас сипаттары көп, сондықтан кейбір педагог-ғалымдар «жақсы ойын - жақсы жұмыс сияқты да, жаман ойын -

жаман жұмыс сияқты» деп қарап, бұлардың арасында айырма шамалы деген түйін жасайды. Өйткені, әрбір жас кезінде ойын тиісті дәрежеде ақыл мен қажыр-қайрат жұмсауды керек етеді. Белсенді іс-әрекет пен күш-жігер жұмсалмаған ойын, жақсы ойын болып табылмайды. Жақсы ойын да жақсы жұмыс та көңілді қуанышқа толтырып, рахатқа бөлейді. Демек, осы жағынан ойын мен жұмыстың ұқсастығы байқалады. Сол себептен де, баланың ойынында да белгілі дәрежеде тиісті жұмыстағыдай жауапкершілік болуға тиіс.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. «Білім шапағаты» Республикалық қоғамдық педагогикалық газет 2010.22.04,-89 бет.
2. Б.А.Шабанова «Логопедия негіздері», //Оқу құралы.-Павлодар,2011.- 155 бет.
3. Педагогикалық ұжым журналы,2012 жыл- 16 бет.
4. О.С.Ушакова Развитие речи дошкольников, // Москва-2011 М.: Изд-во Института Психотерапии. 2001. – 256 с.
5. Андреев Н.Д. Навыки и подязыки в устной речи // Теория и практика лингвистического описания. Горький, 1968.-144 с.
6. Базовкина Т.А. О некоторых приемах обучения детей связной речи // Под ред. Л.А.Пеньевской. - М., 1952. - С. 28-40.

Резюме:

В статье рассматриваются задачи цели и путь к организации дидактических игр.

Resume:

Objectives, goals and the way to organizing of the didactical games are considered in the article.

ӘОЖ 376-056.36

ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН БАЛАЛАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУЫН ОЙЫНДАР МЕН ЖАТТЫҒУЛАР АРҚЫЛЫ ДАМУЫ

Салтаков Досжан Тоқтарұлы - Абай атындағы ҚазҰПУ,
Магистратура және PhD докторантура институтының дефектология
мамандығының I курс магистранты
(Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы)

Dos_89_89_89@mail.ru

Аңдатпа. Бүгінгі таңда психикалық дамуы тежелген балалардың жағдайы ғалымдарды алаңдатып отыр. Бұндай балалардың өзін-өзі бағалауы нашар дамыған. Бұл мақалада психикалық дамуы тежелген балалардың өзін-өзі бағалауын ойындар мен жаттығулар арқылы дамыту

жайлы айтылады. Себебі психикалық дамуы тежелген балалардың өзін-өзі бағалауын психологиялық ойындар мен жаттығулар арқылы дамытуға болады. Мұндай ойындар психикалық дамуы тежелген балаларды мектепте де, үйде де үздіксіз тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Себебі қазіргі уақытта психикалық дамуы тежелген балалардың өзін-өзі бағалауын дамыту өте маңызды.

Кілт сөздер: психика, өзін-өзі бағалау, енжар, ойын, жаттығу

Аннотация. На сегодняшний день ситуация детей с задержкой психического развития тревожит ученых. У них очень слабо развита самооценка. В этой статье рассказано о развитии самооценки с помощью игр детей с задержкой психического развития. Потому что с помощью психологических игр и упражнений можно развивать самооценку детей с задержкой психического развития. Такие психологические игры упражнений дают возможность непрерывно воспитывать детей с задержкой психической развития и в школе и дома. Потому что развитие самооценки у детей с задержкой психического развития очень важно.

Ключевые слова: психика, самооценка, игра, безучастный, упражняться

Abstract. To date situation of children time-lagged psychical development disturbs scientists. For them a self-appraisal is very poorly developed. In this article saying about self-esteem developing of children, that have inhabited psyche, using games and exercises. Because by means of psychological games and exercise it is possible to develop a self-assessment of children with a delay of mental development. Such psychological games and exercises gives the chance to bring up bezpereryvno children with a delay mental development and at school and at home. Because development of a self-assessment in children with a delay of mental development is very important.

Keywords: mentality, self-assessment, game, indifferent, practice

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттеріне: білім бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау және жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы парасатты байыту» деп атап көрсеткен[1].

Осыған байланысты қоғам алдына оқушының жеке басын үйлесімді дамытуға бағыттайтын міндеттер қойылып отыр. Отанымыздың әрбір болашақ азаматын жан -жақты тәрбиелеп, білім беру арқылы дамыту ең жауапты іс. Жалпы білім беретін мектептерде жеке оқушылар бөлігінің үлгермеу мәселесі болып табылады. Осы мәселе бойынша атақты педагогтар, психологтар, дәрігерлер мен әлеуметтанушылардың назарын өзіне аудартқан. Ғалымдар бұндай балаларды ақыл-ойы кем емес деп қорытынды шығарған. Бүгінгі таңда жалпы орта білім беретін мектептерде үлгерімі төмен оқушылардың 50% психикалық дамуы тежелген /ПДТ/ балалардың құрайтындығы бүгінгі күні ғылыми түрде дәлелденіп отыр.

К.С. Лебединская., В.И. Лубовской, т.б.дефектологтар зерттеулерінде балалардың жас ерекшеліктері бірдей болғанымен, психикалық дамуы әртүрлі, яғни интеллектуалды қабілетінің жасына сәйкес келмейтіндігін ерекше атап көрсеткен [2].

Қазақстанда аталған балалар мәселесі әлі түбегейлі теориялық және практикалық тұрғыдан шешімін таба алмай келеді. Тек олар жалпы білім беретін мектептерде білім алып, оқуға үлгермейтін оқушылар қатарын толықтыруда. Психикалық дамуының негізгі бұзылыстары интеллектуалды даму деңгейі, яғни, зейіні, есте сақтауы, ойлауы, кеңістікті бағдарлауы төмен болып келеді. Психикалық дамуы тежелген балалардың сөздік қоры өз қатарлас қалыпты балаларға қарағанда 20-30% төмен деңгейде. Психикалық дамуы тежелген балалар тапсырмаларды орындау кезінде көп қиындықтарға тап болады. Бұл балалардың оқуға үлгермеушілігі 7-8 жастан айқын байқалады. Оның негізгі белгілері мыналар болып табылады: сабаққа белсенділігі байқалмайды, берілген тапсырмаларды үлкендердің көмегінсіз дұрыс орындай алмайды, өз қатарластарымен аз араласады, өз ойын анық жеткізіп айта алмайды, оқу мен жазу кезінде және математикалық есептер шешкенде көп қателер жібереді, тез шаршағыш, зейіні тұрақсыз болады өз-өзін төмен бағалайды, қоршаған ортаға өзін сенімсіз ұстайды, өз күшіне деген енжарлық басым. Психикалық дамуы тежелген балалар «Мен жаманмын», «Қабілетсізбін», «Мені бәрі жек көреді» деген сезіммен өмір сүреді. Ешқандай қызығушылығы жоқ. Өзіне-өзі қанағаттанбаушылық, сенімсіздік, көңілсіздікте жүреді. Ешқандай себепсіз ренжіп қалады. Адамдармен қарым-қатынасқа түсуі қиын. Айналасындағы адамдар бұндай балаларды түсінбейді. Олардың өзін-өзі бағалауын дамыту арқылы, өзіне деген сенімділікті арттырса, олар өздеріне сене алады. Бұндай балаларды үнемі сергітіп, мадақтап, мақтап отыру керек [3]. Психикалық дамуы тежелген балалардың өзін-өзі бағалауын дамытуда ойындармен жаттығулардың орны ерекше. Психикалық дамуы тежелген балаларда жетекші әрекеттерінің алмасуында айқын тежелулер байқалады. Психикалық дамуы тежелген балаларда мектепке дейінгі жаста сюжеттік-рөлдік ойындар ойнаған кезде анық байқалады. Сюжеттік ойындар ойнаған кезде балалар өз еріктерімен рөлдерді бөлісе алмайды, ойын кезіндегі ережелерді сақтай білмейді. Психикалық дамуы тежелген балалармен ойын ойнау арқылы балалардың өзін-өзі бағалауы дамып, біртіндеп оқу әрекетіне жақындай бастайды. Балалар ойын мазмұнынан балалар мектептегі қарым-қатынастар, мамандықтар туралы мағлұматтар, жарыс жағдаяттарындағы жеңіске жету жолдары, қарым-қатынасты бейнелейтін, ойындарға қызығушылықтары арта түседі. Жалпы ойын әрекеттері психикалық дамуы тежелген балалардың өзін-өзі бағалауын дамытып, эмоционалды, қимыл-қозғалыстық, қарым-қатынасқа түсуін қалыптастырып, өздерін барлық қырларынан көрсетуге шексіз мүмкіндік береді. Сондықтан психикалық дамуы тежелген балалардың өзін-өзі бағалауын дамытуда ойындардың орны ерекше. Психикалық дамуы тежелген балаларға психологиялық, педагогикалық тұрғыдан қарап, олармен дұрыс қарым-қатынас жасау

баланың өз күшіне деген сенімі, оқуға деген ынтасын жоғалтпауға, өзін-өзі бағалауының дамуына мүмкіндік береді. [4] Психикалық дамуы тежелген балалардың өзін-өзі бағалауын дамытуға арналған бірқатар психологиялық ойындар мен жаттығуларды ұсынып отырмыз.

«Мақтанишақтар» жаттығуы

Қатысушылар үлкен шеңбер жасай отырады, балаларға тапсырма беріледі. Әр бала топ алдында өзінің бір қасиетін, икемін, қабілетін, өзінің күшті жағы туралы – өзінің қандай қасиеттерін жақсы көреді және мақтан етеді-қолынан не келетінін айтып мақтанады.

«Мен саған сенемін» жаттығуы

Әуен ойнап тұрады. Жұп құрып, бір-бірінің көздеріне қарап отырады. «Мен саған сенемін ...» өйткені сен жақсы адамсың.

«Менің менім» жаттығуы

Үнемі болғым келеді

Бұдан да гөрі болғым келеді



«Мен кімін? Мен қандаймын?» жаттығуы

Жазбаша түрде үш сөйлемді жалғастыру керек. Мен ойлаймын, мен....., Басқалар мені..... деп ойлайды. Менің болғым келеді.

«Сілбі» (паутина) ойыны

Үлкен оралған жіпті мен бастап ұшын өзіме алып қалып, ораманы қарсы тұрған балаға өзім туралы қысқаша мәлімет айтып беремін. Ол бала өзі туралы айтып келесі балаға береді. Осылайша барлық балалар қамтылу керек. Сонда біз өрмекшінің сілбісін жасадық. Енді керісінше соңғы бала өзіне қай бала жіпті берді сол балаға ол туралы есіне сақтағанын айтып қайтарып береді. Осылай ша оралған жіп маған қайтып келу керек.

Сұрақтар: Ойын ұнады ма?

Несімен қызықты?

«Менің өмірім» жаттығуы

Мақсаты: Жеке тұлғаны өзінің күшті және әлсіз жақтары туралы айта білуге, жағымды және жағымсыз қасиеттері мен жеке ерекшеліктері туралы саналы ойқорытынды жасай білуге үйрету. Жасөспірімдер ортаға шығып, айналасындағы құрдастарының сұрақтарына жауап берді. Сұрақтар оның өмірі туралы, жағымды және жағымсыз қасиеттері туралы және т.б. мәселелерді қамтыды. Жасөспірімдер сұрақтарға шын ниетпен жауап беріп, өз мінез-құлықтарына өздері талдау жасады, өздерінің әлсіз жақтарын анықтады. Мынадай сұрақтар бойынша әңгіме қозғалады: «Сенің қандай жағымсыз және жағымды қасиеттерің бар?», «Сен не үшін ашуланасың?».

«Қандай мәселелер сені толғандырады?», т.б. Жеткіншектер қызығушылықпен қатынасып, өздерінің ғана емес, жолдастарының да жағымды және жағымсыз қасиеттерін біліп, салыстырып, олардан құтылу жолдарын бірігіп шешті.

«Мен өте жақсымын» жаттығуы

Мұғалім балалармен бірге бірнеше сөздерді қайталауды сұрайды. Мұғалім сөздерді түрлі сөздермен жеткізеді: сыбырлап, қатты, айғаймен. Барлық балалар сыбырлайды, дауыстайды, содан кейін «Мен өте жақсымын» деп айғайлайды.

«Менің қолымнан бәрі келеді» жаттығуы

Балалар бір-біріне доп лақтырып нені жақсы жасай алатынын айтады. Мысалы: «Мен жақсы ән айта аламын!», «Мен футболды жақсы ойнаймын!» және т.б.

«Мейірім» жаттығуы

Жақсы сөз жаныңды жадыратады. Адамдарға қуаныш сыйлайды. Ендеше өзгелерге де қуаныш сыйлап көрейік. Өзіңнің жақын туысқаның туралы қандай жақсы сөздер айтар едің. Дайындыққа 5 минут беріледі. Оқушылар өздері қалаған адамдары туралы айтады. Таңдаған адамының бойындағы қандай қасиетін бағалайтынын айтады. Мысалы: «Менің анам ақылды!», «Менің досым талантты!».

«Сыйқырлы сөз» ойыны

Мұғалім кез-келген өтінішті айтады, ал оқушы оны әдепті түрде айтуы керек. Мысалы: Айнаш, дәптерді бер. «Айнаш, өтінемін дәптерді берші ».

Қорыта келе біз бұл мақала мазмұнында психикалық дамуы тежелген балалардың өзін-өзі бағалауын дамытуға арналған ойындармен жаттығуларды атап көрсеттік. Себебі психикалық дамуы тежелген балалардың өзін-өзі бағалауын психологиялық ойындар мен жаттығулар арқылы дамытуға болады. Мұндай ойындар психикалық дамуы тежелген балаларды мектепте де, үйде де үздіксіз тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Біз болашақта Қазақстан Республикасын өркениетті, бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосамыз деп үміт етіп отырған халықпыз. Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясында: - «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі. Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет» деген болатын. Сондықтан сол елдердегі бар жетістіктер бізде де болуы керек, өйткені жаңа ХХІ ғасыр – бәсеке ғасыры [5].

Пайдаланған әдебиеттеріміз:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы 2007 ж.
2. Теменова Қ.С., Рымханова А.Р. «Арнайы психология» Алматы, 2011 ж.
3. Еділбаева М.Ү. «Қазіргі кезеңдегі оқушылардың өзін-өзі бағалауын қалыптастырудың педагогикалық шарттары» Қызылорда 2010 ж.
4. Байтемірова Қ.Б., Акижанова М.М., Орақбаева М.Қ., Нығметжанова Г.Қ. «Дефектология негіздері» Өскемен 2007 ж.

5. ҚР бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы. Қарағанды 2006.

Резюме:

В этой статье рассказано о развитии самооценки с помощью игр детей с задержкой психического развития. Потому что с помощью психологических игр и упражнений можно развивать самооценку детей с задержкой психического развития.

Summary:

In this article saying about self-esteem developing of children, that have inhabited psyche, using games and exercises . Because by means of psychological games and exercise it is possible to develop a of children with a delay of mental development.

БІЗДІҢ АВТОРЛАР. НАШИ АВТОРЫ

Абишева А.Ж. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы, Алматы қаласы

Альбекова Г.Ж. – Абай атындағы ұлттық педагогикалық университеті Магистратура және PhD докторантура институтының магистранты, Алматы қаласы

Акимбаева Ғ.Т. – Абай атындағы ұлттық педагогикалық университеті Магистратура және PhD докторантура институтының магистранты, Алматы қаласы

Амиржанова Н.С. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты, Алматы қаласы

Әмірбекова А.Б. - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты, Алматы қаласы

Байгутов К.А. – Абай атындағы ұлттық педагогикалық университеті Магистратура және PhD докторантура институтының магистранты, Алматы қаласы

Бидайбекова Г.М. – Абай атындағы ұлттық педагогикалық университеті Магистратура және PhD докторантура институтының магистранты, Алматы қаласы

Ғаббасова Ж.Т. – Абай атындағы ұлттық педагогикалық университеті Магистратура және PhD докторантура институтының магистранты, Алматы қаласы

Дукенова А.Д. – Абай атындағы ұлттық педагогикалық университеті Магистратура және PhD докторантура институтының магистранты, Алматы қаласы

Жабағиева Г.З. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің магистр-аға оқытушысы, Алматы қаласы

Жакупова Д.С. – Абай атындағы ұлттық педагогикалық университеті Магистратура және PhD докторантура институтының магистранты, Алматы қаласы

Кудабаева Э.Б. – Абай атындағы ұлттық педагогикалық университеті Магистратура және PhD докторантура институтының магистранты, Алматы қаласы

Курманалиев Н.Р. – – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Магистратура және PhD докторантура институтының магистранты, Алматы қаласы

Құрмашева Р.Ж. – Абай атындағы ұлттық педагогикалық университеті Магистратура және PhD докторантура институтының магистранты, Алматы қаласы

Лайық К.А. – Абай атындағы ұлттық педагогикалық университеті
Магистратура және PhD докторантура институтының магистранты, Алматы қаласы

Мырзияров С.Ж. – Абай атындағы ұлттық педагогикалық университеті
Магистратура және PhD докторантура институтының магистранты, Алматы қаласы

Наурызбай Нұр – Абай атындағы ұлттық педагогикалық университеті
Магистратура және PhD докторантура институтының магистранты, Алматы қаласы

Нұрғазиев Таңат – Абай атындағы ұлттық педагогикалық университеті
Магистратура және PhD докторантура институтының магистранты, Алматы қаласы

Сансызбай Э.Б. – Абай атындағы ұлттық педагогикалық университетінің
студенті, Алматы қаласы

Садвакасова Ж.К. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық
университетінің оқытушысы, Алматы қаласы

Салтаков Д.Т. – Абай атындағы ұлттық педагогикалық университеті
Магистратура және PhD докторантура институтының магистранты, Алматы қаласы

Тұрсынбай.Н.А. – Абай атындағы ұлттық педагогикалық университеті
Магистратура және PhD докторантура институтының магистранты, Алматы қаласы

Тезекбаева М.Қ. – Абай атындағы ұлттық педагогикалық университеті
Магистратура және PhD докторантура институтының магистранты, Алматы қаласы

Тюлепбердинова Г.А. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық
университетінің аға оқытушысы, физика-математика ғылымдарының
кандидаты, Алматы қаласы

Ұларбек Ш. – Абай атындағы ұлттық педагогикалық университеті
Магистратура және PhD докторантура институтының магистранты, Алматы қаласы

Чувашев Ю.Ю. – Абай атындағы ұлттық педагогикалық университеті
Магистратура және PhD докторантура институтының магистранты, Алматы қаласы

Шармұханбет С.Р. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті Магистратура және PhD докторантура институтының
Информатика, математика және білімді ақпараттандыру кафедрасының PhD
докторы, Алматы қаласы

ХАБАШЫ. ВЕСТНИК.
«Жас ғалым. Ізденістер. Мәселелер. Зерттеулер» сериясы
Серия «Молодой ученый. Поиски. Проблемы. Исследования»
№ 1, 2014

Хабаршы. «Жас ғалым. Ізденістер. Мәселелер. Зерттеулер» сериясы. – Алматы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, «Ұлағат» баспасы, - 2014. № 1. - 164 б.

Вестник. Серия «Молодой ученый. Поиски. Проблемы. Исследования». – Алматы, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, типография «Ұлағат», - 2014. № 1. – 164 с.